

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ

Қаңтар айы 2024 жыл | № 01 (51)

Білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық басылым

МББ аты: «БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналы

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы Бас редакторы: Нагиев И. Б.

Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

«БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналына жарияланған ақпараттардың
авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.

Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Журнал ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген.

Куәлік № KZ37VPY00015077. Нұр-Сұлтан қаласы. 19.09.2019 жыл

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Журнал «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2024 жыл Телефон: 8 777 055 0590

ЛИТЕРАТУРНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЕ

УМАРБАЕВА ГЮЛЬНАРА ОНГАРОВНА

Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Маңғыстау облысы Қаракия ауданы
"№ 5 жалпы білім беретін мектеп" КММ

Язык – удивительный дар человека, важнейшее средство общения, позволяющее понимать других и быть понятым. Содержание государственного образовательного стандарта по русскому языку ориентировано не столько на обучение орфографии и пунктуации, сколько на формирование языковой и духовной культуры школьников, умения думать, грамотно говорить и писать в разных условиях общения.

Литературное образование в современной школе –функциональное, формирующее, развивающее, дающее представление о русской литературе как национальном достоянии русского народа в контексте мировой художественной культуры. И поэтому все преподавание русского языка в казахской школе направлено не столько на обучение орфографии и пунктуации, сколько на формирование языковой и духовной культуры школьников, умения думать, грамотно говорить и писать в разных условиях общения. Жизнь побуждает нас признать, что решающим условием полноценного развития ученика оказывается не только определенный багаж знаний, но и умение эти знания добывать и применять. Это становится возможным в том случае, если ученик обладает навыками чтения (не только на родном языке).

Данный доклад посвящен особенностям проведения уроков чтения на русском языке в казахской школе на всех этапах обучения русскому языку. Основная цель, которой мы добиваемся на уроках литературного чтения, – овладение учащимися-казахами русской литературной устной речью. Современные подходы в обучении диктуют необходимость разработки методики обучения, направленной на развитие коммуникативных способностей.

Чтение является первым этапом ознакомления учащихся с произведением. Чтение ученика не может быть понятным, если он заменяет одни звуки другими, искажает слова, читает текст монотонно, сплошным потоком. Различные виды громкого чтения в классе, когда в целях закрепления произносительных навыков учитель предлагает учащимся повторное выборочное чтение абзаца, строфы, повторное произнесение трудных слов и фраз, можно рассматривать как тренировочные упражнения. Особое внимание на ранней стадии изучения литературных текстов следует уделить чтению про себя. Развитию навыков чтения содействует также чтение в лицах.

Литературное чтение в казахских школах базируется на одном из основных положений методики – от простого к сложному, от легкого к трудному, от знакомого к незнакомому. В практике нередки случаи, когда сложный и емкий процесс изучения литературнохудожественных произведений подменяется штудированием соответствующих страниц учебника. Что касается самого произведения, то оно не только не подвергается текстуальному анализу, но и вовсе не прочитывается школьниками – о содержании его они узнают из статей учебника.

Основная задача чтения на русском языке в казахской школе – воспитание культуры чтения на втором языке. Учащиеся казахских школ недостаточно подготовлены к самостоятельному чтению, потому основная нагрузка переносится на урок. Небольшие произведения – рассказы, стихи – лучше читать в классе целиком. При изучении крупных произведений значительная часть текста также должна быть прочитана в классе.

Нередко первичное чтение, то есть чтение до разбора текста, проводится дважды, причем с привлечением учеников. Необходимость прочтения текста во второй раз может быть выявлена с помощью двух-трех контрольных вопросов по содержанию прочитанного, беседы.

Если первичное восприятие художественного текста сводится к общей оценке произведения, к умению назвать главные черты характера персонажа на основании его поступков, то вторичное восприятие – предполагает работу над характеристикой образа-персонажа, обращение к приему сопоставления. К основным видам работ по развитию речи учащихся относятся: беседы, составление планов, монологическая и диалогическая речь, работы по картине и т. д.

Развитию монологической речи способствуют различные виды пересказа: подробный пересказ, краткий пересказ, выборочный пересказ, пересказ с изменением формы и другие. Пересказы, то есть связное изложение текста, могут быть устные и письменные. Развитию диалогической речи способствуют проведение специальных тематических разговорных уроков.

В опыте казахской школы оправдали себя следующие виды пересказа : подробный, или близкий по тексту; краткий, или сжатый; выборочный. Таким образом развитию речи учащихся-казахов способствует ряд работ (беседы, обучение монологической и диалогической речи, составление планов и т.д.). Значение средств наглядности на уроках русской литературы в казахской школе очень велико.

Главное же при выборе того или иного приема диктуется задачей - при изучении литературного произведения обеспечить эмоциональное восприятие этого произведения, привить учащимся любовь к русскому языку и русской литературе.

Современные подходы к развитию личности ребенка диктуют необходимость разработки методики обучения языку, направленной на развитие речевых, или коммуникативных, способностей, умения общаться с различными людьми в различных ситуациях, не испытывая при этом чувства дискомфорта.

Распространение в методике коммуникативного направления привело к появлению текстоориентированного подхода в обучении русскому языку, который предполагает использование текста как основной дидактической единицы обучения, поскольку именно текст, представляющий собой продукт речевой деятельности человека, выступает и в качестве цели, и в качестве результата этой деятельности.

Новые стандарты декларируют как основной приоритет образования формирования у школьников общеучебных умений и навыков, а также способов деятельности, а не только освоение учащимися конкретных знаний в рамках отдельных дисциплин.

Наиболее эффективным является комплексное обучение речи, при котором умения воспринимать устную и письменную речь (аудирование и чтение) формируются в сочетании с умениями строить устное и письменное высказывание (говорение и письмо). В каждом виде речевой деятельности формируются умения, общие для всех видов. Конечная цель обучения русскому языку - это практическая грамотность, речевая и языковая компетентность учащихся. Соединить деятельность школьников по выработке практических навыков грамотного письма и речевого развития позволяет работа с текстом, как основной дидактической единицей.

Тексты окружают современного человека на каждом шагу: реклама, доклад на собрании, статья в газете или интернете, SMS-сообщение, заявление о приеме на работу, школьное сочинение и прочее. Умение понимать и создавать текст формируется прежде всего на уроках русского языка и литературы.

Современная жизнь требует от ученика свободного владения языком. Поэтому формирование умений связно изложить мысли в устной и письменной форме, анализировать и совершенствовать написанное, умение грамотно высказать мнение по обсуждаемому вопросу — одно из самых важных направлений в развитии речемышлительной деятельности учащихся.

Актуальность данной темы определяется потребностью совершенствования гуманитарного образования, особой ролью филологических наук в воспитании личности; основное внимание уделяется формированию языковой, лингвистической, коммуникативной компетенции учащихся.

В основе обучения лежит компетентностный подход, связанный с формированием ключевых компетентностей, одной из которых является коммуникативная компетенция. Коммуникативная компетенция включает знание необходимых языков, способов взаимодействия с окружающими людьми и событиями, навыки работы в группе, владение различными социальными ролями в коллективе. Ученик должен уметь представить себя, написать письмо, анкету, заявление, задать вопрос, вести дискуссию.

Языковая компетенция предполагает знание самого языка, его устройства и функционирования, языковых норм, в том числе орфографических и пунктуационных.

Именно языковая и коммуникативная компетенции способствуют формированию умений и навыков речевого общения. А для этого необходимо создавать на каждом уроке условия речевого общения. Речевая деятельность формируется во всех её видах: чтении, говорении, письме, аудировании. «Обучать общению, общаясь» — без этих условий нет урока.

Сегодня, как отмечают и специалисты, и общественность, речевая культура находится на низком уровне, отмечается бурная либерализация норм литературного языка, активно в лексику его носителей проникают профессиональный сленг, жаргон, поэтому в образовательном стандарте по русскому языку усилен аспект культуры речи. Известно, что практическая направленность каждого урока является важным условием обучения русскому языку, но диапазон работы по формированию коммуникативной компетенции учащихся в практике гораздо шире. Уроки должны быть организованы так, чтобы помогали раскрывать собственное «я» учащегося.

Как показывает практика, учащиеся, хорошо знающие русскую орфографию и пунктуацию, часто оказываются неинтересными собеседниками; не могут продемонстрировать умение завязать знакомство, поддержать беседу; испытывают страх перед предстоящим деловым телефонным разговором. Такие учащиеся, как правило, отвергают экзамен в форме собеседования, предпочитая ему традиционную форму испытания в виде ответа на вопросы билета; избегают участия в мероприятиях, предполагающих диалоги, дискуссии.

Вопросу формирования коммуникативной компетенции следует уделить особое внимание в тех случаях, когда речь идёт о старшеклассниках. Совсем скоро им придётся организовывать свою речевую деятельность в самых различных ситуациях, очень отличающихся от тех, которые предлагались в школе. Этому есть объективное объяснение. Общение играет важную роль в современном мире.

В моей педагогической деятельности возникла проблема: противоречие между общим снижением уровня культуры речи учащихся, их интеллектуального уровня и требованием общества – развитие языковой личности, способной анализировать информацию, содержащуюся в тексте, создавать собственное речевое высказывание и применять результаты интеллектуальной деятельности на практике.

Современные стандарты образования выдвигают новые требования к преподаванию русского языка в школе.

Как развивать речь и мышление учащихся? Как сформировать интеллектуально и творчески развитую личность, обладающую коммуникативными навыками?

Наиболее эффективной формой в данном направлении я считаю работу с текстом на уроках русского языка как одно из условий развития творческого потенциала учащихся, пополнения их словарного запаса, улучшения качества речи.

Текст – это основа создания на уроках русского языка развивающей речевой среды. Именно текст – основной компонент структуры учебника по русскому языку, именно через текст реализуются все цели обучения в их комплексе: коммуникативная, образовательная, развивающая, воспитательная.

Теоретическая основа опыта «Работа с текстом на уроках русского языка как средство формирования коммуникативной компетенции учащихся» основывается на положениях ученых-лингвистов, методистов-исследователей, учителей-практиков. Так через все труды Ф.И.Буслаева проходит мысль о тесной связи языка и жизни народа, его духовной культуры.

И.И.Срезневский считал, что цель изучения родного языка – не счастливые ответы на каком-нибудь экзамене, а овладение им (языком) в должной мере для жизни внутренней и вместе с тем внешней, без которой и сама внутренняя жизнь – вообще говоря – невозможна.

Научные идеи Л.П.Федоренко посвящены изучению роли речевой среды и способов ее формирования на уроках русского языка, именно ей принадлежит мысль об использовании текста как основы создания на уроках речевой среды. Продолжение работы по данному направлению мы находим у профессора А.Д. Дейкиной и Т.М. Пахновой (профессора кафедры методики преподавания русского языка МГПУ).

Нужно согласиться с мнением А.Д. Дейкиной, что «новые аспекты преподавания во многом определяются тем, как используется русский язык в современном социуме» и что «язык формирует духовно-ориентированное мышление, способствующее творческой самореализации личности».

В своей работе использую синтез классической методической традиции и современных новаций: в первую очередь, рекомендации Т.М.Пахновой и методику поэтапного формирования умственных действий П.Я.Гальперина. Согласно теории, мотивация работы с текстом заключается в вопросах к содержанию текста.

На следующем этапе, ориентировании, необходимо привлечение опорных материалов (схем, памяток, планов, конспектов) для того, чтобы выполнить поисковую задачу в работе с текстом. Затем исполнение операции: анализ текстов, обобщение речеведческих навыков, синтез, моделирование, итоговое уточнение языковых понятий, оценка. На последнем этапе, самооценке, новое знание и умение включается в систему ранее познанного.

В ведущих дидактических теориях говорится также о формировании коммуникативной компетентности. Интересный подход к данной проблеме мы находим в работах методистов Д.И.Иванова, К.П.Митрофанова, О.В.Соколовой. Главной идеей этих работ становится мысль о том, что работа над коммуникативными навыками возможна на уроках. В основу опыта положены также идеи ученого-методиста Л.С.Выготского (деятельностный подход к обучению).

Разработка проблемы формирования и развития ключевых компетенций осуществляется В.А. Болотовым, Г.В. Селевко. Т.А. Ладыженская, М.М.Разумовская разработали систему обучения связной речи на основе коммуникативных умений, их исследования легли в основу действующих программ по русскому языку.

Таким образом, текстоцентрический подход – необходимое условие достижения нового качества образования, главным содержанием которого является формирование у учащихся ключевых компетенций.

Большое место на уроках русского языка занимает работа с текстом, прежде всего имеющим воспитывающе-познавательный характер, воздействующим на нравственно-этические качества личности школьника, совершенствующим его знание об окружающем мире, человеческих отношениях. Главное в работе с текстом – сосредоточить внимание учащихся не только на орфографии и пунктуации, но и на содержании текста как коммуникативно-познавательной единицы.

Текст - основа для создания на уроках развивающей речевой среды, средство духовнонравственного становления личности, поэтому особое внимание -публицистическим и художественным текстам или отрывкам из них; это тексты о языке, культуре, национальных традициях, проблемах экологии.

Применение текстов большого объема на уроках представляется затруднительным из-за их малой мобильности и значительных временных затрат. Именно поэтому тексты малой формы становятся необходимым дидактическим средством оптимизации обучения, позволяют построить образовательный процесс как процесс продуктивный, творческий, личностноориентированный, направленный на развитие детской креативности. Работа по развитию творческих способностей учащихся на уроках русского языка при использовании в качестве основной дидактической единицы текста малой формы дает высокие результаты, если основывается на коммуникативно-деятельностном подходе, проводится во взаимосвязи со всеми видами речевой деятельности, строится с опорой на закономерности усвоения родной речи и в соответствии с принципами речевого развития, а также базируется на использовании специально подобранного дидактического материала и системы творческих упражнений.

Основной прием работы с текстом – его анализ. Ведущая педагогическая идея – это использование текста как основы создания на уроках русского языка развивающей речевой среды, обеспечивающей воспитание общечеловеческих ценностей, реализацию практической направленности обучения. Через текст ученик усваивает знания и ценности, духовную культуру своего народа, уточняет нравственные и эстетические позиции. На уроках русского языка работа с текстом ведется по трем направлениям: во-первых, изучение системы языка на основе заданий к текстам; во-вторых, развитие речи при анализе текстов-образцов, при создании учащимися собственных высказываний в письменной форме с их последующей редакцией на специальных уроках развития речи и, в-третьих, это осуществление контроля знаний, умений и навыков.

САТЫБАЛДЫ ӘЛИЯ ЖУМАБАЙҚЫЗЫ

Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбарсу ауылы
«Мұхаметқұл Исламқұлов атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

Білім беру ұйымының атауы	Түркістан облысы Ордабасы ауданы Шұбарсу ауылы “Мұхаметқұл Исламқұлов атындағы жалпы білім беретін мектеп” коммуналдық мемлекеттік мекемесі		
Пәні:	Әдебиеттік оқу		
Бөлім:	Өнер		
Педагогтің аты-жөні:	Сатыбалды Әлия Жумабайқызы		
Күні:	9.01.2024		
Сабақтың тақырыбы:	50. Өнер алды- қызыл тіл. «Бала – бауыр етің» <i>Қаздауысты Қазыбек.</i>		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	3.1.5.1 өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу 3.2.2.1 қолдануға (практикалық), бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру 3.3.1.1 мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру		
Сабақтың мақсаты	Өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізкізеді, Қолдануға (практикалық), бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап береді; Мұғалім көмегімен оқылған шығарманы логикалық бөліктерге бөліп, әр бөлікке ат қойып, жоспар құрастырады;		
	Сабақтың барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау
Сабақтың басы	I. Ұйымдастыру. Сәлемдесу. Психологиялық дайындық Күн жарығын алақанға саламын Жүрегіме басып ұстай қаламын Ізгі, әрі нәзік, жарық мейірімді Болып кетер сонда менің жан-жағым!	1. Мұғаліммен сәлемдеседі. 2. Өлең шумағын мәнерлеп айтады.	Жарайсыңдар!
	II. Үй тапсырмасын сұрау. Мәтінді түсініп оқиды. 6-тапсырма. Төле бидің нақыл сөздерін жаттап ал. Өткен сабақты пысықтау. Кубизм әдісі 1. "Қарлығаш би" атанған би? 2. Төле би қай жерде дүниеге келген? 3. Төле бидің көшпей қалуының сыры неде?	Мәтіннен түсінгенін және нақыл сөздерді жатқа айтады. Сұрақтарға жауап береді.	Ауызша мадақтау Дескриптор: 1. Мәтіннен түсінгенін айтады. 2. Нақыл сөздерді жатқа айтады.

Сабақтың ортасы Білу.	Оқушыларды оқу мақсаты және бағалау критерийімен таныстырамын. III. Жаңа тақырып. Білу және түсіну Оқулықпен жұмыс. 1-тапсырма. Нақыл сөзді түсініп оқы. Тіл сөзін сөз деп қайталап оқы. Өз ойыңды айт. Ең тәтті де – тіл, Ең ащы да – тіл. Ең қатты да – тіл, Ең жұмсақ та – тіл. 2-тапсырма. Мәтінді тыңда.  Қаздауысты Қазыбек би – қазақтың үш биінің бірі. Ол Сыр бойын-да дүниеге келген. Жасынан шешендігімен, ойлы да әділдігімен, батыл да батырлығымен көзге түскен. Халық «Қазыбек қазып айтады» деп құрметтеген. 3-тапсырма. Аңызды түсініп оқы. Бала – бауыр етің 4-тапсырма. Қазыбек биге келген екі ананың сөзін салыстыра сипаттап жаз.  Бірінші ананың соңғы сөзі - Ойбай, биеке - ай! Қайда жүрсе де, тірі болсын, шаба көрмеңіз! Екінші ананың соңғы сөзі - Біреуге тірі бергенше, жартысы болса да өзіме қалсын. Бөлсең, бөл! Екеуіне ортақ сипат - ана. Сергіту сәті <i>Орнымыздан тұрамыз, Мойнымызды бұрамыз.</i> <i>Қолымызды көтеріп, Саусақты ашып- жұмамыз. Онан соң төмен түсіріп, Алақанды соғамыз. Иықты артқа ысырып, Басты төмен саламыз. Жаттығу жасап осылай, Үлкен болып ертең шығамыз.</i> 5-тапсырма. Қазыбек бидің шешіміне өз көзқарастарыңды білдіріңдер.	Нақыл сөзді түсініп оқиды және тіл сөзін сөз деп қайталап оқып, өз ойын айтады. Мәтінді тыңдайды. Аңызды түсініп оқиды. Қазыбек биге келген екі ананың сөзін салыстыра сипаттап жазады. Сергіту сәтін іс-қимылмен көрсетеді. Қазыбек бидің шешіміне өз көзқарастарын білдіреді. Жауаптарын үлгіге сүйене отырып дәлелдейді. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын айтады.	ҚБ:Жарайсың! Өте жақсы! Дұрыс! Талпын! Дескриптор 1. Нақыл сөзді түсініп оқиды және тіл сөзін сөз деп қайталап оқып, өз ойын айтады. Дескриптор: 1. Мәтінді тыңдайды. Дескриптор: 1. Аңызды түсініп оқиды. Дескриптор: 1. Қазыбек биге келген екі ананың сөзін салыстыра сипаттап жазады. Дескриптор: 1. Қазыбек бидің шешіміне өз көзқарастарын білдіреді. 2. Жауаптарын үлгіге сүйене отырып дәлелдейді. ҚБ:Жарайсың! Өте жақсы! Дұрыс!
--	--	--	--

	Жауаптарыңды үлгіге сүйене отырып дәлелдеңдер. Меніңше, Менің ойымша, Қазыбек би әділ қазы деп ойлаймын емес Менің ойымша Қазыбек би әділ қазы деп ойлаймын. Өйткені ол - әділ, адал, шыншыл адам. Себебі, әрқашан әділ шешім қабылдайды. ЕБҚ 1. Қазыбек би "Екеуіңе баланы қақ бөліп берейін" деп неліктен айтты? 2. Қазыбек бидің орнында болсаң қандай шешім шығарар едің? 7-тапсырма. Осы шешендік сөздегі жақын сөзінің орнына жақсы, ыстық сөздерін қойып оқы. Өзің де Қазыбек бише толғап, шешендік сөз құрастырып көр. <table><tr><td>Не жақсы?</td><td>Не ыстық?</td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table> Адал болса - досың жақсы, Еркелейтін - немерең ыстық. Не жақсы? - мінезі жақсы. Не ыстық? - туған жер.	Не жақсы?	Не ыстық?			Осы шешендік сөздегі жақын сөзінің орнына жақсы, ыстық сөздерін қойып оқиды және өзі де Қазыбек бише толғап, шешендік сөз құрастырып көреді.	Талпын! Дескриптор: 1. Осы шешендік сөздегі жақын сөзінің орнына жақсы, ыстық сөздерін қойып оқиды. 2. Өзі де Қазыбек бише толғап, шешендік сөз құрастырып көреді.
Не жақсы?	Не ыстық?						
Сабақтың соңы	IV.Сабақты қорытындылау 1. Қаздауысты Қазыбек биді халық қалай атады? 2. Қазыбек бидің шешіміне көзқарастарың қандай? 3. Қазыбек би қай жерде дүниеге келген? 3.Тапқырлыққа үйрету үшін (оқу мақсаты мен бағалау критерийлеріне оралу): -Бүгінгі оқу мақсаты қандай болды? -Жетістік критерийлеріне жеттік пе? Үй тапсырма . Мәтінді түсініп оқиды. 6-тапсырма. Қазыбек бидің шешендік сөзін оқып, жатқа айт. Оқушылардың білімін бағалау Рефлексия БББ кестесі	Сұрақтарға жауап береді. Үй тапсырмасын жазады. Өздері кері байланыс жасайды.	Сұрақтарға жауап береді. Балдар жиынтығын қою				

МӘТІНДІ ТЫҢДАП-ТҮСІНУГЕ ҮЙРЕТУ

**"Атырау облысы Білім беру басқармасының
Атырау қаласы білім бөлімінің "Жалпы білім беретін Береке орта мектебі" КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Кабышева Айсулу Рашиmqызы**

Бүгінгі мектеп өміріндегі ең өзекті мәселелердің бірі – оқушылардың көркем шығармаларды оқуы. Психологтардың зерттеулеріне сүйенсек, бүгінгі оқушылар көбіне үлкен кітаптың алдында қорқыныш сезімдерін білдіреді.

Балалар көркем мәтінді оқи алмайды, өкінішке қарай, дұрыс оқуға үйретілмеген. Қазіргі мектептегі талдау балалардың көркем шығарманы оқуға деген не дағдысын, не ынтасын арттырмайды.

Көркем шығарманың бүкіл компоненттерінен мазмұн шығара алатын оқушыны тәрбиелеу мәселесіне келейік. Егер сабақта оқытудың заты көркем мәтін мен көркем әлем болатын болса, онда айтарлықтай нәтижеге жету мүмкіндігі туады.

Көздеген нәтижеге жете алмасаң, іс-әрекетінді өзгерт деген бар.

Көркем мәтін арқылы көркем әлемге. Бұл әдістеменің құндылығы таусылмайтын түсінік пен көптеген мағынаны жеткізіп тұруында.

Бұл – оқушыларға шығармашылық жұмысқа жағдай жасайды, яғни, оның мәтінмен және авторымен қарым-қатынасын белгісіздікке жол шегу дегенмен теңеуге болады. Оқырман болу үшін, адам көп еңбектенуі тиіс, бұл еңбектен ешқандай таңғажайып босата алмайды.

Оқырман еңбегі, ұғынықты болуы тиіс. Ол үшін теориялық білім қажет, бұл жерде – көркем мәтіннің, көркем әлемнің және олардың құрамдас бөліктерінің: көркем кеңістіктің, көркем шақ, оқиғалардың шеңбері, көркем әлем бейнелері қатарының, көркем антропологиясының теориясы.

Осы білім оқушылардың кітаппен қарым-қатынасындағы көргендік қабелетін кеңейтеді. Практикалық қызметте көркем мәтін мен көркем әлем теориясын пайдалану мұғалімнің өз білімін, әдістемесін ең бастысы дүниетанымын көтеруді:

оқушылармен бірге өнер туындысымен сұхбаттасу дәрежесінде бола білуді,

белгісіздікке апарар жол жағдайында оқушыны ғана емес, мұғалімді де байытатын бірлесе ойласу жағдайында бола білуді талап етеді.

Көркем мәтінмен жұмыс барысындағы автордың көркем әлемін ұғыну кезінде біз көркем кеңістік, көркем шақ, көркем антропология, бейнелер қатары, оқиғалардың шеңберін модельдей аламыз.

Ауызша сөз негізгі екі сыңардан тұрады: оның бірі ауызша айтылған сөзді тыңдап-түсіну (орысша аудирование,) екіншісі — сөйлеу.

Ауызша сөздің бұл екі компоненті бір-бірімен тығыз байланыстылығы сондай, көбі бұларды бір-бірінен ажыратпайды. Олардың көзқарасы бойынша, ауызша сөзді игеру үшін сөйлей білсе жеткілікті.

Ал ауызша айтылған сөзді тыңдап-түсіну — сөйлеудің серігі.

Сөйлей білген адамға тыңдап-түсінуге арнайы дағдыланудың қажеті жоқ, Ол дағдылар өз-өзінен қалыптасады. Басты дағды — сөйлеу дағдысы. Олай болса, бір тілде сөйлей білген адам сол тілде айтылған ауызша сөзді тыңдап-түсіне алады. Міне, көпшілік әдіскерлердің пікірі бойынша, тыңдап-түсіну дағдыларының күні бүгінге дейін тиісті мөлшерде дамытылмай келуінің бір себебі осында.

Мұндай көзқарастың қате екенін психологиялық зерттеулер дәлелдеп беріп отыр.

Психологиялық зерттеулер бұл екі әрекет (тыңдап-түсіну және сөйлеу) бір-бірімен тығыз байланысты болғанымен, олардың әрқайсысы мүлде басқа іскерліктер негізінде қалыптасатынын көрсетіп берді. Сөйлеуші де, тыңдаушы да тілді қолдана отырып, қатынас жасайды. Бірақ олардың әрқайсысы тілді әр түрлі жолмен қолданады. Сөйлеу үстінде адам белгілі бір ойдан шығады, яғни әуелі сөйлеушінің санасында белгілі бір ой туады да, ол сол ойды басқаларға жеткізу үшін тілдік форманы пайдаланады. Демек сөйлеу процесінде сөздің мазмұны алдын ала берілген, сол мазмұнды сөйлеуші тілдік форма арқылы өзгелерге жеткізеді.

Іс-әрекет бағыты: мазмұннан тілдік формаға қарай. Тыңдау процесінде іс-әрекет бағыты; мүлде басқа. Мұнда тыңдаушыға әуелі берілгені — тілдік форма. Соны қабылдау арқылы тыңдаушы тілдік формада кодталған мазмұнды ашады. Мұндағы іс-әрекет бағыты: тілдік формадан мазмұнға қарай. Ауызша сөздің бұл екі компонентін бір-бірінен ажыратудың маңызы өте зор.

Бұлар сөз әрекетінің әр түрлі формаларына жатады: сөйлеу экспрессивтік формаға жатса, тыңдау импрессиивтік формаға жатады.

Жалпы алғанда-ауызша сөзді қабылдау барысында тану акустикалық белгілерді талдау- жинақтау тәсілімен өңдеуге, анықталған белгілерді есте сақтаулы тұрған бейнемен салыстыруға және оларға мән беруге саяды.

Қабылдау бірлігі жеке, сөздермен тікелей байланысты.

Ал жеке сөздерді қабылдау үшін оқушылардың санасында фонематикалық есту қабілетін қалыптастыру керек. Фонематикалық есту қабілеті, дегеніміз — сөздегі дыбыстарды ажырату және оларды тиісті фонемалармен ұштастыру. Ал қабылдау бірлігіндегі фразаны оған кіретін сөздерді талдап, сосын оларды жинақтау арқылы емес, информативтік белгілерді тану арқылы түсінеміз. Фразаны түсіну үшін ең басты информативтік белгі интонация. Сондықтан оқушылардың санасында фонематикалық есту қабілетімен қатар интонациялық есту қабілетін де қалыптастыру керек. Интонациялық есту қабілеті сөйлемдердің коммуникативтік типтерін (хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлем) ажыратуға, фраза бөлшектерінің байланысын анықтауға, сөйтіп оның мазмұнын түсінуге көмектеседі.

Естігенін түсінуді жеңілдетуде көру анализаторының, көмегі мынада: егер тыңдаушы тыңдап отырған мәтінінің (текстің) жазбаша нұсқасын

көріп отырса, онда ол естігенін әлдеқайда жеңіл түсінеді. Бұдан тыңдап- түсінудің оқумен тығыз байланысы көрінеді. Оның үстіне тыңдап-түсіну мен оқу сөз әрекетінің импресивтік түріне жатады. Яғни, екеуі де сөзді қабылдап, оны түсіну болып табылады. Тек тыңдап-түсінуде ауызша айтылған сөзді қабылдап, түсіну керек болса, оқуда жазбаша сөзді қабылдап, түсіну керек. Сонымен тыңдап түсіну сөйлеумен де, оқумен де, жазумен де байланысты.

МИР В МОЕМ СЕРДЦЕ

Түркістан облысы Түркістан қаласы
“М.Пошанов атындағы №21 жалпы білім беретін мектеп”КММ
Орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі
Ауелбекова Гулнур Койшыбаевна

Раздел			
ФИО педагога	Г.Ауелбекова		
Дата			
Класс: 4	Количество присутствующих:	отсутствующих:	
Тема урока	Мир в моем сердце		
Цели обучения, которые достигаются на данном уроке (ссылка на учебную программу)	4.3.1.1 читать текст, используя виды чтения (ознакомительное чтение, выборочное чтение, чтение по ролям) 4.2.7.1 соблюдать правила постановки ударения		
Цель урока	понимать содержание прочитанного текста и отвечать на простые вопросы составлять предложения по данным вопросам читать текст по ролям дополнять текст новыми словами находить информацию в интернете и перефразировать ее		

Критерии успеха	Умеют выразительно читать текст, содержащем незнакомые слова. Знают части речи и их вопросы. Применяют в письменной и устной речи конструкции из имен местоимений, наречий.			
Ход урока				
Этапы урока	Деятельность учителя	Деятельность обучающихся	Оценивание	Ресурсы
	1. Организационный момент. Эмоциональный настрой. Перед вами лежат голубки. Голубь - символ мира. Давайте вместе с вами ребята напишем добрые пожелания нашей Родине и отпустим голубей в чистое мирное небо (учащиеся пишут пожелания и клеят голубей на доску) «Тайный агент». В коробочке лежат стикеры с именами учащихся, каждый ученик должен выбрать стикеры и в течении урока на листе оценивания оценивают деятельность этого учащегося Деление на группы Стратегия «Бельевая веревка» Доброта Вежливость 2. Актуализация знаний. Просмотр короткометражного фильма о добром отношении О чем этот короткометражный фильм, ребята? О доброте, о добром отношении к людям. Что добро всегда побеждает. Значит тема нашего сегодняшнего дня «Мир в моем сердце» Давайте ознакомимся с целями нашего урока: 4.3.1.1 читать текст, используя виды чтения (ознакомительное чтение, выборочное чтение, чтение по ролям) 4.2.7.1 соблюдать правила постановки ударения Тренинг психолога	Дети пишут пожелания на голубках и клеят на доску. Учащиеся выбирают учащегося для взаимооценивания Учащиеся делятся на группы Учащиеся просматривают короткометражный фильм, определяют тему урока и знакомятся с целями урока.	Стратегия «Тайный агент» ФО	Психологический настрой. Приём «Голубь» Презентация, интерактивная доска, компьютер, учебный материал Вербка, пришивки, раздаточные материалы
Изучение нового материала	3. Изучение нового материала. Прочитайте по ролям. Какие люди живут в этом городе? Однажды один человек сидел у	Учащиеся читают по ролям текст и выполняют	Самооценивание «Тайный агент»	Учебный материал

	входа в город. К нему подошёл юноша и спросил: – Я ни разу не был в этом городе. Какие люди живут в этом городе? Старик спросил: – А какие люди были в твоём городе? – Злые и жадные. – Таких же людей ты здесь и встретишь. Потом пришёл другой человек и задал тот же вопрос. Старик снова спросил: – А какие люди живут в твоём городе? – Добрые и гостеприимные. – Ты найдёшь таких же и здесь. Один человек слышал оба диалога и спросил старика: – Почему ты даёшь разный ответ на один и тот же вопрос? Старик ответил: – Каждый находит то, что умеет искать. Индивидуальная работа Задания и вопросы ✓ Назови главную мысль притчи. Групповая работа Защита на постере Группа «Доброта»-1 герой Группа «Вежливость»-2 герой Письменно перечисли качества героев притчи (первого и второго человека). Коротко перескажите вопросы, которые задавали старику люди, и его ответы им. Физминутка 4.Освоение изученного материала Работа с учебным материалом • Орфоэпическая разминка. Спиши слова. Поставь знак ударения. Запомни, как произносятся эти слова. Начал, началА, принял, приняла, баловал 2.Упр 4,стр 31 Составь предложения по вопросам Читаю, о, рассказы, я, друзьях. кто? что делаю? что? о ком? Мы, в, живём, классе, дружно,	задания по тексту Учащиеся находят главную мысль и выборочно высказывают свою мысль Учащиеся на постере рисуют героя и перечисляют качества этого героя. Учащиеся выполняют задания по учебному материалу Учащиеся выполняют задание на платформе Wordwall Учащиеся высказывают свои мнения по заданной ситуации	Критерий оценивания: - внимательно читают текст по ролям; Дескрипторы: -определяют главную мысль текста; - перечисляют качества героев; - комментируют некоторые моменты из текста; Взаимооценивание «Тайный агент» Критерий оценивания: -правильно расставляют слова; Дескрипторы: -составляют предложения по вопросам; Взаимооценивание «Тайный агент» Критерий оценивания: -правильно подобрать	А4, фломастеры Учебный материал Учебная платформа Раздаточные материалы
--	--	--	--	---

	мірні, и, нәшем. кто? что дѣлаем? где? какѡм? как? 3.Работа с интернет-платформой Wordwall 5.Закрепление изученного материала Группа «Доброта» Ситуация 1: Мама каждый день говорит Наташе: — Доченька, как только закончатся занятия в школе, сразу иди домой, мне нужна помощь на огороде. — Мама, но ребята из класса хотят, чтобы после уроков мы вместе немножко поиграли, — отвечает Наташа. — Тебе некогда играть, тебе нужно спешить домой, — говорит мать. Что вы посоветуете? (Наташе и маме.) Группа «Вежливость» Ситуация 2: Саша с мамой пошли в магазин. Мама делала покупки, а Саша смотрел на выставленные в витрине шоколадные конфеты. Ему очень захотелось шоколадного Деда Мороза. — Мама, купи мне Деда Мороза. — Не могу, сынок, осталось мало денег. — Какая же ты недобрая, мама, — сказал Саша и очень сильно обиделся. Как вы оцените поступки мамы и Саши? Что теперь нужно сделать Саше?		нужные глаголы; Дескрипторы: -правильно формулируют предложения; - расставляют пропущенные глаголы; Взаимооценивание «Тайный агент» Критерий оценивания: -уметь правильно рассуждать; Дескрипторы: - демонстрируют умение правильно рассуждать на ситуативные вопросы; -излагают свои мысли;	
Подведение итогов урока (5 мин)	Рефлексия «Умная сова» Сова, которая хорошо усвоил (а) урок садится на самую верхушку дерева Сова, которой все еще надо дополнит свои знания садится в середине дерева Сова, которой было трудно усвоить урок садится на самый низ дерева Д/з: Упр.2.стр.30	Ученики показывают умение обосновывать свое понимание		Наглядные материалы для рефлексии

ОҚУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ АЙМАҒЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МІНДЕТТЕРДІҢ ШЕШІЛУІ

Түркістан облысы Түркістан қаласы
“М.Пошанов атындағы №21 жалпы білім беретін мектеп” КММ
Директордың бастауыш сынып бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары
Алибаева Фарида Хуриятовна

Қазіргі уақыттағы технологиялар екі үлкен түрге жіктеледі: өздерінің мақсаттық бағдарына қарай тармақталып, бөлінетін өндірістік, өнеркәсіптік және әлеуметтік-тұлғалық. Өндірістік технологиялар алдын-ала берілген параметрлі материалды өңдеумен және өндіріспен байланысты. Ал әлеуметтік-тұлғалық технологияның объектісі адам болып табылады.

Қазіргі уақытта айқындық үшін макротехнологиялар мен микротехнологияларды бөліп қарастырады. Макротехнологияға көптеген авторлар педагогикалық үрдіс стратегиясы мен дамуын анықтайтын, ұжымдық шығармашылық іс-әрекет, ынтымақтастық, дамыта оқыту, тұтас педагогикалық процесті жүзеге асыру технологияларын, т.б. жатқызады. Микротехнологияларға педагогикалық әрекеттестік тактикасы, нақты тәсілдері ретінде қарастырылатын ойын технологияларын, пресс-конференция, диспут т.б. ұйымдастыру технологияларын жатқызады.

Педагогикалық технология – бұл педагогикалық әрекеттер табысына кепіл болардай қатқыл ғылыми жоба. Әрі сол жобаның дәл жаңғырып іске асуы. Педагогикалық технология кешенді процесс. Ол өз құрамына адамдарды, идеяларды, құрал-жабдықтарды, сонымен бірге жоспарлау, қамсыздандыру, бағалау және білім меңгерудің барша қырлары жөніндегі проблемалар шешімін басқаруды қамтиды.

Ұлы педагог 17 ғасырда-ақ оқудың «техникалық» (яғни «технологиялық») болатынын уағыздап, оның мүлтіксіз тиімді нәтиже беретін жолдарын іздестіріп бақты. Я.А.Коменский еңбектеріне үңіле түссек, педагогикалық технологияға бастау берген даналық пікірлерді табамыз: «Дидактикалық машина үшін қажет нәрсе

- 1) түбегейлі ойластырылған мақсаттарды;
- 2) сол мақсаттарға жетуге дәл икемделген жабдықтарды;
- 3) мақсаттың орындалмауына мүмкіндік бермейтін нақты жабдықтарды қолданудың мызғымас ережелерін табуымыз керек»

Я.А.Коменский заманынан бастап, оқудың мүлтіксіз әрекеттегі механизмге сәйкестендіру ұмтылысының талайы күні бүгінге дейін басылған емес. Кейін оқу технологиясы жөніндегі көптеген тұжырымдар толықтырылып, нақтыланып отырды. Әсіресе, техникалық прогрестің әрқилы теориялық және практикалық қызметтер аймағына енуімен оқуды технологизациялау идеясы нығайып, іске асырыла бастады (П.Я.Гальперин, Н.Ф.Талызина, Ю.К. Бабанский және т.б.).

Оқыту технологиясы - оқыту үрдісінде алдын ала жоспарланған, оқытудың диагностикалы қойылған мақсатына практикада жүйелілік және бірізділікпен жету құралдары.

Оқу технологиясының топтастырылуы, сонымен бірге, нақты кезеңде басым болған мақсаттар мен міндеттерге, оқуды ұйымдастыру формасының қолданылуына, дәл кезеңде қажет болған әдістерге және басқа да негіздемелерге тәуелді келеді.

Оқу технологиясын оқу әдістемесінен ажырата білген жөн. Олардың бір-бірінен айырмасы – оқу технологиясын қайталап, көбейте таратуға болады. Қай жағдайда да технология өзіне сай түзілген оқу процесінің жоғары сапасына және педагогикалық міндеттердің табысты шешілуіне кепіл бола алады. Ал әдістеменің соңғы тиімді нәтижеге жете алуы жиі кездеседі. Сонымен бірге, әдістеме технологиялық деңгейге дейін көтерілуі мүмкін. Мысалы, жаңа материалды түсіндірудің белгілі әдістемесі бар. Егер ол әдістеме шынайылық, сенім, сәйкестік талаптарына орайласа, оны технология деп тануға болады.

Оқу технологиясы педагогикалық шеберлікпен өзара байланысты. Оқу технологиясын жете білудің өзі - шеберлік. Бір технологияны әрбір оқытушы жеке іске асырып отыруы мүмкін, ал осы іске асырудағы технологиялық ерекшеліктерден мұғалімнің оқу шеберлігі көрінеді.

Оқыту әдістемесі - пәнді оқытудың ғылыми дәлелденген әдістер, ережелер, тәсілдер жүйесі және оқыту теориясын қолдану болып табылады.

Теориялар, әдістер мен әдістемелер, оқыту технологиясының айырмашылығы оқыту үрдісінің барлық байланыстарын ұйымдастырушылықпен реттеуді, оның кезеңдерін құрастыруды, білім алушының мүмкіндіктеріне сәйкес жүзеге асыру жағдайларын бөліп көрсетуді талап етеді.

Шындығында педагогикалық технологияны жасаушылардың назары педагогикалық еңбектің жеке құбылыстар саласына бағытталған. Білім беру технологияларының басым көпшілігі негізінен оқушылардың белгілі бір жиынтығын меңгеруге бағытталған. Концепция жасаушылардың «ұстаздар - оқушылар» жүйесінің ерекшеліктерімен ұстаз еңбегінің технологиясының өзгешеліктері арасындағы өзара байланыстардың түрленген түрлерін көрсетудің басылмауы олардың ең осал жері. «Технология» деген термин гректің түп тамыры - өнер, шеберлік, кәсіп және ғылым, білім деген сөздерінен шыққан.

Екі түп тамырының бірлігін шеберлік туралы ғылым немесе ілімді беретін сөзді құрайды, ол өндірістік тәсілдерді жүргізудің тәсілдері мен құралдар туралы білімдер жиынтығы, мысалы металдың технологиясы, химиялық технология, құрылыс жұмыстарының технологиясы және т.б. Технологияны жасау үшін нақтылы еңбек затының қасиеттерін байланыстары мен қатынастарының жолын сипаттайтын заңдылықтарын білу керек: еңбек затын өндеу тәсілдерін білу; еңбек затының жағдайын анықтай білу; еңбек затының жағдайын өзгерту тәртібін жасау. Педагогикалық технология ұғымының әр түрлі тұрғыдан анықтамалар берілген.

Педагогикалық технология - педагогикалық процесті ұйымдастыру мен жүзеге асырудың жобасы (алгоритмі) (Г.Т.Хайруллин). Педагогикалық технологиялар - теориялық білімдерді тұтас педагогикалық үрдістің қызметін практика жүзінде іске асыруға бағытталған және сол үрдіс нәтижелерін кезеңдер бойынша өлшеп, түлғаның да, ұжымның да даму динамикасын көруге болатын, педагогтар мен оқушылардың өздерін-өздері дамытуларына мүмкіндік тудыратын жүйелі іс-әрекеттер кешені.

Сонымен қатар кейбір ғалымдар (Д.Г.Левитес және т.б.) педагогикалық технологиялар пәндік бағдардағы және түлғалық-бағдардағы техникалар деп жіктеуді ұсынады.

Дидактикада оқу технологиялары төмендегідей сипаттарымен жіктеліп, топтастырылады:

- Қолдану деңгейі: жалпы педагогикалық, пән әдістемелік, бөлімдік (модульдік);
- Философиялық негізі: ғылыми және діни, гуманистік және әміршіл-әкімшіл (авторитарлы);
- Тәжірибе меңгерудің ғылыми негіздемесі (концепция): байланыс-жауапты (ассоциатив-рефлекторлы); іс-әрекетті (бихевиористік), іштей ұғу (интериоризаторлы), дамытушы;
- Түлғалық құрылымға бағдарлануы: ақпаратты (білім, ептілік және дағдылар қалыптастыру), нақты қимыл-әрекеттік (оперативті ақыл-ой әрекеттері әдістерін қалыптастыру), шығармашыл (эвристикалы-дарын қабілеттерін дамыту), қолданбалы (тұрмыс-тәжірибелік әрекеттер қалыптастыру).

- Дәстүрлі оқу жүйесін жаңалау бағыты (модернизация): оқушы іс-әрекетінің белсенділігін көтеру және жеделдестіру технологиясы; мұғалім және оқушы арасындағы қатынастарды ізгілендіру мен демократияластыру негізінде жасалған технология; оқу материалын дидактикалық қайта түзуге негізделген технология және т.б.

Педагогикалық технологиялар жоғарыда айтылған түсініктемелері мен алуан түрлі анықтамаларын талдай отырып, бұл барлық технологиялардың айырықша ерекшеліктері туралы төмендегідей қорытынды жасауға болады:

- оқытудың микромақсаттарының, мақсаттарының айқын, нақтылы анықталуы
- нәтижелердің жетістігіне бағытталуы;
- тәрбиелеумен оқыту субъектілерінің іс-әрекеттерінің әрбір кезеңдері бойынша қадамдық құрылымының анықталуы;
- мониторинг, аралық және соңғы нәтижелерді бағалау;
- тәжірибенің қайталануымен алмасуы;

Сонымен белгілі технологиялардың жіктеулеріне жасалған шолу бір қалыпта қатып қалған емес, ол қазіргі технологиялардың көп түрлілігіне бағдар беріп негіз болып және оны кеңейту, сапаландыру, тармақтандыру, толықтыру бағытталған

Дәстүрлі сынып-сабақ технологияларының аса көрнекті белгілері: бірдей жастағы оқушылардың тұрақты құрамы мен дайындық деңгейлері; сыныптың біріңғай жылдық оқу жоспары мен бағдарламасымен жұмыс істеуі; сабақ оқудың негізгі бірлігі; әр бір сабақ бір оқу пәніне, тақырыпқа

арналған, себебі сынып оқушылары ортақ бір материалмен жұмыс істейді; сабақтардың үнемі тұрақты алмасуы кесте мұғалімнің мұғалімнің басқарушылық рөлі.

Сонымен, оқушы, оқу күні, сабақтар кестесі, оқу каникулдары, үзілістер – бұл сынып-сабақ жүйесінің белгілері.

Дәстүрлі оқыту технологияларының концептуалдық негізін Я.А.Коменский жасаған педагогика принциптері: ғылымилық, бірізділік, жүйелілік, беріктілік, белсенділіктегі сапалылық, көрнекілік, теорияның практикамен байланыстылығы, жас аралық пен өзіндік ерекшеліктерді ескеру.

Мақсаттың мазмұнына байланысты дәстүрлі оқыту тұлғаны дамытуға емес, көбіне білім, білік және дағдыларды меңгеруге бағытталған.

Дәстүрлі оқыту технологияларының әдістерін екі келесі топтарға жатқызуға болады:

1. Иллюстративті–түсіндіру әдістері (лекция, баяндау, әңгімелесу, тәжірибелерді көрсету, еңбек операциялары, экскурсиялар және т.б.) мұғалім түсіндіреді және оқу материалын көрнекті түрде көрсетеді.

2. Репродуктивтік әдіс: мұғалім білімді, іс-әрекет тәсілдерін, тапсырмаларды шешуді тәжірибелерді елестету үшін тапсырмалар құрастырады; оқып үйренуші оқу материалдарын белсенді еске түсіреді, сонымен «білім көшірмелерін қалыптастырады».

Сонымен дәстүрлі оқыту технологиясының артықшылықтарына мыналарды жатқызуға болады: жүйелелігі; оқу материалын логикалық дұрыс бере білу ұйымдастыру; мұғалім тұлғасының оқушыларға тұрақты әсерлі эмоция сезімдік ықпалы. Бұл технологияның нашар жақтары мыналар: біркелкілік, табандық құрылым, сабақ уақытын тиімсіз бөліп тарату, оқушыларда дербестіктің болмауы, енжарлық; оқушылардың сөз іс-әрекетінің нашарлығы; оқушыларға орташа өлшеммен қарау, индивидуальды оқытудың таза болмауы, нашар қайта байланыс. Бұндай сабақтарда материалдан тек қана хабардар болуын қамтамасыз етіледі, ең жоғарғы деңгейге жету үй тапсырмасын орындауға қоладанылады.

Қазіргі замандағы білім беру технологияларына компьютерлік оқыту (жаңа информативтік) технологиясы жатады.

Дамыта оқыту технология идеяларының қатарына сондай-ақ оқу қызметінің әрқилы жағдайларында оқушылардың қажет болғанда өзінше танып, содан өздігінен жауап әрекет орындауға (рефлексия) ынталандыру идеясы да кіреді. Жауап әрекетке (рефлексия) келу дегеніміз баланың өз әрекеттерін сезінуі мен түсінуі, оқу іс-әрекеттерінің тәсіл, әдістерін өзінше байқап, тануы.

Рефлексиялық әрекет-қимылдар әрқашан өзіндік қадағалау және бағалаумен тығыз байланысты болатындықтан дамытушы технология шарттарына орай оларға да көп мән беріледі.

Дамыта оқыту идеясы бұл күнде еліміздің мұғалімдері арасында кең қолданымда. Алайда, бұл технологияның кейбір тұжырымдары пікірталасты болып жүр. Себебі, оқушылардың бәрі бірдей қиыншылықты деңгей оқуын көтере алмайды. Солар ішінде тума жайсаң қозғалысты тұлғалардың мұндай оқуда әбден күйзеліске түседі. Сондықтан барша шәкірттерді теңдей шапшаң және жоғары күрделілік деңгейінде оқытып, тәрбиелеуге болмайды.

Модульдік оқытуда өзіндік жұмыстарға аса көп уақыт бөлінеді. Бұл оқушыға оқу әрекеттеріне кірісумен өз мүмкіндіктерін сезінуге, білім игеру деңгейін өзі анықтауына, өз білімдері мен ептіліктеріндегі кемшіліктерді байқауына жәрдемдеседі.

Модульдік оқу дәстүрлі білім игеру жүйесімен байланыста пайдаланылуы мүмкін. Модульдер оқу жүйесінің қалаған ұйымдастырылу формасында орын тауып, оның сапасын жақсартуға және тиімділігін арттыруға қолданылуы ықтимал.

Сонымен қатар оқытудың жаңа технологиялары - пәндердің әдістемесін қолдануды жоспарлау мынаған келіп тіреледі, яғни әр оқушының өз кезеңі барысында мұғалім оған қажетті әрбір жаңа педагогикалық технологиялар мен әдістемелерді міндетті түрде пайдалануы қажет. Бұл үшін мына төмендегі түсініктерді ескерген жөн:

- қатар отыратын екі сыныптағы оқушылардың жас ерекшеліктері мен білім деңгейлерін ескеру;
- әдістеме мен технологияның сабақтастығы;
- оқушының өз бетінше іс-әрекет жасау тәсілдерін меңгеруіне мұғалім тарапынан көмек беруді біртіндеп азайту;
- параллель сыныптардағы сынып топтарының ерекшеліктерін ескеру;
- мұғалімдердің ықыласы мен шеберлік деңгейінің болуы, т.б.

Демек, 1-11 сынып аралығында жүргізілетін педагогикалық технология мен әдістемелерді төмендегідей етіп жоспарлауды ұсынуға болады.

Бастауыш мектеп:

- дамыта отырып оқыту әдістемесі (Л. В. Занков, Д. Б. Эльконин, В. В. Давыдов, В. В. Репкин, В. А. Левин);

- дидактикалық бірліктердің ірілендірілуі (П. М. Эрдниев);
- түсініктерді қабылдау (С. Н. Лысенкова);
- нәтижелі әдістемелер және оны қабылдау;
- Іс - әрекетті бағалау (Ш. А. Амонашвили, И. П. Волков);
- оқулықсыз оқыту (В. В. Агеев);
- ойын әдістемесі және оны қабылдау;

Орта буын:

- проблемалық оқыту;
- іздену, зерттеу әдістері;
- топпен оқыту тәсілі (И. Б. Первин);
- оқытудың ұжымдық тәсілі (В. К. Дьяченко);
- тірек және тірек конспектісінің көмегі арқылы оқыту (В. Ф. Шата-лов);
- өзіндік жұмыс әдістері;
- бағдарлы оқыту (машинасыз және компьютерсіз);
- оқытудың коммуникативті әдісі (қарым-қатынастың);
- дискуссиялық әдіс;
- дидактикалық ойындар.

Жоғары сыныптар:

- оқытудың вариативті элементтерін өз еркімен таңдау;
- өзіндік жұмыстың әдістемесі;
- іздену, зерттеу әдістері;
- нәтижелі технология, жобалау әдісі;
- оқушының іс-әрекеті бойынша ұйымдастырылатын ойындар;
- «өнертанытқыштық тапсырмаларды шешу теориясы» әдістемесі (Г.С.Альтшулер);
- бағдарламалық оқыту;
- әлеуметтік-педагогикалық сынау, әлеуметтік мәні бар ойындар;
- профильді және кәсіптік бағдар бере отырып оқыту;
- тірек конспектісін қолдану;
- диалогтік әдістеме, дискуссияның негізінде оқыту;
- модульдік технология;
- семинар-сынақ түрлері;
- өз бетімен білім алу (компьютерлік варианттар).

Жоғарыда берілген технологиялардың ішінде шағын жинақталған мектептерде көбінесе модульдік технология жиі қолданылуда.

Модуль дегеніміз бір-бірімен тығыз байланысты ірі блоктар, бағдарламадағы тақырыптар.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ

**Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы
«№ 7 жалпы білім беретін мектеп» КММ
Бастауыш сынып мұғалімі
Карибаева Жанайым Кеулимжаевна**

Оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып жан-жақты терең білім беру, сөйтіп білікті маман даярлауға бүкіл әлемдегі өркениетті дамыған елдер басты көңіл бөліп отырғаны да сондықтан.

Білімді азамат тәрбиелеудің жауапкершілігінің қаншалықты күрделі екендігін түйсінген білім саласының мамандары үнемі оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында іздену үстінде.

Оқушылардың сапалы білім, білік пен дағды алуының жоғары негіздеріне қол жеткізген жөн» деп, отбасы, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген білімді, дағдылар мен қарым-қатынастарды баланың меңгеруін, сондай-ақ күш-жігірі мен психологиялық жағынан мектеп бағдарламасын игеруін қамтамасыз етуге міндетті» деп баланың дамуындағы отбасының міндеттерінде белгіленген

Оқушылардың танымдық белсенділіктерін дидактикалық ойын арқылы қалыптастыру және іскерлік ұғымы педагогика тарихында көптеген қазақстандық және ресейлік еңбек сіңірген педагогтардың құнды еңбектерінде әр қырынан тұжырымдалған.

Ерте заманнан-ақ адам өзін қоршаған ортаның тылсым тіршілігін тануға әрекет жасаған.

Қоғам дамуындағы қолға алынған жұмыстар халықтың әл-ауқаты мен тұрмысын жақсартуға бағытталатыны заңды құбылыс. Әлемдік қоғамдастық қаржы дағдарысын басынан өткізіп жатқан бүгінгі күні де Қазақстан өзінің әлеуметтік басымдықтарға адалдығын таныта білді. Қазақстан Республикасының дамуы және бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мен жаһандануының кепілі – білім сапасын арттыру болып табылады. Соның ішінде, филологиялық пәндерді оқытудың сапасын арттыру мәселелері жайлы айтсақ.

Әр бала өзіндік табиғи қабілеттерімен дүниеге келеді. Келе-келе оның ойлау, сөйлеу қабілеті қалыптаса бастайды. Филологиялық пәндер – мектеп қабырғасында жүрген баланың ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыған үстіне дамытады және ойды сыртқа айшықтауда ерекше роль атқарады.

Оқыту сапасын арттыру деген не? Ол үшін не істеу керек? Жалпы алғанда, білім беру сапасын арттыру – бір тұтас жүйе.

Біріншіден, Осы жүйенің әрбір кезеңінде арнайы мақсаты бар нақты істер атқарылуы тиіс;

Екіншіден, алға қойған мақсат пен міндеттерді орындауда кездесетін қиындықтардың алдын-алу үшін арнайы курстардан уақытымен өтіп, мұғалім өзін-өзі дамытып отыруы керек

Үшіншіден, педагог мамандардың кәсіби шеберлігін ұштау мақсатында мектеп ұжымындағы мұғалімнің әрқайсысына дербестік беріліп, жеке бастамаларының дамуына жағдай жасалғаны жөн;

Төртіншіден, сыртқы бақылау (мектеп әкімшілігі, аудандық, облыстық, республикалық әкімшілік тарапынан) және ішкі бақылау (мұғалімдердің, оқушылардың өздеріне сын көзбен қарауы, өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі бақылауы) үрдісінің жүйелілігін, бірізділігін жүзеге асырған абзал.

Бесіншіден, сабақтан тыс уақытта өтетін үйірме, айлықтар мен апталықтардың жұмыс жосапрларының сапалы құрылғаны дұрыс;

Алтыншыдан, ғылыми-әдістемелік тәжірибе алмастыру, озық іс-тәжірибенің таратылуы керек.

Осындай бағытта жұмыс жасағанда ғана білім беру сапасын арттыруға болады. Неге десеміз, білім беру сапасының артуы - мұғалімнің және педагогикалық ұжымның идеяларының, оның жұмыс тәсілі мен әдісінің сапалы нәтиже беретін тиімді тәжірибе іспеттес оқу-тәрбие үрдісінде өтетін шығармашылық жұмысының жемісі.

Барлық білім беру қызметкерлері сияқты, менің де мақсатым өз пәнімді оқыту сапасын арттыру. Осыған байланысты, Мағжан Жұмабаевтың: «Бала еш уақытта іссіз отыра алмайды, балаға ылғи пайдалы іс беріп отыру керек. Сол уақытта бала өмір бойы пайдалы іске әдеттеніп кетеді » деген сөзін басты қағида санаймын. Сол себепті әрдайым оқушының ізденімпаздық, шығармашылық қабілеттерін дамыту арқылы білім сапасын арттыруға тырысамын.

Оқушының ізденімпаздық қабілетін дамыта отырып, шығармашылық ізденісі артады. Оқушы шығармашылық ізденісін ұйымдастыруды 4-кезеңге бөліп қарауға болады.

Бірінші кезең: Негізгі мақсатын айқындап, ажырата білуі тиіс. Мақсаты: сабақта алған білімін тереңдету; көзқарасын қалыптастыру

Екінші кезең: Таңдаған тақырыбы, мақсатына сай әдебиеттер жинайды, олардан сұрыптап алуды үйренеді.

Үшінші кезең: Бұл кезеңде оқушылар өз қалауы бойынша реферат, баяндама, буклет т.б жасауды үйренеді. Өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланады.

Төртінші кезең: Оқушы өзінің шығармашылық жұмысын қорғауға дайындалады.

Оқушыға білімді меңгерту танымдық, ізденімпаздық, шығармашылық әрекетке құрылғанда ғана талай-талай жетістікке қол жеткізуге болады деп ойлаймын.

Мұғалім оқу мен тәрбие егіз екенін еш уақытта естен шығармағаны жөн, тәрбиенің нәтижесінде ғана сапалы білімге қол жеткізуге болады. «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», - дейді ұлы ғұлама Әл-Фараби. Оқу мен тәрбиені қатар алып жүретін әр мұғалімнің күздіреттілігі біліміне, практикалық іс-тәжірибесіне, жеке басының қасиетіне, оқу-тәрбие үрдісі мен шығармашылықтағы ізгі іс-әрекеттеріне байланысты.

Бастауыш сыныптарда жүргізілетін тіл дамыту әдістемесі – оқу-шыларға білім жүйесін меңгертуге, тілге деген икемділігі мен дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін әдіс-тәсілдері мен формалар, принциптер мен оқытудың мазмұны жайындағы ілім. Жалпы әдістеме ғылымның бір саласы.

Басқа ғылымдар сияқты тіл дамыту әдістемесі де теориялық ғылымдардың соңғы жетістіктеріне негізделіп дамиды. Тіл ұстартудың ғылыми негіздері – тіл білімі, әдебиет және психология. Өйткені тіл - қоғам өмірінің объективті құбылысы, ол бүкіл халық үшін бірдей. Қай тілдің болмасын айтылуының грамматикалық және синтаксистік нормативтік ережелері болады. Мұны тіл білімі зерттейді. Ал сөйлеу – психикалық құбылыс. Ол - әр адамның өзіне ғана тән ерекшелігі. Сөйлеуде объективті шындықты осы адамның субъективті түрде бейнелеп, оған индивидтің көзқарасын білдіреді. Яғни адам тілдің көмегімен қарым-қатынас жасау процесі, сөйлеу – психо-логияның зерттеу объектісі болып табылады.

Тіл – адамзат қоғамында қатынас, сөйлесіп пікір алысудың құралы ретінде қызмет атқаратын құбылыс. Тіл мен қоғам өзара тығыз байланысты, біріншіден, тілсіз ешбір қоғам өмір сүре алмайды. «Тілсіз ұлт құрымақ». Тіл – адамзат қоғамының өмір сүруінің қажетті шарты. Екіншіден, тіл қоғам бар жерде ғана өмір сүреді. Қоғам – тілдің өмір сүруінің шарты. Қоғамның өмір сүруі үшін, тіл қаншалықты қажет болса, тілдің дамып, өркендеуіне қоғам да соншалықты қажет.

Тіл – тірі тарих. Онда халықтың ғасырлар бойы жинақтаған іс-тәжірибесі мен даналығы бар. Сананың аздығы мен көптігіне қарамай, әрбір халық өз тілінде асыл армандары мен әсем жан дүниесін, барша жақсылық атаулыға құрметін, адамзат бақытына кесір келтіргендерге лағнеті бейнеленген. Тіл – оны жасаушы халықтың тарихы, шежіресі, бүкіл өмірінің жаңғырығы мен ізгі арманы мен алдағы үміті, қайғысы мен қуанышы, күллі рухани өмірінің үні естіліп тұрады.

Ана тілі, бүкіл ақыл-ой дамуының негізі және бүкіл білімдердің қазынасы. Өйткені оқушыларға ғылым негіздерінен жан жақты білім мен дағды беретін, сауатты жазу мен мәдениетті сөйлеуге төселдіріп, тіл материалын меңгертетін де осы пән.

Ана тілі пәні дұрыс жазу, сауатты сөйлеу ережелерін меңгерту үшін ғана жүргізілмейді, сонымен бірге, логикалық ойлауды дамыту үшін де қажетті құрал. Өйткені сөз дарындылығының өрістеуі ойлау логикасымен байланысты. Өз заманында «Логикалық ойлау – логикалық сөйлеудің негізі, ал мұны – логикалық сөйлеуді Отандық тіл ұстазы дамытуға тиіс», - деп көрсеткен ұлы педагог К.Д. Ушинский.

Еркіндікке қолы жеткен қазақ халқының болашаққа артқан үміті, сенімі осы қазіргі мектепте отырған, келешекте отыратын жаз жеткіншектерімізде. Тіліміз ғана емес, жалпы халық болып сақталып қалуымыздың өзі қазіргі оқушыларымызға ана тілін қалай меңгертуімізге байланысты. Енді бұл мәселеде жетпіс жылдай танытқан енжарлығымыздан таймасақ, белсенділік танытпасақ, тілсіз, тарихсыз мәңгірт тобырға айналуымыз анық.

Міне, сондықтан саналы ересек ұрпаққа ұлы жауапкершілік жүктелмек, ол жауапкершілік – ата-бабамыздың әр сөзін сан ғасыр бойы сомдап жасаған ұлы қазына ана тілін көздің қарашығындай сақтап, кіршіксіз күйде келешек аманат етіп тапсыру. Сол арқылы жеткіншегіне туған халқының ақыл-ой тұжырымын, дәстүр-салтын игерту. «біздің қазақтың ісін жаңа басталып келе жатыр...XX ғасырға дейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті. Атаның аздырмай берген асыл мүлкін қолына алып, быт-шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас», деп жазған болатын осы ғасырдың басында қазақтың аса көрнекті ағартушы – педагог А.Байтұрсынов.

Тіл – рухани байлықтың шыңы. Рухани болмыстың деңгейлік баспалдақтары; танымдық, қазыналық, мән-мағыналық. Тілін меңгерген адам – сара жолын сараптап, игерген адам.

Тілді меңгеру ананың ақ сүтінен басталып, бесік жырымен тербетіліп, өмір сатысымен нықталады. Өткен кезең мәдениетінің тұңғығына бойлап, оның ішкі мазмұнын түсінуге тырысу адамды рухани жағынан байытады.

Бастауыш мектепте ана тілді оқыту барысы жеке-жеке айқын мақсаттар көздейтін үш кезеңнен тұрады:

1. Сауат ашу, тіл дамыту (Өліппе).
2. Оқу, тіл дамыту (Ана тілі).
3. Грамматика, емле тіл дамыту (Қазақ тілі).

Оқушылардың тілін дамыту, сөз дағдыларын қалыптастыру осы кезеңдердің әрқайсысында белгілі бір тақырыптың оқытылуына сүйене отырып, соның барысында жүргізіледі. Мұнда біз мына сияқты негізгі мәселелерді үйретуді, яғни белгілі тақырыпты оқыта отырып, баланың сөздік қорын дамыту; сөздерді үйрете отырып, жаңа сөздер жасайтын формаларды меңгертубарысында оларды байланыстырып сөйлем құрауға, сөз тіркесіне; сондай-ақ ойларын ауызша, жазбаша сауатты, жүйелі, дұрыс жеткізуге, сөйлей білуге үйретуді мақсат еттік. Егер осы үшеуі (сөздік жұмысы, сөз тіркесі мен сөйлем құрау және байланыстырып, сөйлеуге үйрету) күнделікті өтілетін сауат ашу, грамматика, оқу сабақтарымен байланыста біртұтас жүргізіліп отырылса, тіл дамыту жұмысы да біршама жүйелі өткізіледі деуге болады. Яғни тіл дамыту осы негізгі үш бағытта қатар жүреді, өйткені сөздік жұмысы сөйлем құрау үшін де, байланыстырып сөйлеу үшін де негіз болады; ал әңгіме айтуға дайындық жасау сөз бен сөйлемсіз іске асуы мүмкін емес. Сондықтан бұлайша топтаудың өзі – шартты түрде ғана, яғни тіл дамытудың мазмұнының нені қамтитынын көрсету.

Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілін жетілдіру тіл үйренуде ең басты міндет. Сөйлеу тілінің бірнеше стилі блалады. Қазақ тілінде сөйлеу тілінің мынадай стилі бар. Ең алдымен сөйлеу стилі. Бұл – стиль жағынан өте нақышталмаған, қарпайым сөздердің күнделікті айтылуы. Сөйлеу тілімен салыстырғанда анағұрлым жоғары саналатын ақындық, шешендік, академиялық, ғылыми стиль бар. Әртүрлі жаргондар, сөздердің әдеби тілдегі айтылу нормасынан ауытқулары осы ауызекі сөйлеу стиліне жатады. Тілдің грамматикасын білу арқылы оқушылар бір – бірімен сөйлесуді, сұрақ қоюды үйренеді. Олардың сөйлеу тілін дамыту үшін өздерін қоршаған заттарға, ортаға қатысты, қайда отыр, не көріп отыр, олар не үшін қажет деген сұрақтарға жауап беретіндей жағдай туғызу қажет. Әр сыныптың бағдарламасына қарай оқушылар ждаңа сөздер меңгереді. Мұғалім оқушыларға жеке сөздерді жаттаумен тынбай, сол сөздерді қатынастыра отырып қазақша сөйлем құрастыруға үйретеді.

Оқушылар өздерін қоршаған ортамен таныса отырып сөздік жұмысын іске асырады. Өздеріне аты белгісіз зат не құбылыспен танысқанда, оның өзімен немесе атауымен чөздік арқылы танысады. Сөз – тілдің құрылыс материалы. Ал грамматика болса сөздердің өзгеру мен сөйлем ішіндегі байланыстың заңдылығын үйретеді, қалыптастырады. Бұл заңдылықтарды білу үшін түрлі сөйлемдер, сөз тіркестері меңгеріледі.

Оқушы ең алдымен тілдің дыбыстық құрылысын меңгеруі шарт. Ол үшін дыбыстарды дұрыс айтуға (орфоэпиясын) жаттығады. Ол мұғалімнің айтқанына еліктей отырып, қазақ тілінің фонетикасын, сөзге түсетін екпінді, интонацияны, сөздерді дұрыс оқуды меңгереді, жаттығады. Мұғалім оқушыларды бірімен сөйлеу мәдениетіне, сөйлеу мәнеріне (дауыс ырғағы, өзін ұстау, сөйлеушіні тыңдай білуге) үйретуі қажет. Оқушылардың өздеріне айтылған сөзді тыңдай білуге, оны түсініп, сөйлесе білуі (бір – бірімен) , сұрақтарға жауап беруі, сұрақ қоя білуі мұның бәрі олардың сөздік қорының тілдің грамматикалық құрылысын дұрыс меңгеруіне байланысты.

Осының нәтижесінде оқушылар бір – бірімен кезектесіп сөйлесуге жаттығатын болады.

Оқушылар қазақ тілін де, ана тілін де байланыстырып, сөйлеу білуі үшін оқығанын, түсінгенін, өз пікірін айту бала – бақшадан үйретіліп, жаттықтырылуы керек. Оқушының түсінігін тыңдау арқылы оның сөздік қорын, сөйлем құрастыру дағдысын, мазмұнын қалай түсінгенін анықтауға болады. Әдетте балалар басқалардың айтқан әңгімесін тыңдай отырып, соларға еліктеп өз түсініктерін (сөз, сөз тіркесі, сөйлем) айтуға жаттығады.

Тілді оның дамуы мен жеке адамның қалыптасуындағы ролін зерттеу – адамның бүкіл таным қызметінің қалыптасуын қарастыруда ерекше маңызға ие болып отырған ғылымның басты мәселесіне айналды. Ал баланың танымдық қызметі баланың өзін қоршаған ортамен қарым – қатынас жасауы, яғни ұрпақтан – ұрпаққа бұрынғылардың тәлімі мен тәрбиесі, іс – тәжірибесінің берілуі процесінде қалыптасады. Балғын шақтан есейіп, ересектер қатарына өту барысында баланың психикалық дамуының негізгі бір формасы - өзара сөйлесу, пікірлесу арқылы өзгелердің іс – тәжірибесін бойына сіңіру болып табылады. Балалар тілінің ролін, олардың сөйлесу қызметін зерттеу ғылымның басты міндеттерінің бірі болып отыр.

Әдетте бала өзіндік сөйлеу әрекеті тән. Кейбір идеалистік бағыттағы психологтардың (Д. Эллсберг, Э. Клапаред, К. Бюлер) пікірі бойынша, баланың сөйлеу әрекеті бірден пайда болады. өз тіліндегі сөздік қорға қанағаттанбаған екі жасар бүлдіршін өзінше тілдесуге қажет сөздер ойлап табады. Ол сөздер тек өзінің айналасындағы азғана ортаға түсінікті болады.

Баланың сөздік қоры 1 жыл 8 айдан асқан соң жедел дамиды. Егер 1,5 жастағы баланың сөздік қоры 18-25 – тен аспаса, 3 жастан кейін ол 1000-1200 сөзге жетеді. Мұның ішінде сөздік қордың басым бөлігін зат есімдер (60%), етістіктер (25-27%), сын есімдер (10-12%) құрайды.

Әрбір жас кезеңдегі сөздік қордың қалыптасуындағы балалардың өзіндік ерекшеліктері мен сөздерді қабылдау және қолдану ерекшеліктеріне де баса назар аударады.

Тілдің грамматикасын меңгеру баланың жалпы дамуымен де (ақыл – ой қызметінің кеңеюі, өз бетінше ізденістері) сабақтас дамиды. Сондықтан да түрліше әрекет жасау барысында баланың мазмұнды өмір сүріп, ой - өрісін дамытуы, үлкендермен тілдік қарым – қатынас жасауы оның тілінің дамуына ықпал етеді. Олардың сөздік қоры молайып, алғашқы грамматикалық формаларды меңгеруі жетіле түседі.

Баланың сөйлеу білуге деген алғашқы талпынысы – оның дамуының бастапқы кезіндегі басты нәрсе. Ол үлкендердің сөйлеген сөздерінен бірнеше мәрте қайталанатын белгілерді ептеп түсіне бастайды. Ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, екі жастан бастап бала тілі күрт дамиды. Мектеп жасына келген бала, яғни 6-7 жасар бала 3,5-4 мыңға жуық сөз біледі екен. Демек, ол тілдің бүкіл фонологиялық жүйесін түсінеді. Олай болса, өз бетінше сөйлемдер құрастыра, өз ойын өзгеге түсіндіре, жеткізе алады.

Балада алғашқы кезде өз шамасын байқап көру қасиеті үлкендермен, заттармен байланысқа түсу, яғни сөз арқылы жүзеге асады. Алғашқыда ол зат пен құбылыстың аттары арқылы, ал кейінірек жіктеу есімдіктері арқылы, содан соң өзін басқа балалармен салыстыру арқылы жақсы және жаман қасиеттерді ажырата бастайды. Сөздік қорын дамыту арқылы бала ертегі, өлең тыңдауға, ән салуға, мәнерлі де, мәнді сөйлесуге бейімделе бастайды.

Демек, баланың алғашқы сатысында оның физиологиялық және физикалық дамуы мен ойлау белсенділігі үлкендердің жүйелі тәрбиелік жұмыстарына байланысты болады. Өмірдегі құбылыстарды көру, есту арқылы бұл жаста бала психикасында үлкен өзгерістер байқалады. Ол өзін қоршаған құбылыстарды, үлкендердің сөздері мен іс-әрекеттерін ойын арқылы ойнап, сол ойындарда қолдана бастайды.

Дұрыс ұйымдастырылған ойындарда балаларда жақсы дағдылар қалыптаса бастайды, яғни ойын – ойды дұрыс дамытады. Тек баланың ақыл-ой қызметін активтендіру және ұйымдастыру нәтижесінде ғана білімді меңгертуге болады. Н.А.Менчинскаяның пікірінше, «таным, танымның қалыптасуы өзара байланысты екі процестен тұрады: білімді игеру және оны қолдану».

Баланың екінші сигналдық жүйесі ретіндегі сөйлеуі бірінші сигналдарға қарағанда жетекші орында болады, екінші сигналдар оған қызмет етеді. Ал сөздік қоры мен ойлау жүйесі нашар дамыған балалардың сөздік қоры, сөз байланыстары тек белгілі бір ғана бағытта болады да, әр түрлі жағдайдың өзгеруіне қарамай, олардың жауаптары бір жақты болады. Психикалық процестердің дамуындағы сөйлеудің ролі жайындағы бұл саладағы зерттеулердің объектісіне жататын көптеген

өзекті мәселелерінің туындауына әкеледі.

Балалардың тілінің дамуы мен қалыптасуын зерттеу балалар технологиясы мен психолінгвистиканың проблемаларын шешуде ғана емес, сонымен қатар тілдің табиғаты жөніндегі аса маңызды, әсіресе, балалар тілі онтогенезін, оның осы арқылы тілдің лексикалық, грамматикалық категорияларын, оның фонологиялық жүйесін және мәтін тудыру механизмдерін танып-білуді аса маңызды роль атқарады.

XXI ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында балалардың сөйлеу тілін зерттеу психологтар мен тілші ғалымдар назарын өзіне аударды, балалар ойлауының, ой-өрісінің деңгейін білдіретін алғашқы жиілік сөздіктер пайда болды.

Оқушылардың сөйлеу әрекеті, оның құрылымдық-типологиялық ерекшеліктері жоғары лингвистикалық шамалар лексикалық, морфологиялық, семантика – синтаксистік ерекшеліктер нәтижесінде қалыптасады.

Элькониннің пікірінше, бала қызметінің барлық жағы мазмұны, формасы бойынша қоғамға байланысты, сондықтан бала өз өмірінің алғашқы ағашқы күндерінен бастап, қоғамдық дене болып табылады. Оның адамзатқа тән мәдениетке жетуі белсенді әрекетіне байланысты болады. Баланың сөздік қоры сыртқы жағдайлармен, динамикалық әрекетпен сипатталады. Баланың жеке іс - әрекеттерінің күшеюіне және өзге балалармен көбірек араласуы оның өз жолдастарынан көргендері мен алған әсерін айту үшін монолог түрінде түсіндіру, айту қажеттілігін тудырады. Бұған қоса әрекеттердің өзара байланысуы, бір нәрсеге баға беру, бұйыру т.б. формасында да сөйлеуі үнемі даму үстінде болады. Мұның барлығы балалардың сөздік құрам мен тілдің грамматикалық құрылысын интенсивті меңгеруіне әкеледі де, олардың сөзі бір-бірімен байланысты, жүйелі бола түседі. Ауызша тілді меңгерудің жүйесіз түрінен мектепте морфология мен лексиканы үйретудің жүйелі тәсілдеріне көшу үшін мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің сөздігіне мүмкіндігінше тілімізде жиі және сирек қолданылатын жаңа мәнге ие сөздерді сұрыптап ала білудің айрықша маңызы бар.

Тілдің синтаксисі мен семантикасына квантитативтік әдістер қолдануда көптеген қиындықтар бар: біріншіден, өте үлкен мөлшердегі сөз, сөз тіркестерінің жиыны қажет, екіншіден, мәтіндердегі сөз тіркестерін қарастыруда жекелеген қиындықтар туындамай қоймайды.

Балалар тілін квантитативтік әдіспен зерттеу – олардың лексика – грамматикалық ерекшеліктерін ашуда, сонымен қатар бастауыш білім беру кезінде оларға берілуге тиісті материалдың сандық және сапалық ерекшеліктерін анықтай отырып, алынған зерттеу нәтижелерін көркем әдебиет пен публицистикалық жанрдағы үлгілермен салыстыру арқылы тілді меңгертудің кейбір тиімді әдіс-тәсілдерін қолдануда аса маңызды.

Құрастырылған стандарт негізінде бастауыш білімнің бағдарламалары жарық көрді. Сауат ашу әліппе мен оқу кітабынан тұрады. Бастауыш сынып пәні бойынша оқушылардың оқу мен жазу дағдыларын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеу, сөздік қорын байыту, грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге үйрету, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; алғашқы грамматикалық мағлұматтарды меңгерту, танымдық шығармашылық қабілеттерін дамыту; ана тіліне деген сүйіспеншілік, құрмет, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру, адамгершілікке, ізгілікке, Отан сүйгіштікке тәрбиелеу мақсаттарын көздейді.

Бастауыш сыныпта оқушылар сөйлеу, сөйлем, сөз дыбыс және олардың шартты белгілерімен танысады. Дауысты, дауыссыз дыбысқа байланысты грамматикалық материалдар талдау әдісімен беріледі. Тіл дамытудың төрт міндеті жүзеге асырылады.

- сөздік қорын дамыту;
- байланыстырып сөйлеуге үйрету;
- грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге үйрету;
- сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.**

№27 САБАҚ. ТАСЫМАЛ. БОТА

Алматы облысы Іле ауданы ҚазЦИК ауылы
"Әнуар Молдабеков атындағы №6орта мектебі" МКМ
Бастауыш сынып мұғалімі
Омарова Сандуғаш Сатыбалдиевна

Білім беру ұйымының атауы		Ә.Молдабеков атындағы №6 орта мектеп		
Пәні:		Ана тілі		
Бөлім:		Буын және тасымал		
Педагогтің аты-жөні:		Омарова С.С.		
Күні:		12.02.24ж		
Сынып:		1 «Д»		
Сабақтың тақырыбы:		№27 сабақ. Тасымал. Бота		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		1.2.2.1 мұғалімнің қолдауымен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау; 1.4.1.2 мұғалімнің қолдауымен сөзді дұрыс тасымалдауды, тасымалданбайтын сөздерді білу; 1.4.1.1 айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп жазу және есту, есте сақтау арқылы жазу		
Сабақтың мақсаты		Өлеңді мәнерлеп оқиды. Мұғалімнің қолдауымен өлеңде не туралы айтқанын біледі. Сөздерді дұрыс тасымалдай алады. Айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп жазу және есту, есте сақтау арқылы жазады.		
Құндылықтар		Талап:ізденімпаз,жасампаз ұрпақ		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті		Оқушының әрекеті	Бағалау
Сабақтың басы 2минут	Психологиялық ахуал қалыптастыру Егер саған ұнаса саусақпен тарсылдат, Егер саған ұнаса шапалақта жараса. Егер саған ұнаса аяғыңмен тарсылдат, Егер саған ұнаса айтайықшы «Тамаша»		Таныстырылымда айтылған өлеңді іс-әрекет пен орындап, көңіл күйлерін көтереді.	
Өткенді пысықтау 5 минут	Оқушылар анамызды қуанту үшін біз не істейміз? Ендеше анамызға гүлдер жинайық.		Оқушылар ойларын айтады.	
Сабақтың ортасы 20 минут	Өткенді пысықтау «Карт» әдісі арқылы сөздерді буынға бөліп оқиды. Су,қарға,айна,жол,шаш,көз,балақай		Өткенді пысықтайды. Шеңбер арқылы	

Сергіту сәті 2минут Қосымша тапсырма 3минут	Жаңа тақырып Тақырыпты ашу. Сандарды өсу ретімен орналастыру арқылы шыққан сөзді оқу. «Тасымал» Жаңа тақырыптың мақсатын хабарлайды. «Ұйқасын тап» әдісі арқылы өлеңнен түсіп қалған сөздерді ұйқастырып жазу. 1-жаттығу. Бота Айналайын, Қандай күлте жотаң. Табандарың Теріп жейсің жантақ. Иіліп тұр мойның, Қанбайды екен ойының. Тостағандай көзің, Әдемісің! Топтық жұмыс. «Пазл» әдісі арқылы өлең не туралы екенін құрастыру. Өлеңнің авторы мен өмірбаянымен қысқаша таныстыру. Өлеңді дұрыс сөздерін қойып ,оқып беру. «Ашық микрофон» әдісі арқылы ботаны сипаттау. –Дұрыс, балалар, төрт түлікке жататын жануардың бірі – түйе. –Түйенің төлі қалай аталады? Түйенің пайдасы қандай? Бота,табан сөздері қалай тасымалданады? Жеке жұмыс Дәптермен жұмыс 2-жаттығу. Көркем жазу У у у у у у у у у у у у у у Сөйлемдерді қатесіз көшіріп жазады. Жұпта бір-бірін тексереді. Тасымалдауға болмайтын сөздерді табады.  «Сөзжұмбақ» арқылы малдың баласын қалай сүйетінін білдіретін сөздерді тауып жазу.	сөздерді оқиды. Тақтаға сандарды өсу ретімен орналастырады. Өлеңде түсіп қалған сөзді жазады,мәнерлеп оқиды. Пазлды құрастырады. Суретке назар аудартып, түйе туралы білетін деректерін айтқызады. Өлең мазмұнымен жұмыс жасайды Жеке		
---	---	---	--	--

Сабақты қорыту 5минут Кері байланыс 3минут	«Суреттер сөйлейді»әдісі арқылы бір буынды және бір дыбыстан тұратын сөздерді айту. Ережемен таныстыру. «Бір буынды және алғашқы буыны бір дыбыстан тұратын екі буынды сөздерді тасымалдауға болмайды:от,сүт,шаш, а-қын,о-рақ,і-ні. «От шашу»әдісі арқылы сөздерді тасымалдауға болама? 3-жаттығу Сөздерді оқы. Бұл сөздерді тасымалдауға бола ма? Қандай сөздер тасымалданбайды? Оқушылар от шашудағы сөздерді оқиды. Қорытындылайды Кері байланыс  Мен толық түсіндім  Мен түсінген сияқтымын  Маған көмек қажет.	жұмыс жасайды Дәптермен жұмыс жасайды Жаттығу жасайды Әр малдың төлдерін айтады . Сурет арқылы сөздерді көреді,оқиды, жазады. Тасымалдауға болмайтын сөздермен танысады. Оюларын көрсетеді.		
---	---	---	--	--

ҚЫЗ ӨНЕРІМЕН КӨРІКТІ



Шымкент қаласы
«Жеңіл өнеркәсіп және сервис колледжі» МКҚК
1 курс студенті
Озода Икромжоновна Темиржанқызы

«Адам өмірінде маңызды екі күн бар екен, бірінші – өмірге келген күнің, ал екінші – өмірге не үшін келгендігіңді түсінген күнің» деген екен Марк Твен.

Менің арналым – менің болашағым. Адам өзінің ойлаған арманына ақыл-парасатымен, білімімен жетеді. Әрбір адамның жан дүниесінде тамыр жайған армандары болады. Арман ешқашан таусылмайды. Арман – адамды алға жетелегіш күш. Міне, сондай күштің арқасында өзім армандаған мамандығымды оқып жатырмын.

Мен болашақта өз ісімнің маманы болатыныма сенімдімін, өйткені адам шын жүректен қалаған нәрсесін жүзеге асырады.

Адам өмірі – түрлі таңдау жасалатын кезеңге толы. Әсіресе, адамның болашағына әсер ететін таңдаулар арасында ең маңыздысы – адамның мамандық таңдауы болып табылады. Өмірде мамандық таңдаудан және жар таңдаудан қателеспеу керек. Ал, мен мамандық таңдаудан қателеспегеніме сенімдімін.

Болашақ жайлы ойлағанымда мені жиі "қандай мамандық иесі боламын?" деген сұрақ мазалайды. Әр адамның бойында табиғатына сай өз мінез-құлқы, ықыласпен істейтін сүйікті мамандығы болады. Сол мамандыққа сай адам өзін шындай біледі, кемшіліктерін түзеуге тырысады, әр уақытын тиімді пайдаланып, мамандығын зерттеп, білім алуға ұмтылады. Қай мамандықты алып қарасақ та өзіндік ерекшеліктері мен жақсы жақтары болады. Біреулер керемет дәрігер болса, енді басқалары ұлағатты ұстаз болады, ал менің арналым дизайнер болу. Атап айтқанда киім дизайнері болуды армандаймын. Адам көркі шүберек екені сөзсіз, қазіргі қоғамның өзінде барған жерінде қанша ақылды болсаң да, үстіндегі киген киіміңе қарап алдымен баға береді. Дегенмен, сәнді әрі жарасымды киініп жүру - қазіргі заман талабы. Сондықтан, бес саусағынан бал тамған, іскер дизайнер әрі тігінші болсам, мен өзіме және отбасыма қажетті сәнді және күнделікті киімдерді тігіп беруші едім. Мысалға, сәннен шықпайтын классикалық үлгідегі киімдер немесе қашанда әркімнің гардеробында елеулі орын алатын шалбар мен жейделер. Ал, менің еңбегімді ұнатып, тапсырыс беретін жандар табылса, онда өзіме ұнаған іспен айналысып қана қоймай ақша табатын едім. Сәннен қалмай әдемі киімдер тігу үшін үнемі білімінді шыңдап, сән әлеміндегі жаңалықтардан да хабардар болу керек. Осы мамандықтың қыры мен сырына үңіліп, қиындығы мен қызығы қатар жүретін ғажайып мамандықты жаңа бір қырынан танытсам деймін. Жаны жабырқаған адамдарға көмектесіп, әділдік жолын ұстанғым келеді. Мен болашақта сән әлемінің астанасы саналатын Милан және Париж қалаларында өзімнің сән апталығымды өткізсем деп армандаймын.

Мамандықтардың ішінде шығармашылыққа жақын тігіншілік – нағыз өнер. Осындай өнерді бала кезінен меңгеріп, кейін есейген шақта мықты тігінші атанғым келеді.

Шеберлердің мазасын алып, білмегенімді қайта-қайта сұрап, көйлек пішуді, тігісті түзу етіп тігуді үйрендім. Өз ісінің шебері Орынша Анварқызы бізге өз білгенің үйретуде Жеңіл өнеркәсіп колледжінің өндірістік оқыту шебері болып қызмет атқарады, тек тігін үйретіп қоймай қыз баласының тәрбиесіне көп көңіл бөліп, біліммен тәрбиені егіз ұғым деп қатар алып жүреді. Еңбек тәрбиесі – барлық тәрбиенің қайнар көзі дейтін болсақ бала алған білімін іс жүзінде қолдана біліп, оны өмірмен, өзінің іс-әрекетімен күнделікті тіршілік қызметімен байланыстыра білгенде ғана өзіне де, қоғамға да пайдасын, жемісін береді.



ЕСЕПТЕР ҚҰРАСТЫРУ ЖӘНЕ ШЫҒАРУ

Ақтөбе қаласы
№ 61 ЖББОМ бастауыш сынып мұғалімі
Айтжанова Аккумис Избаскановна

Білім беру ұйымының атауы	61 ЖББОМ			
Пәні:	Математика			
Бөлім:	Саяхат Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті			
Педагогтің аты-жөні:	Айтжанова Аккумис Избаскановна			
Сынып:	1 сынып.			
Сабақтың тақырыбы:	№82. Есептер құрастыру және шығару			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	1.5.1.1**есепті сызба, сурет, қысқаша жазба түрінде модельдеу/есепті шешу үшін тірек сызбасын таңдау; 1.5.1.3** қосындыға берілген есептерді талдау және шығару			
Сабақтың мақсаты	есепті сызба, сурет, қысқаша жазба түрінде модельдейді/есепті шешу үшін тірек сызбасын таңдайды қосындыға берілген есептерді талдайды және шығарады			
Құндылықтар	Талап: Білуге, жаңаны тануға құштар болу			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут Өткенді пысықтау 5 минут	Психологиялық ахуал қалыптастыру Өткенді пысықтау Сабаққа кіріспе «Доп лақтыру» әдісі. Мұғалім тақтадағы есептердің сұлбалар бойынша сұрақтар қояды. Бұл қандай есеп түрінің қысқаша жазбасы? Оны қалай анықтадың? Бұл есептерді қалай атайды? Оқушыларды оқу мақсаты және бағалау критерийімен таныстыру ФС-тапсырма. Жаңа сабақ. ҰЖ №1. Суреттер және сұлбалар бойынша есептер құрастыр. Оларды шығар. Қызыл күрте киген – 4 с. Сары күрте киген – 2 с. ?с.  Шешуі: $4+2=6$ (с.) Жауабы: 6 спортшы. ӨЖ. №2. Сурет бойынша есеп құрастырып, оны шығар. Салды	Мекендерді табады Тапсырманы орындайды Есепке талдау жасайды Есеп шығарады	 Дескриптор: Суреттер және сұлбалар бойынша есептер құрастырады Оларды шығарады. Сурет бойынша есеп құрастырып, оны шығарады	Парақтар Оқулық Суреттер Оқулық Суреттер

Сабақтың ортасы 20 минут Сергіту сәті 2 минут Сабақты қорыту 8 минут Кері байланыс 5 минут	 Болды-7бәліш Салды-3б Барлығы -? Ш: $7+3=10$ Ж: 10б болды «Көршімен бөліс» ЖЖ.№3.Сурет бойынша есептер құрастыр. Бірінші балықшының ауына 20 кг, ал екінші балықшының ауына 60 кг балық түсті. Екі балықшы барлығы неше килограмм балық аулады? ЕБҚ қолдау көрсетіледі,бірнеше есептерді шығарады  ТЖ.№4. Есепте. Досынды тексер. $60 - 20$ $20 + 60$ $10 + 80$ $70 - 30$ Зерттеушілік тапсырма №5. Сурет бойынша салыстыр. $3 > 5$ $4 < 3$ ЕБҚ қолдау көрсетіледі,бірнеше есептерді шығарады Кері байланыс	Өзіндік жұмыс жасайды Дәптермен жұмыс жасайды Ксептеу жүргізеді Кері байланыс жасайды	Керемет! .Сурет бойынша есептер құрастырады Математик боларсың! Дескриптор: Берілген өнектерді есептейді Сурет бойынша салыстырады  Кері байланыс	Суретте р Оқушы жұмысы Суреттер Кері байланыс тақтасы
--	---	--	---	--

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ақтөбе қаласы. Ш.Құдайбердіұлы атындағы
№ 66 жалпы білім беретін орта мектебінің
информатика пәні мұғалімдері
Сапабекова Гүлшат Исембаевна
Жақсылық Гүлсезім Оңбергенқызы

Бастауыш сыныптарында оқушылардың сөйлеу мәдениетін, яғни жатық сөйлеу дағдыларын жетілдіру-бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселесі. Ертеңгі күнгі тіліміздің хал-жағдайын бүгіннен ойлап, сөйлеу мәдениетін бастауыш мектеп оқушыларна сіңіру арқылы ғана қазақ тілін таза күйінде сақтауға болады. Бұл қажет те. Бұл тұрғысында академик Р.Сыздықова былайша пайымдаған: «Қажеттіктің бір себебі — жалпы мәдениеттің, оның ішінде тіліміздің әлеуметтік... қызметінің дамуында болып отыр. Сол дамуға талаптың да күшеюінде болып отыр. Бұл — бір. Екінші жағынан, бұрынды-соңды қазақша тіл, сөйлеу мәдениеті деген мәселелер қазіргідей белгілі бір мақсат көздеп, кең түрде жан-жақты сөз болған емес. Сондықтан кезегі жеткен жайт болып отыр. Үшінші бір себебі, жасыратыны жоқ, ауызша сөйлеу практикамызда не білместіктен, не немқұрайдылықтан, не өзге себептерден қабақ шыта қынжылар кейбір ақаулар етек алып бара жатқандығын болып отыр».

Оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастырудың жоғарыда айтылған жайттардан басқа да бірнеше маңызды қажеттіліктері бар. Біріншіден, бастауыш мектеп оқушыларының жатық сөйлеу дағдыларын қалыптастыру арқылы олардың адамгершілік қасиеттері тәрбиеленіп, жеке бас тұлғасын ізгілендіруге болады, екіншіден, топ алдында қысылмай сөйлеуге дағдыланған оқушының бойында лидерлік қабілет жетіліп, өзіндік ой-пікір айтуға үйренеді, үшіншіден, айтар сөзін, жазар ойын нақты әрі толық жеткізуге дағдыланған оқушы сабаққа қызығып, білім үлгерімі жоғарылайды, төртіншіден, сөйлер сөзінде әрбір сөзді орнымен, өз мағынасымен қолдануға дағдыланған шәкірт ертеңгі күні қазақ тілінің мәртебесін көтерер ұлттық тәрбие негіздерімен сусындайды.

Оқушылардың жатық сөйлеу дағдыларын мақсатты түрде әрбір сабақ сайын әдістемелік жүйеде қалыптастырып отырылған жағдайда ғана олардың пәнге деген қызығушылықтары оянып, сабақтағы белсенділіктері артады. Бұл бастауыш мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне қатысты психологиялық, әлеуметтік жағдайларға байланысты. Бастауыш мектеп оқушылары мақтағанды ұнатады, құрбыларының алдында өзін көрсеткісі келеді. Сондықтан мұғалім оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру барысында неғұрлым кішіпейіл, өзі мен оқушылардың арасындағы қарым-қатынасты гуманистік бағытта ұстаса, соғұрлым алдына қойған мақсатқа тезірек жетеді. Аталған мәселелерге бастауыш мектеп мұғалімдері ерекше мән беруі керек. Себебі, қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін ең алдымен бастауыш мектеп оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастыру қажет. Бұл тұрғыда Т. Қордабаев төмендегідей тұжырымдаған: «Өмір өріне алғаш қадам басқан жас ұрпақ болашағына қажетті нәрді мектептен алатыны белгілі. Мектеп беретін сондай нәрдің бір-бір болғанда да бірегейі — оқушы жастардың сөйлеу, жазу мәдениеті. Жасыратыны жоқ, бұл салада мектептеріміздің өнімді ісі әзірше байқалмайды. Оны біз республикамыздың түкпір-түкпірінен жоғары оқу орындарына түсу үшін жылма-жыл келіп жататын оқушылар білімін тексеруден де байқаймыз. Солардың басым көпшілігінде кездесетін ең негізгі кемшіліктің бірі — шығарма жазуда болсын, ауызша емтиханда болсын өз пікірлерін, тіпті біліп тұрғандарын мәдениетті түрде жеткізе алмайтындықтарында, тілдік элементтерді өзіне лайықты орында дұрыс қолдана білмейтіндіктерінде».

Оқушылардың жатық сөйлеу дағдыларын қалыптастыру — бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Сонымен қатар, оқушылардың жатық сөйлеу дағдыларын қалыптастыру арқылы олардың жалпы біліміне тікелей оң әсер етуге болады.

Мұғалімдер оқушыларға жалаң бір жақты тілдік материалдарды меңгертіп қана қоймай, оқушылардың игерген тілдік материалдардағы тіл заңдылықтары мен ережелерді өз сөздерін қалай қолданып жатқандығына баса көңіл аударуға тиіс. Оқушылардың қате сөйлегендеріне кешіріммен қарап, оларды қате жіберуге дағдыландырмау керек.

Бұл үшін мұғалім әрбір сабақта оқушыларды дұрыс, әрі жатық сөйлеуге, сөйлеген сөздерінде қандай сөз қолданғанын байқауға, синоним сөздерді мағыналық реңктеріне қарай орынды пайдалануға дағдыландыруы қажет. Оқушыларды жатық сөйлеуге үйрету арқылы олардың тілдік материалдарды жеңіл игеруіне ықпал етуге болады. Себебі, жатық сөйлеу дағдысын меңгерген оқушы ауызша болсын, жазбаша болсын тілдің негізгі заңдылықтарын қолданады. Бұл жөнінде Ф.Ш.Оразбаева былайша ой қорытқан: « Сөйлеу ерекшеліктерін меңгерген оқушы өз ойын ауызша және жазбаша түрде іске асырады. Бұл — тілді қолданудың тәжірибелік көрсеткіші. Сол себепті оқушы тілді адамдармен қарым-қатынас құралы ретінде үйренгені дұрыс».

Бастауыш мектеп оқушыларының сөйлеу дағдыларын қалыптастыру деп оқушылардың ауызша және жазбаша тілдік қатынаста өз ойын анық, тілдік нормаларға сай толық, дәлелді және тіл тазалығын сақтай сөйлеуін айтамыз.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мәселесі аз зерттелген. Жалпы сөйлеу мәдениетінің негізгі белгілерін, оның басты принциптерін айқындау ісі күні бүгінге дейін өз шешімін тапқан жоқ. Академик Т. Қордабаев сөйлеу мәдениетінің негізгі белгілерін анықтауды, ең алдымен сөйлеу тілінің өзіндік ерекшеліктерін, оның синтаксисін, стилін зерттемейінше, қандай сөздер сөйлеу мәдениетіне жатады, ал қандай сөздер жатпайды деген мәселеге әділ билік айту қиын екендігін былайша тұжырымдайды: « Біз «Сөйлеу мәдениеті» дегенді жиі айтамыз. Ал сөйлеудің қайсысы мәдениетті, қайсысы мәдениетсіз болатындығына әділ билік айту үшін, сөйлеу тілінің өзіндік ерекшелігін, оның жазу тілінен қандай айырмашылығы барлығын білу керек.

Орыс лингвистикасында сөйлеу тілі ерекшелігін арнайы зерттеген бірнеше күрделі еңбектер бар. Ал бізде бұл жөнінде жазылған шағын мақала да жоқ. Сөйлеу тілінің өзіндік ерекшеліктерін, оның синтаксисін зерттеп білмей тұрып, сөйлеу тілінің стилі, сөйлеу тілінің нормасы жөнінде не айтуға болады».

Сөйлеу мәдениетіне қатысты бірнеше көлемді зерттеулер жүргізген, іргелі еңбектер жазған М. Балақаев, Н. Уәлиев, М.Р. Кондубаева, Л.И.Скворцова, Б.Н. Головин, М.В. Чистяков, М.М. Михайлов, Н.И.Семашко, Г.О. Винокур сөйлеу мәдениетінің негізгі белгілерін ажыратып, тіл мәдениетінің өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты қарастырған.

М.Р. Кондубаева сөйлеу мәдениетінің қалыптасуының негізгі белгілеріне мыналарды жатқызады:

1. Сөйлеу тілінің қысқа да дәл болуы;
2. Тіл тазалығы;
3. Сөйлеу тілінің ұғынықты болуы;
4. Сөйлеу тілінің логикалық байланыста болуы;
5. Сөйлеу тілінің орынды қолдануы;
6. Сөйлеу тілінің мағыналылығы (выразительность);
7. Сөйлеу тілінің әсер етуі (воздейственность)

М.Балақаев « Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту» атты еңбегінде оқушылардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру қазақ тілін оқыту әдістемесінің міндеті екендігін айта келе, тіл мәдениетінің екі түрін: баспасөз тілінің мәдениеті мен сөйлеу тілінің мәдениетін бөліп көрсетеді. Ғалым тіл мәдениетінің ең жоғарғы деңгейі формасы, белгісіне — шешендік жатқызады. Ғалым бұл тұрғыда былай деп тұжырымдайды: « Сөйлеу мәдениетінің жоғарғы формасы — шешендік, « Өнер алды — қызыл тіл» екенін білген адам сол шешендік өнерін үйренуге құлшынады, бірақ жұрттың бәрі бірдей даңқты шешен бола алмайды. Әркімнің білім дәрежесі, ақыл-ой парасаты әр түрлі болатындай, жалпы тіл мәдениетінің, әсіресе шешендік өнерінің дәрежесі де әр түрлі болады. Соның өзінде, тіпті, ел бастайтын көсем де, жұртты аузына қарататын шешен де бола алмаспын деген сауатты, мәдениетті кісінің де қоғамда атқаратын қызметіне сай шешендік өнері болу керек» М. Балақаев тіл мәдениетінің орфографияға да, пунктуацияға да, орфоэпияға да, синтаксиске де, тіл дамытуға да, шешендік сөйлеуге де қатысты екенін атап көрсетті.



БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы
"№ 7 жалпы білім беретін мектеп" КММ
Бастауыш сынып мұғалімі
Турениязова Замира Андреевна

Баланың шығармашылық қабілеттерін дамытудың жолдарын, құралдарын анықтау психология мен педагогика ғылымдарында өте ертеден зерттеліп келеді. Шығармашылық әлемдік мәдениеттің барлық дәуіріндегі ойшылдардың назарында болғандығын «шығармашылық теориясын» жасауға деген көптеген ізденістердің болғандығынан байқауға болады. Бұл әрекеттер өзінің логикалық шегіне жеткен деп айтуға болмайды. Сондықтан шығармашылық педагогикасының негізгі мақсаты - бүгінгі күн талаптарынан туындаған, озық қоғамға лайықты жаңа сана, рухани сапа қалыптастыру және дамытуда тың жолдар мен соны шешімдер іздестіру болып табылады.

Оқушының шығармашылық қабілетін дамытуды талдап, түсіну үшін «қабілет» деген ұғымды түсініп алуымыз керек. Қабілет ұғымына психологиялық тұрғыдан көптеген ғалымдарымыз анықтамалар берген. Академик Т.Тәжібаев «қабілет – іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдығыдай, нәтижелі орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті» деп түсінік берді.

- Ұлы ойшылдарымыз Ж.Баласағұни, Әл-Фараби, Абайды да «шығармашылық», «қабілет» деген ұғым-түсініктер ерекше толғандырып, ой салған. Сондықтан бүгінгі педагогиканың негізгі мақсаты – озық, қоғамға лайықты, жаңашыл әдіспен жұмыс істейтін, өзінің еңбектерінде адамның жеке басын, қабілеттерін дамытуды көздейтін адамды тәрбиелеу болып отыр. Мысалы, көрнекті ағартушы Ы. Алтынсариннің өз шығармаларында қабілеттерді дамытудың жолдары қарастырылса, ал М.Жұмабаев оқушы шығармашылығына бағыт-бағдар беруді ең алғаш білім мазмұмына негізген ғалым-педагог болды. Ал ғалым Қ.Ә.Жаманбаева өзінің зерттеу жұмысының негізгі идеясы «оқушыларды сөз өнеріне баулу, көркем шығармашылық қабілеттерді дамыту жолдарын айқындаған». Я.А.Паномарев «шығармашылық қабілетті» «даму» ұғыну мен қатар деп түсіндіреді. М.Мухаммеддин ойын әрекеті арқылы шығармашылық қабілеттердің даму жолдарын түсіндіреді. «Шығармашылық әрекет» өмірде оқушының ақыл-ойын, талантын, ойлауын сонымен қоса өзін дамытатын болса, онда «даму» сөзінің немесе терминнің мәнін былай түсіндіруге болады. «Даму» сөзінің психологиялық анықтамасы «жаңару», жаңаның өмірге келіп, ескінің жойылуы деген ұғымды береді. Бала психикасы үнемі дамып, өзгеріп отырады.

Баланың шығармашылық қабілетін дамыту мәселесін талдау ең алдымен «қабілет» ұғымының мәнін терең түсініп алуды қажет етеді. Философияда «қабілеттерді» тұлғаның белгілі бір әрекетті орындауға жағдай жасайтын жеке ерекшеліктері дей келе, олар қоғамдық-тарихи іс-әрекеттердің нәтижесінде қалыптасып, әрі қарай дамып отыратындығы атап көрсетілген.

«Қабілет» ұғымына берілген психологиялық анықтамалар саны баршылық. Қабілеттер деп әрекеттің талаптарын қанағаттандыратын және үлкен жетістіктерге жеткізетін адамның қасиеттерінің синтезін атайды. «Қабілеттер - білім алуға қажетті адамның психологиялық ерекшеліктері». «Қабілеттер - іс-әрекеттің белгілі-бір түрін ойдағыдай, нәтижелі орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті» т.б. Қабілеттер мәселесі көптеген зерттеушілердің назарын аударып келді, әлі де күн тәртібінен түскен жоқ деуге болады.

Ең алғаш қабілеттер мәселесін көтерген С.Л.Рубинштейн іс-әрекеттің қабілет дамытудағы ролін нақтылады. Осыдан бастап қабілеттердің әрекетте дамытындығы жайлы теория қалыптасып, бұл екі теория бір тұтастықта қарастырылатын болды.

Ерекше тоқталуды қажет ететін еңбектер қатарына Б.М.Теплов және оның шәкірттерінің еңбектері жатады. Олар қабілеттерді жеке адамның психологиялық айырмашылығы деп қарастырып, қабілеттер дамуындағы нышандардың роліне ерекше назар аударады. Қабілеттер туа пайда болады деген пікірлерге қарсы, туа берілген тек табиғи алғы шарттар, яғни нышандар деп қорытындылайды.

А.Н.Леонтьев басқа авторлардың қабілеттерге берген анықтамаларына қосыла отырып, оларды дамытудағы әлеуметтік жағдайлардың шешуші ролі болатындығына назар аударады.

Қабілеттер жайлы ой-пікірлерді әрі қарай өрбіте отырып, Б.Г.Ананьев қабілеттер тек білім, білік жиынтығы ғана емес, оларды қолдана білудегі дербестік, саналылық, шығармашылық деген пікір айтады. Қабілеттердің дамуын тұлғаның дамуымен байланыстырады. Сондай-ақ, ол таланттылық жайлы мәселе көтеріп, таланттылық деп қабілеттердің көпқырлылығы екендігін айтады, оның пікірі бойынша, нышан қабілеттердің алғы шарты және олар тек іс-әрекетте ғана қабілетке айналады.

Бала бойындағы дарындылық сияқты ерекше қасиетті зерттеген Н.С.Лейтес қабілетті іс-әрекеттің белгілі бір түрінде жетістіктерге жеткізетін психологиялық қасиет ретінде қарайды. Ақыл-ой қабілетінің алғышарты белсенділік және өзін-өзі реттеу деген қорытынды жасайды.

Қабілеттер мәселесі - оқушылардың жекелік айырмашылықтар мәселесі. Қабілеттер туа бітетін қасиет емес, олар өмір сүру барысында дамып отырады. Қабілеттер дәрежесі әр адамда әр түрлі деңгейде болады. Бала бойындағы жалпы және арнайы қабілеттердің алғы шарты нышан болып табылады. Қабілет әрекетте байқалып, сол әрекет арқылы дамып отырады.

Қабілет әрекеттің белгілі-бір түрімен айналысуға мүмкіндік беретін бейімділікте байқалады. Академик Т.Тәжібаев бейімділікті адамның әрекетпен айналысуға бет бұрысы, оған көңілінің аууы, оянып келе жатқан қабілеттердің алғашқы белгісі ретінде көрсетеді. Бала кезде ерекше көзге түсетін бейімділігі оның келешек қабілетінің көрсеткіші екендігін айтады.

Психолог Н.С.Лейтес баланың бейімділігін тәрбиелей отырып, оның жалпы қалыптасуына, ақыл-ойының өсуіне жағдай жасауға болатындығына тоқталады. Сондықтан әсіресе бастауыш сынып мұғалімдерінде кішкентай бала бойындағы бейімділікті көре, болжай білу қасиетінің, оны әрі қарай дамытуға деген үлкен жауапкершіліктің болғаны дұрыс деп есептейді.

Қабілеттер мәселесін қарастыруда «талант», «дарын» терминдерін айналып өтуге болмайды.

Көптеген зерттеушілер мен психологтар «таланттылық» деп белгілі бір салада (өнер, музыка т.б.) жоғары жетістікке жеткізетін қабілетті атайды. Олар таланттылықтың тұқым қуалау арқылы берілуі өмірде кеп кездесетін жағдай болғанымен, ол бірден-бір фактор бола алмайтындығын дәлелдейді (З.Гильбух, В.С.Юркевич).

Қабілеттер тұлғаны айшықтайтын компоненттердің бірі болса, онда «тұлға» немесе «жеке бас» ұғымының мәнін түсініп алу қажеттігі туады. «Тұлға» (латынша - persona) ертеден келе жатқан ұғым. Бұл сөзбен алғаш актерлер сахнада беттеріне киіп жүретін масканы атаған. Бүгінгі күні ол әлеуметтік мәні, қасиеттері бар нақты адамды білдіреді. А.Н.Леонтьев тұлғаны қоғамдағы адамның даму дәрежесіне байланысты оның психикасында болатын жаңа сапасы екендігін жазады. Ал, Э.В.Ильенков тұлғаларды қоршаған ортада да, өздеріне де өзгеріс енгізе алатын адамдар ретінде тануды ұсынады.

Академик Т.Тәжібаев жеке адам әлеуметтік қатынастарымен саналы іс-әрекетті жүзеге асырушы, нақты қоғамның мүшесі, өзін басқалардан ажырата білетін, өзінің кім екенін түсінетін, есі кірген ересек кісі екендігін анықтайды.

Тұлға болып қалыптасу - баланың жаратылысынан бастап, қоршаған орта, басқа да әр түрлі әлеуметтік факторларға байланысты дамитын күрделі үдеріс. Демек, бастауыш сынып оқушыларының тұлғалылығын тәрбиелеу үшін, ең алдымен олардың қабілеттерін дамытудың мәні зор.

Өлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр Әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы» трактатында бақытқа жетудің бірден-бір жолы адамның ақыл-ойын, қабілеттерін қалыптастырып, дамыту арқылы жүзеге асатындығын айтып өшпес мұра етіп қалдырған ғалым.

Бүкіл бір халықтың ұстазы ұлы Абай өзінің қара сөздерінде, бала өмірге келгендегі бойындағы қабілеттерін қалыптастырып, дамытуды қажет ететіндігін, сонда ғана ол пайдаға, керекке асатынын жазып, назардан тыс қалған жағдайда бала бойындағы қабілеттері бара-бара жойылып кететін, оған қайта қол жеткізу қиынға түсетінін айтқан.

Бастауыш сынып оқу-танымдық қызығушылық қабілеттерін қалыптастыру мәселесін талдау ең алдымен «қабілет» ұғымының мәнін терең түсініп алуды талап етеді.

«Қабілеттер-білім алуға қажетті адамның психологиялық ерекшеліктері» –дейді А.В.Петровский.

«Қабілет іс-әрекеттің белгілі бір түрін орындай алу мүмкіндіктері» деген де анықтама бар. «Мүмкіндік білім де, дағды да емес. Ол адамның белгілі бір істі орындауға даярлығы» деп қарастырады Ә. Алдамұратов.

Қабілеттілік мәселесінің теориялық және практикалық негізін қалауда С.Л. Рубинштейн еңбектері зор роль атқарады. Ең алдымен қабілеттіліктің дамуы туралы, қабілеттің қалыптасуының негізін салса, кейінірек олардың көрінуінің психологиялық құрылымын ашып берді. С.Л.Рубинштейн қабілеттілікті нақты бір іс-әрекетке икемділік деп түсіндіреді. Қабілеттілік – жаңа бір іс-әрекетті жеңіл меңгерумен, сонымен қатар индивидтің бір іс-әрекеттен екінші бір іс-әрекетке көшуі мен қабылдау тәсілдерін терең меңгере алуы. Оның айтуы бойынша қабілеттің негізі туа біткен нышан, тұқым қуалаушылықтың белгісі болып табылады. Яғни, адамның жүйке, ми аппараттарының анатомиялық-физиологиялық ерекшелігі болып табылады. Осыған орай, ғалым «қабілет-нышандардың негізінде дами отырып, нышанның өз бетінше функциялануы емес, тек дамудың негізгі кезеңі, алғы шарты» - деп жазды.

Бала бойындағы дарындылық сияқты ерекше қасиетті зерттеген Н.С.Лейтес «қабілет - іс-әректің белгілі бір түрінде жетістіктерге жеткізетін психологиялық қасиет», - деген анықтама береді. Ақыл-ой қабілетінің алғышарты белсенділік және өзін-өзі реттеу деген қорытынды жасайды.

Қабілеттер жайлы еңбектер мен зерттеулерді талдай отырып, бұл проблемаға деген қызығушылықтың үнемі болып отыратындығын және оларда соншалықты қарама-қайшылықтың жоқ екенін байқауға болады. Аталған еңбектердің әрқайсысы қабілеттер мәселесінің теориялық негіздемесін қамтамасыз етіп, әрі қарай жетілдіру жолдарын белгілеуге үлес қосады. Қабілет туа бітті қасиет емес, ол тәрбие арқылы қалыптасады және дамиды. Қабілеттің қалыптасуына мінез, табандылық, еңбексүйгіштік, ерік күші қатысады. Ал бұл аталған қасиеттер адам нақты, қатаң әрі белсенді әрекет жағдайында болғанда қалыптасады, жетіледі.

Қабілеттер проблемасы – оқушылардың жекелік айырмашылықтар проблемасы. Мүлдем еш нәрсеге қабілеті жоқ адам болмайды әр адам бойында бір нәрсеге деген қабілет болады. Қабілеттер дәрежесі әр адамда әр түрлі деңгейде болады. Бала бойындағы қабілеттердің алғы шарты нышан болып табылады. Қабілет әрекетте байқалып, қалыптасып дамып отырады. Қабілеттер туа бітті қасиет емес, олар өмір сүру барысында қалыптасып, дамып отырады.

«Қабілет - әр адамның белгілі бір іс-әрекет түріне икемділігінде немесе мақсатқа бағытталған, тәлім-тәрбие жұмысына байланысты бір іс-әрекетке ұйымдасқан түрде бейімделуінен байқалады. Бейімділік-адамның әрекетпен айналысуға бет-бұрысы, оған көңілінің аууы, оянып келе жатқан қабілеттердің алғашқы белгісі», - деп жазды академик Т.Тәжібаев.

Қабілеттер мәселесін қарастыруда «талант», «дарын», «данышпан» терминдерін айналып өтуге болмайды.

Туғанына он ай толмай жатып кішкентай Гейнрих “суретке салынған заттардың көпшілігін айырып атайтын» болды. Ол үш жасқа келгенде ертегілерді өзі оқып, математиканың төрт амалымен есеп шығара алады, көп ұзамай сәби француз тілін үйреніп, географиядан жақсы мағлұмат алады және мыңнан астам латын мәтелін біледі.

Гейнрихтың даңқы әлемге жайылып, оны Дания королі қонаққа шақырады. Сол дарынды сәби төрт жастан төрт ай асқанда қайтыс болған.

Қазіргі математиканың негізін салушы Гаусс үш жарым жасында әкесінің салық төлеу жөніндегі есебін көріп, соның қатесін шығарып әкесінің жиырма бес талер ақшасын сақтап қалыпты деседі. Ол алгебралық есептер мен сандар теориясы жөніндегі өзінің дарынын ерте танытқанға ұқсайды. Гаусс өзінің ең басты жаңалықтарын негізінен 14 пен 17 жастың арасында ашыпты.

Кибернетиканың атасы Ноберт Винер бес жасынан бастап ғылымға ден қояды да, тоғыз жасында он сегіз жасар балалармен бірге оқиды. Он екі жасында колледжге түсіп, он төрт жасында оған ғылыми атақ беріледі. Сонымен қатар қазақтың аса дарынды күйші композиторы Құрманғазының шәкірті Дина Нүрпейісова өзінің күйшілік қабілетін сегіз жасынан-ақ байқатып, бір-ақ рет тыңдаған күйін мүдірмей, айна қатесіз, дәл орындай алған.

Дарынды актер, әрі режисер Шәкен Аймановтің де жалпы өнерге деген құштарлығы бала кезінен-ақ айқын байқалғандығы жайлы Қазақстанның халық әртісі Кәукен Кенжетаев тебірене еске алады. Небары отыз жыл өмір сүрген Шоқан Уалихановта аз ғана ғұмырының ішінде адамзаттың ғылымға, оның көптеген саласына баға жетпес көп үлес қосты. Ол музыка сурет саласында да, публицистика мен жазушылық өнерде де, өзін жоғары биіктен көрсете білді.

Ғалымдар адам бойында әрекеттің бірнеше түрін орындай алу мүмкіндігінің бар екенін дәлелдейді. Б.М.Теплов ақындықпен қатар музыкаға, суретке қабілетті болған А.С.Грибоедовты мысал ретінде

келтірсе, ұлы Абай, Шоқан, Шәкәрім сынды ғұламаларымыздың қалдырған мол мұралары да осының айғағы дегіміз келеді. Халқымыздың «жігітке жеті өнер де аз», «сегіз қырлы, бір сырлы» т.б. нақыл сөздері адам табиғатының шексіз мүмкіндіктерін көрсетеді.

Шығармашылықтың мәні, шығармашылық іс-әрекет туралы әр кезде әртүрлі пікірлер болған. Мысалы, XX ғасырдың басында белгілі бір философиялық сөздікте «шығармашылық деп жаңа нәрсе ойлап табу, жаңалық ашу», - дей келе – ол әр адамға тән нәрсе емес, құдайдың құдіретімен болады. Ал адам шығармашылығы салыстырмалы түрдегі әрекет – деген.

Кейін зерттеле келе шығармашылыққа берілген анықтамалар да өзгере бастады. Соңғы кезде шығармашылық сөзімен «жаңалық» сөзі мәндес, астарлас болып табылғандай, психологиялық анықтамаларда «бұрын болмаған жаңалық» деу үзілді-кесілді болғанымен ерекше соны жаңалық жаңа жол, жаңа шешім екенін мойындаған екен. Ал баланың ашатыны субъективті жаңалық. Ол тек өзіне ғана жаңалық болып табылады. Шығармашылық жөнінде жазылған еңбектерді талдай келе, төмендегідей қорытындыға келдік.

Бастауыш сынып оқушысының шығармашылығы - тек өзіне ғана жаңалық болып табылатын, субъективті жаңалық. Оқыту барысында оқушылар шығармашылығын қалыптастыру және дамыту мәселесі шығармашылық үдерістің қандай кезеңдерден тұратындығын, яғни неден басталып, немен аяқталатындығын білуді талап етеді. Көрнекті француз математигі Адамар шығармашылық үдерісті 4 кезеңге бөледі: дайындық кезеңі; инкубация, жасырын идеялар, тұйыққа тірелу кезеңі; интуицияның жарқ етуі, эврика; тексеру кезеңі.

Шығармашылық қабілеттердің жоғары деңгейі - дарындылық, талаптылық мәселесінің теориясына терең бойлаған В.Э.Чудновский, В.С.Юркевич, И.П.Волков осы феноменнің ерекшеліктері, олармен жұмыс түрлері, дарынды, талантты балалар жайлы ой қозғап, оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге байланысты тәжірибелерімен бөлісіп, ұсыныстар береді.

Шығармашылық қабілет ұғымы, шығармашылық туралы айтылған ойлар мен жасалған тұжырымдамаларды талдай отырып, мынадай ерекшеліктерін көрсетуге болады: шығармашылықтағы карама-қайшылықтардың болуы; әлеуметтік немесе жеке адамға деген мәнінің болуы; шығармашылыққа арналған шарттардың, жағдайдың болуы; шығармашыл тұлғаның жекелік қасиеттерінің болуы; нәтиженің жаңалығы.

Шығармашылық үдерістің әр кезеңінде бала бойында әртүрлі сапалық қасиеттер қалыптасып жатады. Мысалы: алғашқы кезеңдерде жаңалықты сезіну, қайшылықтарға деген күдік, шығармашылық елес орын алады. Белгісіздік кезеңіндегі «бас қатырулар» табандылық, танымдық белсенділік, эрудицияны қалыптастырса, еңбектің нәтижесі баланы жоғары көңіл-күйге бөлеп, жаңа істерге жігерлендіреді. Мұның барлығы бастауыш мектеп оқушыларында болуға тиісті қасиеттер болып табылады.

Әрине, шығармашылық жұмыстың түріне, мақсатына қарай бұл кезеңдер бір-бірімен астасып, қабысып жатуы әбден мүмкін. Оларда қалыптасып, өрі қарай дамып отыратын сапалар да бірі анық көрініп, бірі, керісінше, уақытша көмескіленіп жатуы ықтимал. Дегенмен, тұтас алғанда, әр баланың бойындағы табиғи, қайталанбас ерекшеліктермен біріккен кезде аталған сапалар көп жағдайда шығармашыл тұлғаның таңғажайып үлгісін құрайды.

Зерттеушілер шығармашылық әрекеттерге әртүрлі анықтамалар береді. Мысалы: И.Я.Лернер шығармашылық әрекет ретінде білім, білік, дағдыны жаңа жағдайға тасымалдай білуді, объектінің жаңа қызметін көре білуді, жаңа шешім табуды белгілейді. А.Н.Лук шығармашылық әрекетті мәселені шешудегі көрегендікке, қырағылыққа, идеяларды іске асыру, болжай білу қабілеттеріне балайды.

Оқушылардың шығармашылығын дамыту мәселесі қазіргі кеңінен қолданылып келе жатқан дамыта оқыту технологиясымен тікелей байланыста жүзеге асырылады. 80-жылдардың аяғында Қазақстанның қоғамдық-саяси болған өзгерістер оқыту, тәрбиелеу ісіне де жаңалықтар енгізіп, жаңа легі әкелді. Республика мектептеріндегі оқыту жаңадан жазылған төл оқулықтар, жаңа бағдарламалар негізінде жүргізіліп, білімнің мемлекеттік, әлемдік стандартқа сай болуы қарастырылды. Оқытудың жаңа технологияларының кеңінен енгізілуінің, әсіресе халықтық педагогиканы пайдалана отырып, ұлттық үдерісте тәрбиелеудің маңызы ұшан теңіз.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ

**Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы
"№ 7 жалпы білім беретін мектеп" КММ
Бастауыш сынып мұғалімі
Тураева Гульнара Мұхаммадовна**

Бастауыш сыныптарда оқыту барысында оқушылардың таным процестерін дамытуға, олардың тіл байлығын және өз ойын сөйлеу арқылы басқарларға жеткізу тәсілдерін қолдаудың ойлау процесін дамытуға қосатын үлесі өте үлкен. Қазақ халқының бай тәжірибесінде көптеген оқу процесінде қолданылатын ойындар, өлеңдер, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар т.б. ауыз әдебиет туындылары бар. Олардың терең мазмұны бастауыш сынып оқушыларының тіл байлығы мен ой-өрісін дамытып, сонымен қатар барлық қабілетін дамытуға үлкен үлесін қосады. Осы материалдарды іріктеп алып, оны тақырыпқа байланысты қолдану-оқыту барысында оқушылардың ойлау процесін дамыту проблемасын шешудің тиімді жолы болады.

Ойлау қабылдау елестермен тығыз байланысты. Түйсік пен қабылдау танымның бірінші баспалдағы болғандықтан, олардан тыс ешбір ойлау болмайды. Ойлау сезім мүшелері арқылы алынған мәліметтерді өңдейді. Ойлау сезімдік мағлұматтардың негізінде ғана мүмкін болатын нәрсе.

Бастауыш сынып оқушылары әркез өзінің алдына мақсат, міндет қоя білуі қажет. Бұларды басқа адам да қоюы мүмкін, өмір тәжірибесі мен білімі жеткілікті кісі алда тұрған міндетті тез аңғарады да, мәселе қоя біледі, ой процесінің бағытын айқындайды. Бұдан соң мәселені шешу, яғни ойдың негізгі кезеңі басталады. Бұл адам психологиясына ерекше әсер ететін өзекті, аса мәнді кезең болып есептеледі. Ойдың кейде шындықтан ауытқитын кездері де болады. Бұл адамды шындықтағы құбылыстар жөнінде қате көзқарасқа, теріс пікірлерге де алып келеді. Қоғамдық тәжірибенің адам танымының тарихи дамуының барысында ғана бұлар біртіндеп, түзетіліп отырады. Түйсік пен қабылдауға қарағанда ойлауда қателесуге мүмкіндік бар, әйтсе де, ойлау құбылыстарының мәнін екі жақтан (теория мен тәжірибе) бірдей қарастырылып, тереңірек біліп отыратындықтан, қабылдау мен елестерге қарағанда әлдеқайда жоғары тұрады. Сөйтіп, ойлау сыртқы дүниені мида бейнелеудің ең жоғары формасы.

Ойлау дегеніміздің өзі мәселені шешу, оның мәнісін түсіне білу деген сөз. Мысалы, «Сырдария Арал теңізіне құяды» деген сөйлемде ой тууға негіз боларлықтай себеп жоқ. Өйткені бұл бұрыннан бізге белгілі нәрсені білдіретін хабарлы сөйлем ғана. Ойлау қашан да белгілі қажетке байланысты қамға қазірше белгісіз жайтты іздестіруден туындайды. Проблемалық ситуация (жағдай) адам ойлауының түрткі қазығы. Бізге әзірше белгісіз, ойланып-толғануды қажет ететін құбылыстың бірі проблемалық жағдайға салды.

Адам сұрақ қою арқылы алдындағы кедергіні сезеді, оны біртіндеп қояды, сөйтіп өзінің әртүрлі заттарды тану қызығуларына жауап алады. Сұрақ қою, оны дәл тұжырымдау, мәселені «ойда ұстай білу» сұрақты талдай білу және жинақтау, шығару тәсілі мен амалдың орталық түйінін табу, жорамалдар жасай білу т.б. Ойлау процесіне мәселелерді шешу үшін аса қажетті жағдайлар болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларында тануға негізделген тікелей түсінулер байқалады. Бұл тікелей түсінулер заттарды тікелей қабылдаудан туған түсінулер. Егер зат баланың өткен тәжірибесінде болмаған болса, оны бірден түсіну қиынға соғады. Түсіну үшін оны алдымен жан-жағынан жақсылап қабылдап алу қажет. Жанама түсіну - жаңа затты, құбылысты белгілі ұғымға жанастыра барып түсіну деген сөз. Баланың сыртқы дүниенің сан килы сырларын түсіне алуы жанама түсінулер арқылы ғана жүзеге асады. Бір нәрсенің мәніне түсіну үшін жай тану жеткіліксіз, оған қоса, оның себебін, яғни нәліктен осылай болып тұрғанын білу керек. Мектеп жағдайында кейбір оқушылардың оқыған әңгімесін, математикалық ережелерді дұрыс түсіне алмайтын фактілері жиі кездеседі. Мұғалімдер, көбінесе, оқушының әр жаңа материалды не себептен түсінбей қалатынын, кезінде талдау жасап отырмайды. Бастауыш сынып оқушыларының ойлауы үнемі кедергісіз жүріп отыратын процесс емес, ол кейде құбылыстарды толық бейнелей алмайды, тіпті қателіктер де жібереді, бірде білмегенін екіншіде біледі. Міне, осы жайларды мұғалім асқан байсалдылықпен ескеріп отыруы тиіс.

Сондықтан жаңа сабақты бірден түсіне алмай қалған оқушыларды ұғымы төмен деп кінәлаудың өзі педагогикалық тұрғыдан дұрыс болмайды.

Бастауыш сынып оқушыларының ойлауы негізінде нақтылы келетіндіктен, олар көп нәрселерді өз калпында түсінуге бой ұрады. Мысалы, бір зерттеуден үшінші сыныптағы оқушылардың аллегориялық ұғымдардың мәнін жете түсінбейтіндігі анықталған. Олар: «білімді» деген ұғымды тек «оқитын адам»; «дүние» ұғымын «байлық», «ақша»; «жақсылық» ұғымын «жақсы нәрсе»; «ер» ұғымын «аттың ері» деп олардың заттық, бейнелік жақтарына көбірек көңіл аударады да, осы ұғымдардың мәнін салыстыру арқылы түсіндіріп бере алмайды.

Бастауыш сынып оқушыларының құбылыстарды түсіне алуында олардың сөз байлығының, сөздік қорының өсіп отыруын қадағалау зор маңызға ие болады. Мұғалімнің жаңа сабақты түсіндірудегі әдістемелік шеберлігінің (әр ұғымды өз мәнінде толық түсіндіру, сөйлемдердің қысқа, ықшам болып келуі, екі ұшты сөйлемге т.б.) жоғары болуы оқушы түсінігінің жақсы дамуына қатысы бар басты факторлардың бірі.

Ойлау саласындағы дара айырмашылықтар. Адам ойлауына тән жалпы заңдылықтар болғанмен, жеке адамның Ойлау әрекеті даралық ерекшеліктерге толы. Әрбір адам бірінен-бірі ойының кеңдігі немесе тарлығы, орамдылығы, ұшқырлығы, дербестілігі, оны жүйеліп, сынға алу т.б. сапаларымен ажыратылады.

Ойының кеңдігі бар адам еркін ойлайды, мәселені ескі әдетпен, үйреншікті жолмен шешпейді. Ой-парасаты кең адам мәселені түрліше әдістермен шешеді, бұрын сыналып қате деп табылған әдіске жоламайды. Ой-өрісінің кеңдігіне қарама-қарсы қасиет ойдың тарлығы. Мұндай адам мәселені шешуге шорқақ, ойға шабан, ол баста ойына келген бір әдісті шырқ шалдырады да жүреді. Тіпті оның жарамсыз әдіс екенін байқаса да, басқаша пікірмен келуге батылы жетпейді. Мұндай адам ой әрекетін өз қажетіне жарата білмейтін, енжар адам. Халық ерте замандардың кезінде ақыл-ойдың кеңдігін ерекше қастерлеген. Мысалы, «Ой ойласаң тең ойла, тең ойласаң кең ойла» деген мақалда қандай мәселені болмасын тұтас, барлық жағынан қамти ойлау керектігі, ойлаудың кең, тиянақты болуы оның белгілі логикалық талаптарға сәйкес құралуына қарай болатындығы айтылған [46].

Ойлаудың ұшқырлығы, кейбір адамдар мәселенің барлық жақтарын көре біледі, оны тез шеше алады, ойы аса сергек және белсенді келеді. Мұндай адамдар орынсыз асып-саспайды, жағдаймен санасады, осындай қасиетті ойдың ұшқырлығы дейді. Бұған қарама-қарсы қасиет-ойдың асығыстық түрі. Мұндай адам ой жұмысымен онша басын ауыртпай ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүреді. Бұл адамдар енжар ойлылыққа әдеттенген, дайын тұжырымға жармасқыш, жеңіл ойлауға, мәселені үстіртін шешуге бейім келеді. Басқалардан көмек күтпей, мәселені өз бетімен шешу - адамның жақсы қасиеттерінің бірі.

Оқушының ойлауына бағыт бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына еңгізген Мағжан Жұмабаев болатын. М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» деген еңбегінде ойлаудың жан тұрмысы үшін керектігі және оның өркендеуінің тиістілігін атап өтеді: «Ойлау адам өмірінде аса қымбат орын алады. Ойлау болмаса, адам басқа жануар сияқты, заттарды, көріністерді құр жадына, есіне ғана алып, жат бір көрініс ұшыраса, оны шеше алмайтын, оған түсіне алмайтын бір жан иесі ғана болар еді. Келешекте не болатынын. Тұрмысы қалай өзгеретінін білмейтін бір саңылаусыз соқыр болар еді. Адам ойлау арқасында ғана заңдардың, көріністердің араларындағы байланысты белгілеп, олардың себептерін табады. Келешекте оларға не болатынын ойлап шығарады. Келешекті болжап та алады екен.

Ойлау түрлерінің ерекшеліктері адам есеп шығарғанда ерекше байқалады.

Бастауыш сынып оқушылары үшін басты мәселе - олардың интеллектін дамыту. Белгілі психолог Л.С.Выготский жеті жасар оқушыда есте сақтау мен түйсіктің орасан зор мүмкіндіктері бола тұра ергежейлі интеллект болатындығын айтқан. Интеллект әуел бастан-ақ ойлау қабілетінің қуатты да басым моменті бола алмайды, өткен жастағы функцияларымен салыстырғанда өте нашар болады. Интеллекттің ең шарықтап дамуы бастауыш сынып балаларының жасында болады. Барлық танылатын процестер ойлаумен тығыз байланыста дамиды. Мұғалімнің басшылығымен жасалатын жұмыс, өз мінез-құлқын белгілі бір талаптарға сай бағындыру қажеттігі оқушыдағы еркіндіктің психикалық процестердің ерекше сапасы қасиеті ретінде дамуына саяды. Назарлары да еркін бола түседі. Егер бұрын балалар назары тек өздеріне қызық, айқын, нәрселерге аударса, енді мектеп жағдайының алғашқы күндерінен-ақ, дәл сол сәтте, өзін қызықтырмайтын пәндерге зейін қоюы және айтылған әңгімелерді зердесінде ұстап калуы талап етіледі.

Бастауыш сыныпқа келген балалар жеткілікті түрде жетілген қабылдау процестерімен келеді, бірақ олардың сабақтағы қабылдауы тек түрлер мен формаларды біліп, аттарын атаумен ғана шектеледі.

Ойлау – адам соның арқасында заттар мен шындық құбылыстарын олардың елеулі белгілері бойынша бейнелендіретін және олардың ішінде сондай-ақ арасында болатын әр түрлі байланыстарды ашатын психикалық процесс.

Ойлау – аса күрделі психикалық процесс. Оны зерттеумен бірнеше ғылым айналысады. Бұлардың ішінде логика мен психологияның орны ерекше. Психология түрлі жас мөлшердегі адам ойының пайда болуы, дамуы, қалыптасуы жолдарын, яғни жеке адамның ойлау ерекшеліктерінің заңдылықтарын қарастырса, логика – бүкіл адамзатқа ортақ ой әрекетінен заңдары мен формаларын айқындайды, адам ойының нақты нәтижесі болып табылатын ұғым, пікір, дәлел, ой формаларының табиғатын зерттейді. Ойлау ерекшеліктерін таным мен ой процесінің сатысы ретінде зерттеу, ойлаудың білім мен тікелей байланысты екендігін көрсетеді..

Баланың ойлау қабілетін дамыту мәселесі, мектеп тәжірибесінде үлкен орын алады. Оқушы қабілетіне қарай ең басты мәселені айыра білсе, демек ол күрделі шығармашылық тапсырманы орындай алады.

Сонымен ойлау дегеніміз - мәселені шешудегі толғану процесі. Ойлану - дамушы құбылыс және ол адам басында үнемі жұмыс күйінде кездеседі.

Ойланудың негізгі қызметі жұмбақ мәселелерді шешу. Мәселелердің шешілуі адам басында реттеліп отырылады. Ой процесі көзге көрінбейтіндіктен оның дәл өзін зерттеу мүмкін емес. Сондықтан ойлану туралы зерттеулер, олардың процесс күйін емес, ойлану қалайша жүзеге асып, реттеліп отыруы үшін қандай шарттар қажет екенін тексеруге арналған.

Ойлаудың дамуы дегеніміз - оның мазмұны мен формасының өзгеруі, ол оқушының танымдық қызметі барысында пайда болады.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ЖАЗБАША ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫ



**Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы
"№ 7 жалпы білім беретін мектеп" КММ
Бастауыш сынып мұғалімі
Сагинова Жамал Калилашовна**

Бастауыш кластарды көптеген сан алуан жазбаша жаттығулар беріледі. Бұл ерекше мұқият орындалуға және жақсы толтырылуға тиіс. Бұл орайда барлық оқушылардың дәптерлерді ұқыпты жүргізудің маңызына болашақ мұғалімнің назарын аударғым келеді. Мектептерде қатал орындалып отыруға тиісті дәптер жүргізуінің белгілі бір режимі орнатылуы қажет. Бала үшін тапсырма өзінше проблемалық ситуация болатыны екендігі жөнінде айтылып отыр. Баға бұл өзінше баланың тапсырманы қалай орындаған дәрежесін оған білдіру. Бұл мектептің күнделікті өмірінде кездеседі.

Тапсырма яғни оқу жағдайы деп отырғаны сол тапсырмаға кіріспей тұрып, соны орындауға арналған ережелерді білу, не сол жөнінде тиісті мәліметтерге ие болу, мысалы, диктовка жазу үшін соған кіріспей тұрып, бірнеше сабақтарда жеке сөздердің құрамын, солардың қандай буындардан тұратынын біліп және сөз бен сөйлемдерді құрудағы ережелерді меңгені білу қажет. Егер осыларды білмесе, оқушы диктовканы дұрыс жаза алмайды. Сол сияқты тиісті есепті шығару үшін, әуелі мағлұматтардың \сандардың\ өзара байланысын, байланысты қалай табу тәсілдерін бір операциядан екінші-операцияға көшуді т.б. білу қажет. Осыларды білудің қажет екені мынадан: баланың әрекеті ілгеріде айтқандай, үш кезеңнен тұратыны рас болғанымен, пәлендей мәселені шешу \диктовка жазу, есеп шығару т.б.\ сол кездегі әрекеттесудің жемісі емес. Мұны орындау үшін оқушы алдын-ала дайындық жұмысынан өтуі тиіс. Ал оқу әрекетінен ендігі бөлшегіне келсек, осының өзі тиісті мағлұматтарды пайдалана отырып, сол тапсырманы орындаудан тұрады. Осыны оқу әрекеті дейді. Тапсырманы қалай орындауда және пәндер сабағына тәуелділігі түрліше келеді. Айталық, кіші оқушылар сөздің құрамы және осындағы морфемалардың ролін білу үшін мынадай бірнеше әрекет жасауы қажет.

Егер бала тиісті дайындық кезеңдерінен өтпей, оның немесе бірнеше тізбегін орындауға үйренбей

тастап кетсе, тапсырманы орындай алуы мүмкін емес. Бұл жерде оқу ситуациясы деп отырғаны жұмбақ мәселелерді шешу үшін осыған орай жағдайды ережелерді т.б. еске алу керек деген мағынаны білдіреді. Себебі тиісті тапсырманы орындаттыру үшін, соған қатысты мағлұматтармен жақсы танысып, соларды тиісті ситуацияға қолдана білу қажет. Соңғы кезде оқушылардың ойлау қызметіне басшылық ету сипатына қарай әдістерді саралау ұсынылып түсіндірме, иллюстрациялық, репродуктивтік, проблемалық баяндау, ішінара іздестіру, зерттеу әдістері.

Білімдерді алу-көзіне қарай әдістерді саралау көбірек қабылданғаны саналады (сөздер, көрнекі құралдар, практикалық қызмет). Осылай қарауға сәйкес әдістер үш топқа біріктіріледі.

1. *Сөйлеу әдістері*: әңгімелеу, түсіндіру, әңгімелесу, оқулықпен және кітаппен жұмыс істеу.

2. *Көрнекілік сөйлеу әдістері*: бақылау, көрнекі құралдарды көрсету, кинофильмдер мен диалымдер.

3. *Практикалық әдістер*: ауызша және жазбаша жаттығулар.

Жаттығулардың сипаты мен методикасы оқу пәнінің, нақтылы материалдың, оқылатын мәселенің және оқушылар жасының ерекшеліктеріне байланысты. Алайда дидактика жаттығуларды жүргізудің бірқатар ортақ ережелерін тұжырымдайды.

Жаттығуды орындау мақсаты мен тәртібін оқушылардың санасына жеткізу бірінші ереже болып табылады. Жаттығудың сан алуандылығы-оларды ұйымдастырудың екінші маңызды ережесі.

Үшінші ережесі-жаттығуларды жүргізу жүйелілігі. Мұнда жаңа материал түсіндірілгеннен кейін жаттығулар жиі беріледі. Жаттығудың қиындылығын бірте-бірте арттыру-оларды өткізудің келесі ережесі.

Жаңа материалды оқып үйренгеннен кейін мұғалім бірден соған стәне тән жаттығуларды береді, бұларда оқушылар үйренген белгілер мейлінше айқын да бадырая көрінеді.

Егер балалар оқу еңбегінде: есепті тексере отырып шығаруда, ана тілі бойынша жаттығуларды орындағаннан кейін тексеруде, өзін-өзі қадағалауға үйренген жағдайда жаттығулардың тиімділігі арта түседі. Дұрыс ұйымдастырылған жаттығулардың үлкен тәрбиелік маңызы болады. Оқушыларға жаттығулардың ықпал сипаты олардың өзіндік орындалу сипатына байланысты. Жаттығулардың мазмұнының да маңызы кем емес. Бұл жоғары идеялылық талапқа сай болуы тиіс.

Оқу-практикалық жұмыстар. Бұлардың мақсаты оқушылардың алған танымдық білімдерін бекітуді және нақтылауды, оқытудағы мен практиканың байланысын толығырақ жүзеге асыруды қамтамасыз ету.

Практикалық жұмыстар тек класта ғана жүргізілмейді. Бұған өсімдіктерді баптап өсіру, малды күту, егінді жинау, мектеп жанындағы учаскелердегі сабақтар енгізіледі. Тікелей еңбек бұл практикалық жұмыстың логикалық жалғасы, оның қажетті құрамдас бөлімі.

Мектептің оқу-тәрбие беру процесінде практикалық жұмыстардың көлемін ұлғайту дидактиканы олардың тиімділігін арттыру жағдайларын іздестіруге итермелейді. Практикалық жұмыстардың ғылыми білімдермен тығыз байланысты осындай жағдайлардың бірі асыру өмір шындығын бейнелі түрде қабылдауға байланысты қалыптасатын түсініктерін ролін ешбір кемітпейді. Табиғат құбылыстары жөнінде, тарихи оқиғалар мен осы заманғы қоғамның өмір оқиғалары туралы, қазіргі кездегі техника туралы, көркемөнер шығармалары туралы берілетін түсініктер бастауыш кластардағы программалық материалдың елеулі бөлігін құрады.

Оқыту үстінде заттық-бейнелік көрнекілік арқаратын рольді кейбір методикалық әдебиеттер мен бірқатар мектептердегі жұмыс практикасында орын алғанындай кемсітудің ешбір қисыны жоқ. Бұған оқыту ісіндегі эмпирикалық және теориялық бастамаларды бір-біріне орынсыз қарама-қарсы қою есебі болып келді. Программалық материалды игеру деңгейі, демек, оқыту ісінің әсерлілігі де көрнекіліктің әралуан құралдарын пайдаланып отыруға көп жағынан тәуелді келеді. Бұрынырықта көрсетіп кеткеніміздей, белгілі бір жағдайларда көрнекі құралдарды пайдаланып отыру оқушылардың абстрактілік ойын дамытуға ғана емес, сонымен бірег оқушылар тарапынан аса маңызды ойлау операцияларының меңгерілуіне септігін тигізеді.

Оқу процесінде көрнекі құралдарды пайдалану белгілі бір жағдайларда ғана әсерлі болады деп біз жайдан-жай жақылыс айта салған жоқпыз. Ендеше ол нендей жағдайлар?

Көп мәселенің түйіні сол көрнекі құралдардың сипатына тәуелді болады. Мұғалімнің сабақ үстінде қандай да бір көрнекі құралдарға қандай роль жүктейтіндігінің де едәуір маңызы бар. Оқу процесінде әр-түрлі информациялық деректерді, оның ішінде көрнекі құралдар мен мұғалімнің өз сөзін бір-бірімен дұрыс ұштастырып отырудың мәні зор.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ



**Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы
"№ 7 жалпы білім беретін мектеп" КММ
Бастауыш сынып мұғалімі
Умарова Светлана Азатовна**

Бастауыш білім алу үрдісінде оқушылар дұрыс, еркін, тез әрі түсінікті оқуға, өз ойларын ауызша, жазбаша дұрыс қорытуға, мазмұндауға, арифметикалық есептер шығаруға бауланады, оларға табиғат жөнінде кейбір түсініктер беріледі.

Оқу барысында балалардың көркем өнерге деген ынтасы, өнерге деген ықылысы, сүйіспеншілігі артады, шығармашылық қабілеті, музыкалық сезімі, эстетиканы (көркемдікті) сезіне білу қабілеті дамиды. Баланың ғылыми мәліметтерді ұғып алуға ынталануы, ойлану операцияларын игеруі оның ойлау қабілетінің басты ерекшеліктеріне айналады да, ол қажетті білімдерді меңгере бастайды.

Бастауыш білім алу үрдісінде жасөспірімнің одан әрі білімін жетілдіре беруіне негіз салынады.

Жоғарыдағы педагог-психолог ғалымдардың еңбектерінен бастауыш мектеп жасында бала зейінінің дамуы, ұшқыр да, шапшаң қабылдау, ашық ойлау, есте сақтау жолымен оқу-танымдық әрекетті қалыптастыру қажетті және маңызды екенін байқауға болады.

Бұл жерде бірдей жастағы балалардың жалпы ортақ қасиеттері туралы айтылғанмен, оның өзі оқушыны сенім, дүниетаным, мұрат, бейімділік, қызығу, түрткі, қабілет, талғам, көзқарас арқылы сипатталатын тұлға екеніне сүйенуден шығады.

Жеті жастан он жасқа дейінгі кезеңге неғұрлым тән негізгі белгі мынада: бұл жаста мектеп жасына дейінгі бала мектеп оқушысына айналады. Бұл бала өз бойында мектеп жасына дейінгі балалық шақтың белгілерін оқушының ерекшеліктерімен ұштастыратын өтпелі кезең.

Бұл белгілер оның мінез-құлқында, санасында күрделі, ал кейде қайшылықты үйлесім түрінде қатар жүреді. Қез келген өтпелі күй сияқты бұл шақ көзі ашылмаған даму мүкіндіктеріне бай, оларды дер кезінде байқап, қолдап отыру маңызды.

Адамның кептеген психикалық қасиеттерінің негіздері тап осы бастауыш мектеп жасында қалыптасады және әдетке айналады.

Сондықтан ғалымдардың ерекше назары қазір бастауыш класс оқушыларын дамытудың резервтерін анықтауға бағытталған.

Бұл резервтерді пайдалану балаларды одан арғы оқу және еңбек қызметіне неғұрлым табысты дайындауға мүмкіндік береді.

Бастауыш сынып оқушыларының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері. Бұл жаста дененің барлық органдары мен тканьдарында елеулі өзгерістер болады. Мысалы, омыртканың барлық мойын, арқа бел бүгілістері дамиды. Әйтсе де скелеттің қатаюы әлі де аяқталмайды, оның аса иілгіштігі мен ширақты-лығы да осыдан, бұл дұрыс дене тәрбиесін беру және спорттың көптеген түрімен айналысу үшін елеулі мүмкіндіктер де ашады, сондай-ақ теріс зардаптарға да (дене дамуының қалыпты жағдайлары болмаса) әкеліп соғуы мүмкін.

Бастауыш сынып оқушысы отыратын жихаздар көлемінің сай болуы, стол мен партаға дұрыс отырғызу — бала денесінің, оның тұлғасының қалыпты дамуының аса маңызды шарты, оның кейінгі бүкіл жұмыс қабілеттілігінің шарты екендігі осыдан.

Бастауыш сынып оқушыларының бұлшық еттері мен сіңірлері жылдам қатайды, олардың көлемі ұлғаяды, жалпы бұлшық ет күші артады. Ірі бұлшық еттер майдаларынан ертерек жетіледі. Сондықтан да балалар салыстырмалы түрде алғанда күшті де кең құлашты қимылдар жасауға көбірек қабілетті, алайда оларға дәлдікті талап ететін ұсақ қимылдарды орындау қиынырақ соғады.

Саусақ сүйектерінің қатаюы тоғыз-он бір, ал білек сүйектерінің қатаюы он — он екі жасқа қарай аяқталады. Егер осы жайды ескерсек, онда бастауыш сынып оқушысы неліктен әр кез жазбаша тапсырмаларды үлкен күш жұмсап орындайтыны түсінікті болады. Оның білегі тез талады да, ол өте тез және тым ұзақ жаза алмайды.

Бастауыш класс балаларына, әсіресе I-II сынып оқушыларына жазбаша тапсырмаларды аса көп беруге болмайды. Балаларда ұшырасатын графикалық жағынан нашар орындалған тапсырманы көшіріп алу тілегі кебінесе нәтижені жақсартпайды.

Бастауыш сынып оқушыларының жүрек бұлшық еттері шап-шаң өседі және ол қанмен жақсы камтамасыз етіледі, сондықтан ол салыстырмалы түрде алғанда төзімді болады. Күре тамырлардың диаметрінің үлкендігі аркасында ми жеткілікті қан алады, бұл оның жұмысқа қабілетті болуының маңызды шарты болып табылады.

Мидың салмағы жеті жастан кейін айтарлықтай артады. Әсіресе, маңдай беліктері еспелі олар адамның пси-хикалық іс-әрекетінде жоғары әрі неғұрлым күрделі функцияларын қалыптастыруда үлкен роль атқарады.

Қозу және тежелу процестерінің өзара қатынасы өзгереді. Тежелу (ұстамдылықтың және өзін-өзі бақылаудың негізі) мектеп жасына дейінгі балаларға қарағанда неғұрлым елеулі болады. Алайда козуға бейім болу әлі де аса күшті; бастауыш класс оқушыларының қолды-аяққа тұрмайтындығы осыдан. Саналы да дұрыс тәртіп, үлкендердің жүйелі талап қойып отыруы — балалардың қозу және тежелу процестерінің қалыпты, өзара қатынасының қалыптасуына қажетті сыртқы шарттар.

Сонымен қатар жеті жасқа қарай олардың жалпы байланысы тәртіпке, орнықтылыққа, төзімділікке қойылатын жаңа, мектеп талаптарына сай болады. Осылайша, мектеп жасына дейінгі балаларға қарағанда бастауыш класс оқушыларының скелет-бұлшық ет жүйесі едәуір қатайды, жүрек-тамыр қызметі салыстырмалы түрде тұрақтана-ды жүгікенің қозу және тежелу процестері көбірек тепе-теңдікке ие болады.

Мұның бәрі — мектеп өмірінің бастамасы — баладан айтарлықтай ақыл-ой күшін ғана емес, сонымен қатар үлкен дене төзімділігін де талап ететін ерекше оқу қызметінің бастамасы болғандықтан ерекше маңызды.

Бастауыш мектеп – бұл оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезеңі. Сондықтан да бастауыш білім берудің алғашқы сатысы.

Соған сәйкес бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы бастауыш білімнің міндетті мемлекеттік стандарты жетілдірілді. Мемлекеттік стандартта дамыта оқыту ұстанымына сәйкес білімнің теориялық деңгейін көтеру, оқу- әрекетін қалыптастыруда білімнің танымдық , шығармашылық ролін мақсат етіп қояды.

Пәндерді оқыту арқылы ұлттық және әлемдік тәлім нәрімен сусындаған, болашақ халық игілігін жасайтын азамат тәрбиелеу.

Ал міндеті- оқушылардың танымдық деңгейін кеңейту, шығармашылық және еңбек біліктерін, қабілеттерін дамыту, рухани байлықты дамытуға жағдай жасай, салауатты өмір салтын насихаттау.

Соның негізінде ұшқыр ойлы, жаны сұлу, тәні сау, шығармашылықпен ойлай білетін дара тұлғаны тәрбиелеуге ұмытылуымыз қажет. Оқушылардың оқу- танымдық іс- әрекетін, белсенділігін қалыптастыруда олардың қабілеттерін дамытуға, танымдық жан қуаттарының оянуына ықпал етіп, ізденісіне, талабын ұштауға білім деңгейін жетілдірудің маңызы ерекше.

Оқушылардың оқу – танымдық іс – әрекеті – күрделі процесс. Ол іс – әрекет мақсатын, мазмұны мен қорытындысын, түрлері мен әдістерін, мотивтерін, деңгейлерін қамтиды. Оқу – танымдық іс – әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті.

Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекетті орындаудың тәсіл-амалдарынан тұрады. Оқу үрдісі оқушылардың оқу- танымдық әрекеті негізінде жүзеге асады, ал оқу - танымдық әрекеті негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады.

Танымдық белсенділіктің орындалуы оқушылардың оқу материалын түсінуге, өткенді жаңамен байланыстыруға, негізгісі мен қосымшасын анықтауға, алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға, өз пікірлерінде оларға сүйенуге ұмтылысынан көрінеді.

Білімді саналы меңгеру өз бетімен жаңа білім алуға мүмкіндік беретін ақыл-ой еңбегінің өзіндік тәсілдерін игермейінше іске аспайды. Оқушылардың белсенді танымды іс- әрекетінің көздейтін мүддесі - білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету негізінде дамыту. Белсенділіктің ең жоғарғы көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде, тәжірибеде нәтижелі пайдалана білуі болып табылады.

Оқу үрдісі оқушылардың танымдық әрекеті нәтижесінде жүзеге асады, ал танымдық әрекеті негізінде оқушыларда танымдық белсенділік қалыптасады.

Демек, оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруды арнайы ұйымдастыру- оқу үрдісін ұйымдастыра білудің маңызы зор.

Оқушылардың белсенділігінің маңызды шарты оқыту процесіндегі өзін-өзі бақылау мен өзін- өзі бағалау болып табылады. Сондықтан да оларды осындай қызметке қажеттілік пен дағды қалыптастыру мұғалімнің бірден бір міндеті болып табылады. Өзін- өзі бақылау мен өзін- өзі бағалау қазіргі оқыту технологиясының міндетті элементі болуы қажет.

Білімді саналы және белсенді меңгеруде басты рөл жарқын үлгілерді белгісіз оқушының қосымша оқу материалын пайдалануы арқасында көрініс табатын қызығушылыққа беріледі. Саналылық және белсенділік принциптерін жүзеге асыру үшін оқылатын материалдың тек мазмұнына ғана емес, сондай-ақ оқыту процесінің өзіне де қызығушылық қалыптастыру қажет. Оқушыларға тек жаңа ақпарат алу ғана емес, сонымен қатар оқу, оларға таным процесінің өзі де қызық болуы керек.

Бұл ережелерді сақтау жалған білім жинақтауды емес, сенімді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқыту үрдісінде оқушының танымдық белсенділігін қалыптастыру үшін білімдер мен әрекет тәсілдерін алуды қажеттендіруді қалыптастыратын шарттарды, өзін- өзі бейімдеу шарттарын, мәселелерді шешудің түрлі нысандарын ұйымдастыру дағдыларын дамытудың шарттарын қамтамасыз етуі тиіс.

Оқушылардың танымдық белсенділігінің деңгейлеріне тоқталатын болсақ, оның ең жоғарғы деңгейі танымдық міндеттерді өз бетінше қоюмен, тапсырмалардың шешімін табуда неғұрлым тиімді жолдарын болжаумен және өз бетінше айқындаумен, өздігінен бағалаумен сипатталады. Ал орташа деңгей жоғары деңгейдің кейбір элементтерінің оқытушының көмегімен орындалатынымен сипатталады, мұнда мұғалім танымдық тапсырма беріп, оның шешуін бақылауы немесе оқушыға шешу тәсілдері көрсетуі тиіс.

Төменгі деңгейде оқушыға белгілі бір әрекеттің үлгісі болғанда, оларды орындау тәсілдері туралы көмек болғанда ғана танымдық әрекетін ынталандыруға, белгілі тәсілдерге бағдарлануда көрініс табады. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың негізгі факторларына оладың өз мүмкіндігін сезінуі, оқушылардың өз таңдауымен жұмыс істеуі, оқу үрдісіне баланың өз әрекетінен қанағаттануы; оларға мұғалім тарапынан қойылатын талап пен қабілеттерінің сәйкес болуы; мұғалімнің өзіндік жұмысты ұйымдастыра алуы, т.б. жатады.

Бұл факторлар оқу мотивтерінің өрісін кеңейтіп шығармашылық әрекетіне негіз қалайды. Қабілеттер оқушыға дайын түрде берілмейді, ол оқыту барысында жүзеге асатын дамудың нәтижесі.

Оқу, білім алу қабілеттерінің деңгейі әр оқушыда әр түрлі болғандықтан, мұғалім танымдық тапсырманы беру кезінде оны ескеруі тиіс.

Төменгі сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттыру үшін білімді меңгерудің мынадай мақсаттары керек:

Мақсатты қоя алу (мақсатты түсіндіру); ·

Мақсатты жүзеге асыра білу (орындалатын бөлігі) ·

Нәтижені бағалай алу (бақылау, баға).

Бүгінгі мектептерде тек қана екінші буын –орындалатын бөлім ғана жүзеге асады. Сондықтан да ол мектеп тәжірибесінде кең таралған, өйткені мұғалім оны оңай қолдана алады. Мақсатты қоя білуге тоқталсақ, онда ол мақсаттың тек қана жекеленген, бөлек, бір-бірімен бірікпеген оқу үрдісінің мұндай түрі оқушылардың өз қызметін бақылап, оған баға беріп, нәтиженің тиімділігін қалыптастырмайды.

Басқаша айтқанда, оқушының танымдыққа емес, тіпті оқу үрдісіне деген қызығуының артуы екіталай. Осы көрсетілген үш элементтің жүзеге асырылуы үшін оқу пәні ішкі ой ерешеліктеріне, яғни, ол ойдың даму тарихы мен қалыптасуына, сонымен қатар әр оқу пәні – жалпы білім жүйесінің тек бір ғана бөлігі екенін түсінгенде ғана іске аспақ.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы
"№ 7 жалпы білім беретін мектеп" КММ
Бастауыш сынып мұғалімі
Умбетова Нуржамал Изтургановна

Бастауышта қазақ тілін оқыту әдістемесі күн өткен сайын дамып, өркендеуде. Қазақ елінің ғылымы мен білімі басқа елдермен интеграциялық ауыс-түйіс жүргізіп жатыр. Басқа мәдениеттегі елдерден қазақ елінің салт-дәстүрлеріне қайшы келмейтін, ұлттық сана - сезімге дұрыс келетін әлем білімінің озық әдіс-тәсілдері, жаңа инновациялық технологиялары ұлттық білім беру салаларына көптеп енгізілуінен қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымының ұтылмасы анық. Бұл қадам арқылы қазақ елінің болашақ ұрпақтарының білімі әлем алды елдері балаларының білімімен тең болады. Сондықтан қазіргі кезеңде бастауыш мектепте қазақ тілін дәстүрлі емес сабақтар арқылы оқыту тәжірибелері жүріп жатыр. Бұлар - қазақ тілін оқыту мәселесін жетілдіруді көздеген еңбектер. Себебі, қазіргі кезеңдегі әдістеме Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасында көрсетілгендей « ... білім алушылардың еңбек рыногындағы бәсекеге қабілеттігін қамтамасыз ету... » қажет.

Бастауышта оқушылардың сөйлеу мәдениетін, яғни жатық сөйлеу дағдыларын жетілдіру-бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселесі. Ертеңгі күнгі тіліміздің хал-жағдайын бүгіннен ойлап, сөйлеу мәдениетін бастауыш мектеп оқушыларна сіңіру арқылы ғана қазақ тілін таза күйінде сақтауға болады. Бұл қажет те. Бұл тұрғысында академик Р.Сыздықова былайша пайымдаған: « Қажеттіктің бір себебі — жалпы мәдениеттің, оның ішінде тілдің әлеуметтік... қызметінің дамуында болып отыр. Сол дамуға талаптың да күшеюінде болып отыр. Бұл — бір. Екінші жағынан, бұрынды-соңды қазақша тіл, сөйлеу мәдениеті деген мәселелер қазіргідей белгілі бір мақсат көздеп, кең түрде жан-жақты сөз болған емес. Сондықтан кезегі жеткен жайт болып отыр. Үшінші бір себебі, жасыратыны жоқ, ауызша сөйлеу практикамызда не білместіктен, не немқұрайдылықтан, не өзге себептерден қабақ шыта қынжылар кейбір ақаулар етек алып бара жатқандығын болып отыр».

Оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастырудың жоғарыда айтылған жайттардан басқа да бірнеше маңызды қажеттіліктері бар. Біріншіден, бастауыш мектеп оқушыларының жатық сөйлеу дағдыларын қалыптастыру арқылы олардың адамгершілік қасиеттері тәрбиеленіп, жеке бас тұлғасын ізгілендіруге болады, екіншіден, топ алдында қысылмай сөйлеуге дағдыланған оқушының бойында лидерлік қабілет жетіліп, өзіндік ой-пікір айтуға үйренеді, үшіншіден, айтар сөзін, жазар ойын нақты әрі толық жеткізуге дағдыланған оқушы сабаққа қызығып, білім үлгерімі жоғарылайды, төртіншіден, сөйлер сөзінде әрбір сөзді орнымен, өз мағынасымен қолдануға дағдыланған шәкірт ертеңгі күні қазақ тілінің мәртебесін көтерер ұлттық тәрбие негіздерімен сусындайды.

Оқушылардың жатық сөйлеу дағдыларын мақсатты түрде әрбір сабақ сайын әдістемелік жүйеде қалыптастырып отырылған жағдайда ғана олардың пәнге деген қызығушылықтары оянып, сабақтағы белсенділіктері артады. Бұл бастауыш мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне қатысты психологиялық, әлеуметтік жағдайларға байланысты. Бастауыш мектеп оқушылары мақтағанды ұнатады, құрбыларының алдында өзін көрсеткісі келеді. Сондықтан мұғалім оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыру барысында неғұрлым кішіпейіл, өзі мен оқушылардың арасындағы қарым-қатынасты гуманистік бағытта ұстаса, соғұрлым алдына қойған мақсатқа тезірек жетеді. Аталған мәселелерге бастауыш мектеп мұғалімдері ерекше мән беруі керек. Себебі, қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін ең алдымен бастауыш мектеп оқушыларының сөйлеу мәдениетін қалыптастыру қажет. Бұл тұрғыда Т. Қордабаев төмендегідей тұжырымдаған: « Өмір өріне алғаш қадам басқан жас ұрпақ болашағына қажетті нәрді мектептен алатыны белгілі. Мектеп беретін сондай нәрдің бір-бірі болғанда да бірегей — оқушы жастардың сөйлеу, жазу мәдениеті. Жасыратыны жоқ, бұл салада мектептеріміздің өнімді ісі әзірше байқалмайды. Оны біз республикамыздың түкпір-түкпірінен жоғары оқу орындарына түсу үшін жылма-жыл келіп жататын оқушылар білімін тексеруден де байқаймыз.

Солардың басым көпшілігінде кездесетін ең негізгі кемшіліктің бірі — шығарма жазуда болсын, ауызша емтиханда болсын өз пікірлерін, тіпті біліп тұрғандарын мәдениетті түрде жеткізе алмайтындықтарында, тілдік элементтерді өзіне лайықты орында дұрыс қолдана білмейтіндіктерінде».

Оқушылардың жатық сөйлеу дағдыларын қалыптастыру — бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Сонымен қатар, оқушылардың жатық сөйлеу дағдыларын қалыптастыру арқылы олардың жалпы біліміне тікелей оң әсер етуге болады.

Мұғалімдер оқушыларға жалаң бір жақты тілдік материалдарды меңгертіп қана қоймай, оқушылардың игерген тілдік материалдардағы тіл заңдылықтары мен ережелерді өз сөздерін қалай қолданып жатқандығына баса көңіл аударуға тиіс. Оқушылардың қате сөйлегендеріне кешіріммен қарап, оларды қате жіберуге дағдыландырмау керек. Бұл үшін мұғалім әрбір сабақта оқушыларды дұрыс, әрі жатық сөйлеуге, сөйлеген сөздерінде қандай сөз қолданғанын байқауға, синоним сөздерді мағыналық реңктеріне қарай орынды пайдалануға дағдыландыруы қажет. Оқушыларды жатық сөйлеуге үйрету арқылы олардың тілдік материалдарды жеңіл игеруіне ықпал етуге болады. Себебі, жатық сөйлеу дағдысын меңгерген оқушы ауызша болсын, жазбаша болсын тілдің негізгі заңдылықтарын қолданады. Бұл жөнінде Ф.Ш.Оразбаева былайша ой қорытқан: « Сөйлеу ерекшеліктерін меңгерген оқушы өз ойын ауызша және жазбаша түрде іске асырады. Бұл — тілді қолданудың тәжірибелік көрінісі. Сол себепті оқушы тілді адамдармен қарым-қатынас құралы ретінде үйренгені дұрыс».

Бастауыш мектеп оқушыларының сөйлеу дағдыларын қалыптастыру деп оқушылардың ауызша және жазбаша тілдік қатынаста өз ойын анық, тілдік нормаларға сай толық, дәлелді және тіл тазалығын сақтай сөйлеуін айтамыз.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мәселесі аз зерттелген. Жалпы сөйлеу мәдениетінің негізгі белгілерін, оның басты принциптерін айқындау ісі күні бүгінге дейін өз шешімін тапқан жоқ. Академик Т. Қордабаев сөйлеу мәдениетінің негізгі белгілерін анықтауды, ең алдымен сөйлеу тілінің өзіндік ерекшеліктерін, оның синтаксисін, стилін зерттемейінше, қандай сөздер сөйлеу мәдениетіне жатады, ал қандай сөздер жатпайды деген мәселеге әділ билік айту қиын екендігін былайша тұжырымдайды: « Біз «Сөйлеу мәдениеті» дегенді жиі айтамыз. Ал сөйлеудің қайсысы мәдениетті, қайсысы мәдениетсіз болатындығына әділ билік айту үшін, сөйлеу тілінің өзіндік ерекшелігін, оның жазу тілінен қандай айырмашылығы барлығын білу керек.

Бастауыш мектепте оқушылардың жатық сөйлеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарының көздеген басты мақсаты — шәкірттердің білімдік, тәрбиелік біліктерін жетілдірумен қатар олардың шығармашылық, ойлау қабілеттерін дамытып, тілдік қарым-қатынаста сөйлеген сөздерінде жаргон, варваризмдер мен қыстырма сөздерден арылту. Осы мақсатқа сәйкес оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмалар оқу жоспарының мазмұнына лайықталып құрылды. Оқушылардың сөйлеу мәдениеттерін қалыптастыру жұмыстары сатыланып, жеңілден қиынға қарай принципін негізге алып жүргізілді.

Бастауыш мектеп оқушыларының тілінде айтылатын ойға қатысты емес сөздер көптеп кездеседі. Кейбір сөйлемдерде бір сөз бірнеше рет қайталанып, оқушының не айтайын деп жатқанын түсініксіз етеді. Мұндай кемшіліктер баяншының сөйлеу мәдениетінің төмен екендігін көрсетеді. Бұл жөнінде тілші-ғалым Н.Уәлиев былай ой тұжырымдайды: « Тіл мәдениетіне жетік болу — тек көп сөз білу емес, сол сөздерді орынды жұмсай білу. Ол үшін сөз мағыналарын, мәндес сыңарларының бояу-нақыш ерекшеліктерін, әдеби, әдеби емес еркін, тұрақты тіркес құрамына ену мүмкіншіліктерін жақсы білу керек».

Оқушылардың сөйлеген сөздерінде, тілінде кездесетін тағы бір кемшілік – күнделікті сөйлеу тілінде жауыр болған, әбден ести-ести құлаққа түрпідей тиетін дайын формаларды пайдалануы. Сонымен бірге тілдерінде мақал-мәтелдерді аз қолдануы. Негізінен бастауыш мектеп оқушылары мақал-мәтелдердің мағынасын түсініп тұрса да, оны тілдерінде пайдаланбайды. Мұндай кемшіліктер бала тілінің әсерлілігін бәсеңдетіп, олардың сөйлеу тілінің әдеби тілдің нақыштары мен көркемдегіш құралдарынсыз күнделікті, ауызекі формада ғана дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар оқушылардың жатық сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда олардың сөйлеу әуендеріне де назар аударған жөн. Әрбір ойдың, сөйлеген сөздің өзіне тән әуені болады.

ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫН АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы
"№7 жалпы білім беретін мектеп" КММ
Бастауыш сынып мұғалімі
БИСЕНБАЕВА АЙМАН СЫРЛЫБАЕВНА**

Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында жан-жақты дамыған сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр.

Білім беру, тәрбиелеу және балалардың ой-өрісі қабілетінің дамуы бұл алға қояр мақсат болып табылады.

Оқу үрдісі оқушылардың танымдық белсенділігі нәтижесінде жүзеге асады, ал танымдық дамыту негізінде оқушыларда танымдық белсенділік қалыптасады.

Ойын әрекеті негізінде оқушылардың танымдық белсенділіктерін қызықтыра отырып, тұлғалық дамуын қалыптастыруға болады.

Мазмұны бойынша ойын әрекеті оқушылардың ақыл-ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді.

Дидактикалық ойын мектеп оқушыларының сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі, олардың пәнге қызығушылығын оятып, ынта-ықылас қоюына баулиды және оқушылардың зейінін, ойлауын, зерделеуін дамытады.

Мектеп оқушыларының төменгі топтарында негізгі ойындық іскерліктер қалыптасады, бұл оларға ойын барысында өзара байланысқан шарттық құралдарды пайдалануға көмектеседі.

Педагогтың алдында мынандай міндеттер тұрады. Ол балалардың шығармашылық белсенділігін теңдестіру.

Бұған ойынның құрамына әртүрлі рөлдерді қосу; әлеуметтік сферадағы әртүрлі өмірді, әртүрлі әдеби шығармаларды, ертегілерді, сонымен қатар, ертегідегі және шын өмірдегі персонаждарды қосады.

Мысалы, педагог (балабақшада тәрбиеші) полиция қызметкерін, от сөндіруші және жалмауыз кемпірді, Тазша баланы, дәрігерді қосады. Жалпы сюжетке мұндай рөлдерді қосу балалардың бейнесін белсендіреді, оларда жаңа күтпеген жағдайларды ойлауына мүмкіндік береді.

Мұғалім оқушылардың ойынға қызығушылығын ескереді, яғни күнделікті ойында олар қалыптаспайды.

Ойын іс әрекетін негізінде қалыптасатын ойындардың ішінде дидактикалық ойындардың маңыздылығы жағынан өзгелерінен бөле-жара айтуға болады. Бірақ, бір ескертетін нәрсе, маңызды екен деп сабақ мазмұнына үйлеспейтін ойын түрлерін қолданудан аулақ болған жөн. Әр ойынның өз реті бар.

Мектепке келген 6 жасар балалар үшін қызықты әрекет, іс-қимыл бола отырып, сонымен бірге оларды тәрбиелеу мен дамытудың аса маңызды құралы болып табылады. Бірақ ол педагогикалық ізденістің арқасында ғана қуатты құралға айналады.

6 жасар балаларды оқытып-тәрбиелеуде педагог балалар игере алатындай ойынның бағдарламалық мазмұнын жоспарлайды, дидактикалық және ойын міндеттерін, қимыл мен ережелерді белгілейді.

Ойын іс-әрекеті негізінде оқушылардың танымдық белсенділіктерін және ойынды педагогикалық процеске енгізе отырып, балаларды ойнауға, А.С.Макаренконың сөзімен айтқанда, “Жақсы ойын” жасауға үйретеді. Ойын түрлерінің оқушыларға үйретері мол және шығармашылық сипаты, жеке балалардың және барлық ойнаушылардың мүдделерін ескере отырып ойын ережесіне бағыну және соларды басшылыққа ала білуі, ойыншықтар мен ойын материалдарын белгілі бір мақсатқа пайдалану, балалардың бір-бірімен достық қарым-қатынастары және көңіл күйлерінің шат болуы ескеріледі.

Ойынды басқара жүріп, мұғалім баланың жеке басының барлық жағына: оның санасына, сезіміне, ерік-жігеріне, мінез-құлқына ықпал жасайды.

Ойын іс әрекеті негізінен ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық және дене мүшелерінің дұрыс қалыптастыру мақсаттары үшін пайдаланады. Мазмұны ойлай білуге құрылған ойын процесінде балалардың білімі мен түсінігі айқындалып, тереңдей түседі. Ойын үстінде қайсыбір рөлді орындау үшін бала өзінің түсінігін ойын әрекетінде көрсетеді.

Бала психологиясына ойын іс әрекетінің ықпалы жастардың болашаққа деген бағыт-бағдары отбасында, мектеп қабырғасында, жалпы еңбек, қоғамдық деңгейде қалыптасады деп алсақ, бүкіл қоршаған дүниенің әр саласының көзқарасқа тигізетін әсері, беретін білімі, тәрбиеге ықпалы әртүрлі болады.

Қазіргі заман талаптарына сәйкес мектептегі барлық буын оқушыларының білімін ойын іс әрекеті тұрғысынан дамыту, жетілдіру-педагогика ғылымының міндеті болып табылады.

Осыған орай білімнің мазмұнын, білім беру жүйесіндегі орнын, оқу-тәрбие процесінің ерекшелігін, оны дұрыс ұйымдастырудың негізгі әдістерін, формаларын жетілдірудің жолдарын білу керек.

Оқу-тәрбие процесінде дидактикалық ойын әрекетін қолдану барысында әр баланың жеке басының ерекшелігі есепке алынуы тиіс. Сабақ барысында әр оқушының ұғымы, сезімі, түсінігі, қабылдауы, қабілеті әр түрлі. Ең бастысы - әр оқушының жеке басын құрметтеу, оның адамдық қасиетіне нұқсан келтірмеу. Қазіргі ізгілендіру заманында әрбір баланың өз мүмкіндігін, қабілетін, іскерлігін, ойлауын, ойын іс әрекеті барысында байқау қажет, сонда ғана олардың білімге, ынтасын арттырып, еңбексүйгіштікке, білімге құштарлық қасиеттерін нәтижелі қалыптастыруға болады.

Мұғалім оқушылармен ойын іс әрекетін ұйымдастырып, оларды үйрету, қалыптастыру үшін ең алдымен балалардың психологиялық ерекшеліктерін білуі керек.

Баланың бойындағы психикалық процестер: зейін, қабылдау, қиялдау, есте қалдыру, ойлау, сөйлеу, сезімдер. Осындай психикалық процестер баланың бойында болуын, өзгеріп жетілуін қарастырады.

Бала мұндай ерекшелік пен іс-әрекетті қимыл жасау процесінде, дидактикалық ойын барысында шешеді. Бастауыш сынып оқушыларының психологиясы психикалық дамуды, заңдылықтарды, іс-әрекеттің дамуын, жеке бастың қалыптасуын зерттейді. Бастауыш сынып жасындағы балалардың психологиясын білу оқыту, тәрбиелеу практикасын дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Оқыту ісі білім берумен қатар оқушылардың танымдық қабілеттерін, логикалық ойлауды дамытуға ойын іс әрекетін пайдаланудың маңызы ерекше.

Дидактикалық ойын арқылы –оқушының білімге деген өте белсенді ақыл –ой әрекеті. Ойын іс әрекеті - танымдық қажеттіліктен, мақсат, танымдық және әрекетті орындаудың тәсіл-амалдарынан тұрады. Ойын іс әрекеттің негізінде оқушыларда танымдық белсенділік, танымдық ізденімпаздық қалыптасады. Т.И.Шамова ойын әрекеті ізденімпаздықты жеке адамның білім мен іс-әрекет тәсілдерін біреудің көмегімен игеруге, қоршаған өмір шындығын одан әрі өзгерту және жетілдіру мақсатымен танымдық міндеттерді шешуге ұмтылысымен және белсенділігімен сипатталатын қасиеті ретінде қарастырады.

Бала белсенділігінің табиғатын тани білу, еңбек және моральдық белсенділік дәрежесі бойынша адамның қоғам мен ұжым үшін жарамдылығын жете анықтау – мұғалімнің басты міндеті.

Ойын балалардың негізгі іс-әректің бір түрі. Бала өмірі ойынмен байланысты. Бала ойынсыз өсе алмайды.

Бұл өмір заңдылығы. Еңбек үстінде адамның көптеген ерекшеліктері дамиды, өмір сүру барысында ол түрлі жолдармен жарыққа шығады. Мысалы: Үлкендер өздеріне тән ерекшеліктерін еңбектену барысында көрсетсе, ал мектеп оқушылары сабақ үстінде, ойын үстінде көрсетеді.

Ойын балалар үшін күрделі әрекет. Балалар білімді ойын арқылы да ала алады және үлкендерден үйренеді.

Сондықтан, сабақта дидактикалық ойын арқылы білімін шыңдап, ой өрісін кеңейтеді. Ал, ойынның мақсаты, жоспары, тәрбиелік мәні, қажетті заттарға ерекшеліктері болады.

Сол ойын арқылы бала көптеген мәліметтер алады, психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады.

Ойын арқылы оқушылардың ойы ұшқыр, шешен әсерлі сөйлеп, ұлт тарихын, мәдениетін, халықтың ғасырлар бойы жинаған асыл маржандарын оңай игеруіне сетігін тигізетіні даусыз.

Ойын – күрделі философиялық, психологиялық, педагогикалық ұғым. Ойын дегеніміз – тынысы кең, алысқа мензейтін, ойдан-ойға жетелейтін, балаға қиялымен қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе, ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

Ойын мен еңбектің бір-біріне ұқсас сипаттары көп, сондықтан кейбір педагог ғалымдар «Жақсы ойын — жақсы жұмыс сияқты»—деп қарап, бұлардың арасында айырма шамалы деген түйін жасайды. Демек, ойын мен жұмыстың ұқсастығы — жақсы ойын да, жақсы жұмыс та көңілді қуанышқа толтырып, рақатқа бөлейді.

Оқытудың әдістері мен құралдары жөнінде мәселелерді қарастырған Дж.Локк та, ең бірінші орынға баланың дамуын, білім алып тәрбиеленуін ойын іс әрекеті арқылы жүзеге асыруын қойған Ж.Руссо.

Ұлттар өміріндегі ұлттық психологиямен тығыз байланысты көкейкесті мәселенің бірі – ұлттық әдет-ғұрыптар, дәстүрлер болып табылса, ұлттың психологияның ерекшеліктері мәдениетте, тұрмыста, сондай-ақ ұлттың әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерде де айқын көрінеді. Қазақ құндылығының ғасырлар қойнауынан сүрінбей етіп, өзінің үрдіс дәстүрін сақтаған айрықша саласы балалар ойындары. Ұрпағын ойламайтын халық болмайды. Онсыз өсіп-өну, ілгерілеу жоқ.

Халықтық ойындар арқылы ұлттық сана-сезімдегі қасиеттерді қалыптастырып, жетілдіру мәселесін қарастырған материалдар да ғылыми қорда баршылық.

* * * * *

КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

**Ақтөбе қаласы Ш. Құдайбердіұлы атындағы
№ 66 жалпы білім беретін орта мектебінің
көркем еңбек пәнінің мұғалімдері
Омирбаев Жұмат Серикович**

Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. ХХІ ғасыр – жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Барлық сала компьютерлендіріле бастады. Сонымен бірге еліміздің ертеңі болар жас ұрпақ компьютерді терең меңгеруі тиіс екені белгілі. Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол “Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі” деген анықтаманы ұсынады. Ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім берудің бір бөлігі. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, On-line сабақтар арқылы іске асырылуда. Қазір мектептердің оқу тәрбие үрдісінде инновациялық технологиялар қолданылып жүргені белгілі. Көркем еңбек пәнін ұтымды меңгеруде оқыту технологиясын тандап, іріктеу және оны жетілдіру арқылы оқушының технологияны қабылдауы, оған деген ынтасының артуына мұғалім тарапынан көңіл бөлінуі тиіс. Жаңа технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады. Сондықтан көркем еңбек сабақтарының негізгі мақсаты-мектеп жасындағы балалардың еңбек ету мәдениетіне тәрбиелеу, икемділікке баулумен қатар, оларды ұлттық қолөнер мұраларын жасап үйрету. Менің тәжірибемде сабағыма қойылатын басты талабым оқушыларға түрлі материалдардың ерекшеліктерін, құрылымын түсіндіру, тиімді тәсілдерді пайдаланып жұмыс істеуге үйрету. Үнемі берген тапсырманы бақылап жүріп, әрбір оқушыдан өзімнің берген нұсқама мен жұмысты дәл орындауын, жұмыс орнындағы қауіпсіздік ережелерін сақтауын талап етіп отырамын. Көрнекілік әдістің үш түрін сабағымда пайдаланамын. Табиғи, бейнелік, (графикалық), экрандық графикалық жұмыстарды оқушылар көркем еңбек сабағында әр түрлі нобайлар, сызбалар сызу барысында қолданамын. Бұл жұмыс оқушыны шыдамдылыққа, дәлдікке, материалды графика арқылы бейнелеуге үйретеді, шығармашылық қиялын, ойлау қабілетін дамытады. Өткізген сабағымның құндылығын оқушылардың өзіндік жұмыстың нәтижесін көріп байқап отырамын.

Оқушылардың шығармашылық белсенділігі өздігінен пайда болмайды, ол үшін шығармашылық жағдай туғызу қажет екені белгілі. Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі - «интерактивті оқыту әдісі». Негізгі қағидасы-педагогикалық қарым-қатынас пен қарым-қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту.

Интерактивті әдістерге мыналар жатады:

Проблемалық шығарма әдістері; презентациялар пікірталастар;
Топпен жұмыс; миға шабуыл әдісі; сын тұрғысынан ойлау әдісі;
викториналар; зерттеулер; іскерлік ойындар;
инсерт әдісі. «Әдіс-мақсатқа қол жеткізетін жол, тәсіл, белгілі жолмен тәртіпке салынған іс-әрекет». Мұғалім оқыту әдістерінің көмегімен оқушыларға білім беріп, олардың тәжірибелік әрекетін ұйымдастыруда өзінің іс-әрекетін оқушылардың таным әрекетіне басшылық етумен байланыстырады. Көркем еңбек сабағын қызықты әрі уақытымды үнемді пайдалану үшін бір сабақтың өзінде түрлі әдістерді өткіземін, мысалы; уақыт шеңбері, кемпірқосақ топтары, қар кесегі, жұптық әңгіме, ыстық орындық, үш қадамдық сұхбат, стикердегі диалог, галереяға саяхат. Оқытушының жеке тұлғаны зерттеуіне, оны толық танып, білуге және оқытудың мақсатына жетуге тиімді, әрі нақты жол ашады. Қазіргі заманғы жаңа ақпараттық технологияны қолдану арқылы оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейін қарқындату, яғни, оқу үрдісінің сапасы мен тиімділігін, танымдық іс-әрекет белсенділігін көрсету, пәнаралық байланыстарды тереңдету, қажет ақпаратты іздеу тиімділігі мен көлемін кеңейту.

Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар:

-дамыта отырып оқыту әдістемесі (Л. Занков) ;
-оза отырып оқыту (С.Лысенкова);
-іс-әрекетті бағалау (Ш. Амонашвили);
-тірек — схема және тірек конспекттері арқылы оқыту (В. Шаталов);
-саралап оқыту;
-деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқыту;
-модульдік оқыту (М. Жанпейісованың);
-Сын тұрғысынан ойлау технологиясы әлемнің түпкір- түпкірінен жыйылған білім берушілердің бірлескен еңбегі, ал бағдарламаның негізі Ж. Пиаже Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа аламын.

Оқушыларым:

-өз бетінше тұжырым жасап, қорыта алады.
-ұқсас құбылыстар арқылы арасынан тиімдісін таңдай біледі;
-проблеманы шеше біледі;
-ұжымда, топта, жұптық жұмысты сараланып, кері байланыс жасай алады;
-пәнге деген қызығушылығы артады;
-өзара сыйластыққа, бір-бірін тыңдай білуге үйренеді;
-жаңа тақырыпты бір-біріне түсіндіріп, ой бөліседі, жұмыстарын жан-жақты қорғап белсенді оқуға қол жеткізеді.

Егер де жаңа технология элементтері сабақта өз дәрежесінде ұйымдастыра білсек, өз нәтижесін береді деп ойлаймын.

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНДІК ҚҰЗЫРЛЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Төменарық ауылы
"№223 жалпы орта мектебі" КММ
Математика пәнінің мұғалімі
Жакипова Құлзада Мырзахановна

Оқушының пәндік құзырлылығы деп оның шығармашылық, теориялық, практикалық және компьютерлік дайындығының сапалық деңгейін айтамыз. Пәндік құзырлы оқушы өзгеге үлгі, ортасының мақтанышы, адамгершілік қасиеттерге ие, өзгені және өзін өзі дамытуға дайын екендігіне кәміл сенуге болады деп ойлаймыз. Құзыр- адамның белгілі бір құбылыс не күрделі мәселе жөнінде ой жүгіртіп, өзінше пайымдай білу қасиеті. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында құзырлылық адам бойында оқудан гөрі, көрген - білгенін көкірекке тоқи білу арқылы қалыптасады.

Құзырлылық – адамның белгілі бір білім жүйесін тәжірибеде пайдалана алу қабілеті. Адамның өзі таңдаған қызметінде өз білімін көтеріп, нені, қалай және не үшін үйрететінін алдын - ала айқындап, білікті маман болуға бағытталуы. Құзырлылыққа үнемі іздену, өзін - өзі жетілдіру арқылы жетуге болады.

Соңғы жылдары әлемдік білім беру тәжірибесінде “құзырет” ұғымы білім беру мақсаттары секілді негізгі ұғымдардың біріне айналды.

Оқушылардың пәндік құзырлылығын қалыптастыру негізінің мазмұнын оқушының тұлғасының сапалық, білімділік мінездемелері құрайды. Оқушылардың пәндік құзырлылығын қалыптасқандығы оның жоғары оқуға түсуінің дайындық көрсеткіші деп түсінеміз.

Біз зерттеу жұмысында, «оқушылардың пәндік құзырлылығын пәндік терең хабардарлығы, практикалық іскерлігі мен дағдылары бар, білімді, өзіне-өзі сеніммен ілгері ұмтылатын, жоғары нәтиже мен сапаға жете алатын тұлғаның интегративті (жүйелі) қасиеті», – деп түсіндік.

Пәндік мәнін және функциясын талдай келе, оның құрылымын құраушы төмендегідей компоненттерін анықтадық шығармашылық, теориялық, практикалық және компьютерлік.

– шығармашылық (математикалық эрудициясы, ойлау интуициясы, танымдық қабілеті, күрделі есептерді шығара білу, өздігімен ғылыми математикалық әдебиеттермен жұмыс істеу);

– теориялық (аналитикалық ойлай, болжай, жобалай және өзіндік ойлай білу, анықтамаларды жатқа білу және теоремаларды дәлелдей білу секілді негізгі теориялық іскерліктер);

1. практикалық (негізгі практикалық іскерліктер: ұйымдастырушылық информациялық, дамыту, ориентациялық және коммуникативтік қарым қатынас жасай білу);
2. компьютерлік (информациялық, ауқымды информациялық жүйеде жұмыс істей білу). Математиканы оқытуда ЭЕМ қолдана білу, оқытатын программалармен жұмыс істей білу, оқушылар білімдерін жүйелегенде және қайталағанда интерактивті тақтада жұмыс істей білу.

Орта мектеп оқушыларының пәндік құзырлылығын қалыптастыру төмендегі педагогикалық жағдайлар жүйесін туғызғанда ғана нәтижелі жүргізіледі:

1) ұйымдастырушылық: орта мектепте нақты қажеттілікке сай, оқушылардың пәндік құзырлылықтарын қалыптастыруға және дамытуға ынталандыратын жүйелі және мақсатты оқу-тәрбиелік үрдіске диагностика жасау; өзіндік танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыру мақсатында оқу-әдістемелік кешен құрастыру.

2) әдістемелік: өзіндік білім алуға ынталандыратын оқыту материалының мазмұнын және оқыту әдістерін таңдау, педагогикалық ізденіс, өзіндік әдістемедік жаңалық ашуға талпыныс, «рефлексивтік практика» (сананың өзіне назарын аударып, өзінің психикалық күйіне ой жүгірту практикасы), меңгерілген педагогикалық информацияны бір жүйеге келтіру.

3) ерекше жағдай: орта мектептің эмоционалдық-жәйлі және рухани-өнегелі атмосферасы, белгілермен және символдармен мәдениетті безендірілген, мұғалімдер мен оқушылардың арасындағы өзара сенімді және сыйлы қарым-қатынас, бірдей бағытты және бірдей талап қою орта мектептің ішінде бір педагогикалық кеңістік жасайды.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНІҢ ОҚЫТЫЛУЫ

**Түркістан облысы Сауран ауданы
Молда Мұса атындағы жалпы орта мектебі
көркем еңбек пәні мұғалімі
Утешова Мухаббат Алимовна**

Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі мұғалімнің кәсіби шеберлігі. Солай бола тұра «кәсіби шебер» түсінігіне пәндік, дидактикалық, әдістемелік, психология-педагогикалық білім мен дағды ғана емес, педогогтің жеке тұлғалық потенциалы, кәсіби құндылықтары да жатады.

Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», -деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы. Ал оның негізі бастауыш сыныптарда қаланбақ. Сондықтан да бастауыш сыныпта әр сабаққа әр түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру ең басты мәселе.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Білім алушылардың күтілетін оқу нәтижелері жетістігін бағалау жүйесі білім беру мазмұнының ажырамас бір бөлігі болып табылады. Жаңартылған орта білім беруді енгізу кезінде білім алушылардың оқу жетістігін критериялды бағалау жүйесі қолданылады. Критериялды бағалау жүйесі бұрынғы дәстүрлі бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалау болып ерекшеленеді. Қалыптастырушы бағалауда білім алушыларға жаңа материалды меңгеру кезеңінде тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағанын және оқыту мақсаттарына қол жеткізгенін түсінуге мүмкіндік беретін бағалау.

Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріліп келеді. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады.

Барлық дамыған елдер өзінің бірегей жоғары сапалы білім беру жүйесіне ие. Оқытудың нәтижесі сын тұрғысынан ойлау, өздігінен зерттеу және ақпаратты терең талдау дағдыларын меңгеруге тиіс. Қазіргі мемлекеттік бағдарламаларда Назарбаев Зияткерлік мектептерінің білім берудегі озық іс-тәжірибелерінің ең үздік үлгілерін еліміздің барлық білім беру мекемелерінде кіріктіру көзделген. Дамыған елдердің білім беру жүйесінде мынадай тенденциялар байқалып отыр: білім беру философиясы мен әдіснамасының жаңаруы; білім беру мазмұнын құру әдістерінің өзгеруі, білім беру жүйесінде жетілдірілген модельдердің жасалуы; білім беруді басқарудың тиімді жолдарының қарастырылуы; жаңа білім технологияларының енгізілуі; оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін дамытушы, сындарлы білім беру моделіне көшуі; терең және белсенді кәсіби бағдар берудің ерте жастан басталуы; ұрпаққа азаматтық – патриоттық, рухани-адамгершілік, көпмәдениеттілік, денсаулық сақтау және экологиялық тәрбие беру ролінің күшейтілуі, білім ұйымдарының оқушыны әлеуметтендірудегі ролінің артуы. Әлемдік білім беру жүйесіне негізделген осындай басым бағыттар ұрпақты озық, саналы дара тұлға деңгейінде қалыптастырады.

Қазіргі жаңартылған білім беру үдерісінде қалыптасып отырған жаңа атаудағы «Көркем еңбек» білім беру бағдарламасы кіріктірілген тұрғыда білім берудің теориялық негізіне сәйкес анықталғаны белгілі[

Бұл атаудағы оқу пәнінің білім беру мазмұнына талдаулар жасау барысында, оның тұжырымдық бөлімінде, яғни мақсаты – оқушылардың көркемдік-технологиялық білімі мен іскерліктерін қалыптастыруға, шығармашылық қабілеттері мен ойлауын дамытуға бағытталып, еңбекке баулу оқу материалдарына басым бейімделсе, оның нәтижеге бағытталған оқыту мақсаттарының жүйесі бейнелеу өнері оқу материалдары кеңінен қарастырыла қамтылғаны байқалады. Екі оқу пәнерінің кіріктіріле құрылған мақсаты мен білім беру мазмұны арасында үйлесімділіктің толық анықталмағаны және қисынсыздықтың белгілері айқындалып отыр.

Кіріктірілген «Көркем еңбек» білім беру бағдарламасының құрылуында ескерілетін мәселе, ол кіріктіре білім беру мен оқытудың теориялық негізін ерекше көңіл аударылуы қажет еді.

Ол білім беру тұрғысында екі оқу пәннің біріктірілуінде бір оқу пәнінің оқу материалының басымдылығымен анықталуды ұсынады. Бірақ, ол оқу материалы қоғамдық қажеттілікті, оқушы тұлғасының сұранысы мен қызығушылықтарын ескеруі абзал. «Көркем еңбек» оқу пәнінің атау мазмұнында да бейнелеу өнерінің оқу материалына тән белгі – «көркем» ұғымымен ғана байланысты болып қана тұр. Оның өзі де тек «механикалық» сөз құрауға ғана қажет болғаны байқалады. Шын мәнінде «көркем» сөзіне емес «еңбек» ұғымы сөйлемнің және «көркем еңбек» атаудың түйінді мәнін ашады.

«Көркем еңбек» білім беру бағдарламасында көзделген білім берудің тұрғылары: белсенділік, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, құндылықты- бағдарланған, деңгейлеп оқыту, коммуникативтік, көркемдік-технологиялық аясында оқу процесінде оқушының үйренуі мен мұғалімнің үйрету арасындағы өзара қарым-қатынастағы оқу-танымдық іс-әрекеттердің оқыту мазмұнын құрауды анықтағаны белгілі.

Көркем еңбек» білім беру бағдарламасының алдында жобалы мазмұнда дайындалған «Бейнелеу өнері» оқу пәніне жасалған оқу бағдарламасында оқытудың педагогикалық әдіс-тәсілдеріне: бірлескен оқыту, белсенді оқыту, саралап оқыту, мультисенсорлы оқыту, пәнаралық байланыс, оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес, оқу әңгімелері, электрондық оқыту мен жаңа технологияларды қолдану, модельдеу түрлері қарастырылған болатын.

Жоғарыдағы аталған оқытудың тұғырлары мен педагогикалық әдіс-тәсілдер өзара үйлесімділікті толық қанағаттандыра алмайды. Өйткені, әрбір білім берудің тұрғылары немесе моделдері педагогикалық құндылықтарды қарастыруда тұжырымды немесе ғылыми негізделген теориясы аясында оқытудың өзіне тән ғана оқытудың әдіс-тәсілдерін, оқыту мазмұнының ерекшеліктерін қарастырады. Ол білім берудің тұрғыларында қолданылатын оқытудың әдіс-тәсілдері Ресей Федерациясының педагог-ғалымдары мен психолог-ғалымдары біршама теориялық негіздерін қарастыра отырып, олардың оқыту әдіс-тәсілдері мен оқыту мазмұндарының үлгілері анықталған. Ал, «Көркем еңбек» білім беру бағдарламасында бірнеше білім берудің моделдеріндегі оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдануды және жүзеге асыруды көздейді. Ал, оқу пәнінің білім беру бағдарламасында да, мұғалімдерге ұсынылған нұсқаулықтарда да сол білім беру моделдерінде қолданылатын оқытудың әдіс-тәсілдері, әдістемелік ұсыныстары белгіленбеген. Егер пән мұғалімдері аталған білім беру тұрғыларын теориялық негізгі бойынша түсініктері болғанымен, ол оқыту әдістерін және оқыту әдістемелерін қалай қолдану тәжірибелері бойынша дәрмендігі төмен болмақ. Білім беру тұрғыларында қолданылатын әдіс-тәсілдерді оқу пәнінің оқыту мақсаттарына жетуге бағытталған әдістемелік әрекеттерде, ол оқыту әдістерін қалай және қандай кездерде қолдану керек? Осы мәселеге бағдарламаны ұсынып отырған авторлар қалай жауап берек?

Сол сияқты бірлескен оқыту, белсенді оқыту, саралап оқыту, мультисенсорлы оқыту, пәнаралық байланыс, оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес, оқу әңгімелері, электрондық оқыту мен жаңа технологияларды қолдану, модельдеу түрлері құралдарымен оқушыларды үйрете оқыту мақсатына жетуге потенциалдары қандай? Әрине, оқу курстарында аталған педагогикалық әдіс-тәсілдердің біршама түрлері бойынша мұғалімдердің түсініктері мен алғашқы тәжірибелері өздерінің мектептегі әдістемелік әрекеттері негізінде орындауға мүмкіндіктері бар. Бірақ, аталған оқытудың әдіс-тәсілдерін оқу үдерісінің қандай кезеңдерінде және қандай тақырыптарда қолдану тиімді болмақ? Осы сауалдарға да біздің тарапымыздан қиындықтар туындап отыр.

Көркем еңбек білім беру бағдарламасында көзделген біршама әдістемелік негіздерде біршама күмән келтіреді. Оқытудың мазмұнына сәйкес бағдарламаны және әдістемелік нұсқауларды жасаған авторлар шет елдердегі оқытудың стратегияларын басым ұсынады[6]. Оқытудың қызметтері, шарттары, талаптары мен ережелері сияқты дидактикада қабылданған әдістемелік ұғымдық аппараттар тыс қалған. Сондықтан, білім беру бағдарламасындағы әдістемелік бөлімінде міндетті түрде орнықты және оқу үдерісін толық жүзеге асыруға кепіл беретін әдістемелік негізі болуы да орынды болмақ.

Мектеп оқушыларына ұлттық қолөнердің әр түрлі салаларынан түсінік беріп, қазақтың тұрмыста қолданылатын ұлттық бұйымдарын біліп, оларды әшекейлеуді, сапалы өнім дайындауды үйрену, қолөнерге деген сүйіспеншілігін арттыру қазіргі заманның талабы болып отыр.

Ұлттық нақышта бұйым жасап үйрену, ой саналарын жетілдіру, икемділікке, іскерлікке, өнерге баули отырып жеке тұлғаны дамыту, қол еңбегін меңгеруге, эстетикалық таным, шығармашылық жұмыстар істеуге, қолөнер бұйымдарын қастерлеп, аялай білуге тәрбиелеу.

Қолөнер сабағында ұлттық бағдар берумен қатар, әрбір оқушының шығармашылық қасиетін аша отырып, түсіндіру, талдау және үйренген іскерліктерін өмірде қолдана білуіне және әдебиет, тарих, сызу, сурет, математика, жануартану пәндерімен байланыстыра отырып білімдерін толықтыру инновациялық әдістің түрін қолдана отырып сабақ өткізу оқушылардың жан-жақты өзін-өзі тануына мол мүмкіндік береді.

* * * * *

КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

**Ақтөбе қаласы Ш. Құдайбердіұлы атындағы
№66 жалпы білім беретін орта мектебінің
көркем еңбек пәнінің мұғалімдері
Умирзакова Оралым Калиолиевна**

Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі, болашағы бүгінгі жас ұрпақтың сана-сезімін, ұлттық психологиясын, оның сонау ерте замандағы ата-бабалар дәстүрі, әдеп-ғұрпы, мәдениетімен сабақтастыра отырып, халықтың қолөнерін сақтап қалуға тәрбиелеу- ұлағатты ұстаздардың бүгінгі абыройлы борышы десек артық айтпаған болар едік. Оқыту процесі дидактикалық жүйелер деп аталатын психологиялық тұжырымдамаларға негізделеді. Дидактикалық жүйе оқытудың мақсатына жетуге қызмет ететін, біртұтас құрылымды жасайтын элементтер жиынтығын құрайды. Жүйенің сипаттамасы мақсаттың, білім мазмұнының, дидактикалық процестердің, оқытудың әдістері, құралдары, формаларының және оның ұстанымдарының сипаттамаларына сәйкес. Психологиялық ерекшеліктер оқыту мен тәрбиенің мазмұнын тікелей байланыстырады, сондықтан олар белгілі-бір ұстанымдарға негізделі отырып іске асырылады.

Көркем еңбек пәнін оқыту барысында қолданылатын дидактикалық ұстанымдар: тәрбиелеу, ғылымилық, саналылық пен белсенділік, түсініктілік пен шамаға лайықтылық, білімнің берік болуы, көрнектілік, жан-жақты даму, теорияны практикамен байланыстыру және жүйелілік пен бірізділік ұстанымдары. Тәрбиелеу принципі – оқыту процесі сияқты, тәрбиелеудің де маңызы өте зор. Балаларды оқыта отырып тәрбиелеу ол барлық білім беретін орындары ұстанатын қағида. Тәрбиелік принципіне сүйене отырып, көркем еңбек пәнінің мұғалімі оқушыларды тек қана дағдысы мен икемін қалыптастырып қоймай, сонымен қатар түсініктерін, заңдарды, терминдерді және әрбір оқулық тапсырмаларын кеңінен және жан-жақты қарастырады.

Сонымен қатар сабақта мұғалім баланың эстетикалық тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Ғылымилық принципі – көркем еңбек сабағында мұғалімнің оқушыларға беретін әрбір түсініктемесі, мағлұматы, тапсырмалары мен дағдылары ғылыми түрде дәлелденген, көз жеткізген және расталған болу керек. Декоративтік және тақырыптық тапсырмада қазақтың ұлттық сәндік-қолданбалы өнері туралы әңгімелесу барысында оқушыларға беретін барлық түсініктемесі, мағлұматы расталған, теориялық негізделген және сарамандық түрде тексерілген болу керек. Саналылық пен белсенділік принципі-түпкі негіздің дұрыстығын көрсетеді.

Алған білімді ой елегінен өткізбейінше білім алу мүмкін емес, міне осыдан барып саналылық принципі шығады. Білімді белсенді қабылдап, ой елегінен өткізсе, балалар білімді дұрыс қабылдайды. Сабақтың соңында оқушылардың жасаған бұйымдарын қорытындылағанда бір-бірінің жұмысының дұрыстығын өз беттерінше анықтай алатындай мүмкіндік беру керек. Түсініктілік пен шамаға лайықтылық принципі оқушылардың ерекшелігін білумен байланысты. Түсініктілік принципі – нені оқытсаң да, не үйретсең де, түсінікті, жас ерекшелігіне сай оқыт деген сөз. Яғни оқытудың жеңіл болуы, ойлау белсенділігін төмендетеді.

Сонымен қатар ынтасын нашарлатады. Шамадан тыс қиындық та табысқа жетелемейді. Сондықтан жеңілден ауырға, белгіліден белгісізге, жақыннан алысқа қарай оқытуды ұйымдастырған дұрыс. Егер оқыту оқушының шамасына сай болса, таным белсенділігін арттырып, жалпы дамуын шапшаңдатады. Білімнің берік болу принципі білімді орнықты меңгеру деген сөз. Жаңа материалды түсіндіру және оны бекіту кезінде басты мәселені ерекше атап көрсету керек. Үйге берілетін немесе сыныпта орындалатын тапсырма сол жаңа білімді меңгеруге байланысты қайталау, жаттығу жұмыстары болу керек. Ұмытшақтыққа қарсы күрес-қайталау. Қайталау білімді берік етеді.

Көрнектілік принципі – нені оқытсаң да көзбен көрсетіп оқыт деген сөз. Көрнектілік принципі оқу процесінің дамуында негізгі рөл атқарады. Бұл принцип баланың танымдық қабылдауын арттырады. Олар құлақпен естігеннен гөрі, көзбен көргенін жақсы қабылдайды. Көрнектілік – бұл әр түрлі заттарды, материалдарды, құралдарды, сызба-суреттерді, эскиздерді, тәжірибелерді көрнекті көрсету. Көрнекі құралдарды пайдалану оқу материалын қабылдауда бағалы құрал болып саналады. Көрсету барысында баланың ақпаратты қабылдауына ықпал ететін психологиялық шарттарды ескерген жөн. Жан-жақты даму принципі-оқушылар шығармашылық қабілетін сабақтан тыс үйірмелерде, қосымша сабақтарда, түрлі конкурстар мен сайыстарға қатысу барысында, үй жағдайында да толығымен дамыта алады.

Көркем еңбек пәнінің басты мақсаты-оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына ықпал ете отырып, қазіргі заманның технологиялық мәдениетіне, яғни бұйымдарды көркем жобалауға, өңдеп, өндіруге бейімдеу болып табылады. Сондай-ақ оқушылардың техника мен технология әлемін зерттеп, зерделеуін, кәсіптік іс-әрекет элементтерінен практикалық тәжірибе алуын қарастырады.

Көркем еңбек пәнін оқытуда – еңбек етудің алғышарттарын үйрену арқылы оқушыны жек тұлға ретінде тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында, оқушыларға берілетін тәлім – тәрбие үрдісін жетілдіру, жұмыс мәдениетін, адамдар арасындағы адамгершілік қарым – қатынастарды жаңарту, еңбек біліктілігін қалыптастыру арқылы еңбекке өнімділігін арттыруға ынталандыру міндеттерін мұғалімге жіктейді. Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, отбасындағы қызметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыруды міндеттейді. Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Негізгі мақсатымыз – Қазақстанның әлемнің елу дамыған елдерінің қатарына енуі» делінген. Сол себепті, әр оқушыға оның қабілеттеріне сәйкес келетін білім беру өрісі қажет.

Көркем еңбек сабағында оқушылардың іске икемділігі мен іскерлігіне, өнерге, шеберлікке деген бейімділігін дамыта отырып қалыптастырамыз. Оқушылар отбасында да тұрмыстың әр түрлі өнімді еңбегіне қатысады. Баланың бойындағы сапалық қасиеттері, еңбекке қызығушылығы, табиғатты қорғауы, ұқыптылығы арқылы еңбек адамын көру. Қазіргі кезде білім беру кеңістігінде инновациялық үрдістердің бағыттарының бірі – мектепке бағдарлау болып табылады. Оқушылардың қызығушылықтары, қабілеттері толық ескеріліп, сол қажеттілікке сай тиімді жағдайлар жасалып, білім беріледі.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ



Түркістан облысы Ордабасы ауданы
Қ. Бектаев атындағы жалпы орта мектебі
математика пәні мұғалімі
Накып Лиза Шеріпбекқызы

Математика саласына ақпараттық технологиялардың тереңдеп енуі оны оқыту әдістемесін ғана емес, мазмұнын да өзгерте бастады. Математикалық әдістер мен математикалық ойлау ғана емес, жалпы ғылыми дүниетаным да жаңаруда.

Біріншіден, математикалық білім беру сапасы математикалық сауаттылыққа түгелдей тәуелді. Сондықтан математикалық білім беру сапасы туралы әңгімені математикалық сауаттылық мәселесінен бастау керек.

Екіншіден, әлемдегі математикалық білім берудің даму тарихы оны үш дербес аралға бөліп тастады: кәсіби математикалық білім беру, жалпы математикалық білім беру және математикалық сауаттандыру. Математикалық білім беру саласындағы кез келген реформа осы үш аралдың арасында көпір орнатуға талпыныстан туындайды.

Математиканы оқытудағы арнайы мақсаттардың қатарына оқушылардың геометриялық интуициясын, кеңістік қиялын дамыту жатады. Бұл негізінен геометрия сабақтарында жүзеге асады. Мұнда ең алдымен көрнекі құралдар арқылы жазық және кеңістіктегі геометриялық фигуралардың геометриялық елесі, көрінісі қалыптастырылып, біртіндеп күрделі геометриялық фигураларды және олардың комбинациясын сызбалық дұрыс кескіндеуге машықтандырылады.

Мектепте логика айрықша пән ретінде өтілмейді, оның бірсыпыра функциясы математика пәнінің еншісіне тиеді (мысалы, теоремаларды дәлелдеу кезінде ойлау заңдарын мүлтіксіз қолдана білу).

Оқытудың әртүрлі кезеңдерінде математикалық білім берудің жоғары деңгейінің негізі жас ұрпақтың математикалық сауаттылығы болып табылады. Сондықтан оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыру мектептегі математикалық білім берудің сапасын қамтамасыз етудегі бірінші кезектегі міндет болып табылады. Математикалық білім беруді дамыту Тұжырымдамасында математика жалпы мәдениеттің, математикалық сауаттылықтың және күнделікті қолданудың элементі ретінде әрекет ететіндігі атап өтілген. Қазіргі қоғам мектептен ой-өрісі кең және білімді, ойланатын, бастамашыл, шығармашылық тұлғаларды күтеді. Білім беру жүйесін жаңғырту жағдайындағы мектеп қоғамның осы тапсырысын орындауға мүмкіндік беретін жолдарды іздейді.

«Математикалық сауаттылық - адамның өзі өмір сүретін әлеміндегі математиканың рөлін анықтау және түсіну, жақсы негізделген математикалық пайымдаулар айту және математиканы қазіргі және болашақтағы шығармашылық, қызығушылық танытатын және ойлайтын азаматқа тән қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін пайдалану қабілеті».

Функционалды сауатты тұлға-бұл әлемде бағдарланған және қоғамдық құндылықтар мен мүдделерге сәйкес әрекет ететін адам. Функционалды сауатты тұлғаның негізгі белгілері: тәуелсіз адам, адамдар арасында өмір сүруді білетін белгілі бір қасиеттерге, негізгі құзыреттерге ие тұлға. Функционалды сауаттылықтың құрамдас бөліктерінің бірі оқушылардың математикалық сауаттылығы. Математикалық сауаттылық- бұл адамның өзі өмір сүретін әлемдегі математиканың рөлін анықтау және түсіну, негізделген математикалық пайымдаулар айту және математиканы қазіргі және болашақтағы шығармашылық, қызығушылық танытатын және ойлайтын азаматқа тән қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін пайдалану қабілеті.

Математикалық сауаттылыққа дайындау тиімді болуы үшін:

- теорияны білу, оны логикамен ұштастыру;
- есепті шығаруда тиімді жағын көруге баулу;
- апта сайын тест тапсырмаларын орындау;
- интернет материалдары арқылы дайындалу;
- түрлі тест орталықтарына қатысу; математикалық сайыс сабақ, пән кеші, апталықтарды математиканың даму тарихымен байланыстыру.

Математикалық сауаттылықты меңгерген оқушылар:

- қоршаған ортада туындайтын және математика арқылы шешілетін мәселелерді таниды;
- бұл мәселелерді математика тілінде тұжырымдайды;
- математикалық фактілер мен әдістерді қолдану арқылы мәселелерді шешеді;
- қолданылған шешім әдістерін талдайды;
- алынған нәтижелерді проблеманы ескере отырып түсіндіре алады;
- шешім нәтижелерін тұжырымдаа және жаза алады.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін:

- теорияны білу, оны логикамен ұштастыру
- есепті шығаруда тиімді жағын көруге баулу
- математикалық сайыс сабақ, пән кеші, апталықтарды математиканың даму тарихымен байланыстыру,
- Ақпараттық оқыту технологиясынан математика сабақтарында интерактивтік тақтаны қолдану.

Функционалды математикалық сауаттылықты қалыптастыру сабақтағы іс-әрекеттің мазмұнын өзгертуді талап етеді. Оқушы іс-әрекеттің өзінде ғана әрекет етуді үйрене алады, ал мұғалімнің сабақтағы күнделікті жұмысы, өзі таңдаған білім беру технологиялары функционалдық сауаттылықты қалыптастырады.

Математика пәнінің басты мақсаты – оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту. Логикалық ойлау қабілетін арттыруда есептің атқаратын ролі зор. Себебі, есеп шығару – мидың жаттығуы. Математика сабағы басқа пәндердің сабақтарынан күрделі, оны түсіну үшін ерінбей еңбек етіп, төзімді болып, талмай оқу қажет. Ал бұл көп оқушының шамасы келе беретін қасиет емес. Сондықтан оқыту үдерісіндегі басты мақсат – оқушыға дайын білімді беру ғана емес, оларды дербес ойлауға да үйрету.

* * * * *

МАХАМБЕТТІҢ САЯСИ КӨШБАСШЫЛЫҚ КЕЛБЕТІ

Ақтөбе қаласы
«№ 53 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ
Қарымсақова Гүлжанат Алмасқызы

Қазақтың ардагер ақыны Махамбеттің өмір жолы халық тарихының елеулі кезеңдерімен тығыз байланысты. [1] Оның есімін атағанымызда, жүзі лапылдаған, көз жанары өңменіңнен өтетін, сөйлесе сөзі қиыпсал өткір, әрі ыстық, өнбойы өлең мен оттан өрілгендей жаратылысы бөлек жарқын бейне көз алдымызға келеді. Үстінде сауыт, басында дулыға, бес қаруы түп-түгел. Астында сынық құлақ арғымағы, ерулі аты жетегінде, Исатайдың шашақты туының астында, батырдан сәл кейін сар желіп келе жатқандай.[2]

Махамбет 1803жылы Еділ, Жайық арасындағы Нарын құмында, Бекетай деген жерде дүниеге келген. [1] Махамбеттің ақындық, шешендік таланты елге ерте танылады. Ол жас кезінен батыр, палуан, мерген, домбырашы, ақын атанады. Қазақтың әйгілі жырауы, күйші композиторы, отаршылдыққа қарсы Исатай Тайманов бастаған көтерілісті (1836-1837) ұйымдастырушылардың бірі, осы көтерілістің жалынды жыршысы. Оны Қазақ хандығының соңғы жырауы деп тануға болады. Байұлы ішіндегі Беріш руының Жайық бұтағынан. Нәдір деген кісіден Мәлі (кейбір деректе Құлмәлі, Құлманияз деп айтылады) туады. Мәлінің қазақ әйелінен Өтеміс пен Шыбынтай, қалмақ әйелінен Қобылай туған. Өтемістен - он ұл, Шыбынтайдан - төрт ұл, Қобылайдан - үш ұл туып, Мәлі ұлдың өзінен он жеті немере сүйген адам. Атасы Құлмәлі, әкесі Өтеміс те өз заманында айтулы тұлғалар болған, Құлмәлінің тұқымынан би де, шешен де шыққан. Махамбет өзінің барша болмыс қасиеттерімен көшпелілер арасындағы көсем тұлғалардың бірі. Ол өзі туып өскен өңірдің Қамбар батыр, Ер Тарғын, Сыпыра жырау, Асанқайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Жиембет, Доспамбет сияқты біртуар тұлғаларының өлмес мұраларын көкірегіне тоқып өсті.

Өзі өмір сүрген заманның ағымына жүйрік, қыр сырын жетік меңгерген, көзі ашық, көкірегі ояу, білімдар адам болған. Орыс, татар, араб тілдерін тәуір меңгерген. Мұны ол жазған хаттардан айқын аңғаруға болады. [5]

Ертедегі мифологиялық шығармаларда жеке көсемдер ғажайып қасиеттерімен сипатталады. Көсемдер ерлік жасап, соғыстар жүргізіп, мемлекет құрған. Ерте грек тарихшысы Геродот, тарихи баяндауларының нақ орталығына монархтарды, қолбасшыларды қояды. Жеке адамға мұндай тұрғыдан қарау антикалық дәуірдің басқа тарихшылары – Плутархқа, Светонийге, Тит Ливийге де тән болған.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Ішкі Ордада (көбіне Бөкей Ордасы деп те атайды) қалыптасқан әлеуметтік-саяси ахуал 1837-1838 жылдардағы ұлт-азаттық көтеріліске ұласып, оның басшылары Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлын тарих сахнасына алып шықты. 1836-38 жылдары И. Тайманұлы бастаған шаруалар көтерілісінің жалынды жыршысы, қозғалысты ұйымдастырушылардың бірі. Саналы өмірін патша өкіметінің отарлық саясатын жүзеге асырушы хан-сұлтандарға қарсы кекті жырлар толғайды, халықты күреске шақырады. Хан өзінің беделін көтеру үшін талантты адамдарды өз маңына жинайды. Махамбетті де Зұлқарнайынның ақылшысы етпек болады. Бірақ бұқараға істеп отырған хан қатігездігін көрген Махамбеттің іші жылымайды. Тумысынан батыл, қызу қанды, «от тілді, орақ ауызды» Махамбеттің өзін мақтаушы емес, даттаушы болатынын аңғарып, оны Ордадан қуып жібереді.

XIX ғасырдың екінші ширегінен бастап Бөкей хандығында қазақ халқына экономикалық қысым еселене түсті, ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық қалыптың бірқатар маңызды жақтары күрт қиратылды. Патша әкімшілігінің жергілікті ұйымдарына және негізінен алғанда, патша өкіметінде қызмет атқаратын ірі және орташа жергілікті шонжарлар бөлігіне біржақты сүйене отырып, хан билігі зор табандылықпен жүргізген саясат хандық және отаршылдық езгінің күрт күшеюіне, ауылдық-қауымдық жерлерді шонжарлардың жаппай тартып алуына әкеп соқты. Осының салдары ретінде ол шаруашылық өмірдің мықтап бұзылуын, ауылдық ұжымдардың экономикалық әлеуетінің құлдырауын, жокшылыққа ұшырап, кедейленген қожалықтар санының едәуір көбеюін, хан билігінің беделі мен ықпалының күрт құлдырауын, сол кездегі тәртіпті өзгертуге ұмтылушылықты туғызды.

Профессор Қ.Жұмалиев топшылауына қарағанда, Махамбет хан, сұлтандардан жәбір көріп, Жайықтың бергі бетіне қаша көшкен бұқара толқуына қатысады, оны ұйымдастырушылардың бірі болады. Ал, одан кейін, 1829-1831 жылдар Орал шекарасынан жасырын өткендігі үшін Калмыков түрмесінде отырып, холера ауруы кезінде қашып шығады. Жәңгір хан Исатай мен Махамбетке бірқатар айла-шарғы жасап, олардың көңілін жібітпек болады. Исатай қол астындағы беріштерге 1826, 1834 жылдары жайлау, қыстаулық жер беруі ханның аярлық саясатының бір көрінісі еді. Бірақ Исатай, Махамбеттер бұған алданған жоқ. Бұрын да хан-сұлтандарға қарсылығы үшін екі рет ұсталып, амалын тауып қашып шыққан Исатай, жастайынан қуғын-сүргінге түскен Махамбет үстем тап өкілдерінің бұқараға жасаған қиянатын көріп өскен еді. 1815 жылы Бөкей өліп, уақытша Сығай билеген кезде, әсіресе, 1823 жылы хандық тізгіні Жәңгірдің қолына көшкеннен кейін мал шаруашылығымен айналысатын ел қатты күйзеліске ұшырады. Шұрайлы жерлерді туыстары, хан сарайы маңындағылар, князь Юсупов пен граф Безбородко сияқтылар иемденеді. Орда маңындағылардың барлық шығыны бұқара мойнына түсті. [1]

Исатай мен Махамбеттің қарулы көтеріліске бастауының ең басты себебі – бұқараның экономикалық және рухани қанауға ұшырауы – ғасырлар бойы үстем тап өкілдерінен көрген жәбір-жапаның шектен тыс асқандай түсуі, патша өкіметінің қолдауына сүйеніп, Жәңгір ханның халықты аяусыз жәбірлеуі. Міне, осы жағдайлардың бәрі сан жылдардың ыза-кегін тұтата, өршіте келіп, зығырданы қайнаған халық ханға қасқая қарсы шығар батырлар Исатай, Махамбет маңына топтасты.

Жәңгір 1836 жылы 17 мартта айла-шарғыға көнбеген Исатай, Махамбеттерді ұстап келуді ең сенімді адамы, әрі қолшоқпары Қарауылқожаға тапсырады. 1836 жылы 4 апрельде Қарауылқожа мен Исатай, Махамбет қолы Қиялымола деген жерде бетпе-бет кездеседі. Осы кезде Исатай қасында Үбі, Таңатар, Иманбай, Сарт сияқты небір найзагер, мерген жігіттерден 200 сарбаз болған. Одан екі-үш есе көп жауынгері бар Қарауылқожа қолы жүректері дауалап соғыс аша алмайды.

Хан саясатына қарсы шығып, күнбе-күн қолы көбейіп, зор күшке айналып келе жатқан Исатай, Махамбеттерден Жәңгір сескене бастайды. Бірақ өздігінен оларды алдап, не күшпен ұстай алмайтынын біледі. Сондықтан Орынбор генерал-губернаторына талай хат жолдап бақты.

Сондай хаттардың бірі -1836 жылы 23 майда жолданған. Онда Исатай мен Махамбеттердің ел ішіндегі «бұзақылық теріс» үгітінен қатты қауіптенетіндігін ашық жазады. Және Махамбет Күшік Жапарұлы дейтінді өлтірді деп жала жауып, Исатай, Махамбеттерді заңға тартуды сұрайды.

Елге шыққан комиссия , қаншама хан сөзін сөйлегенмен, әділетсіздікті сезеді. Батырларды Ордаға шақырғанмен бармайды. Генераль-губернатор халық наразылығын өршітіп алармыз деп қатты қимылға бара алмайды. Батырларды тек алдап ұстамақ болады. Бұл кезде Исатай, Махамбет бастаған көтерілісшілердің рухы көтеріліп, саны көбейіп, қандай шайқасқа да бел буған шағы еді. Көтерілісшілердің 1937 жылы 17 февральда Атырау бойындағы Қарауылқожа ауылын, сол жылы 15 октябрьде Теректі құмы деген жердегі ханның он екі биінің Балқының ауылын шабуы, одан кейін Шоқа, Жанбөбек, Тәуке төрелердің ауылдарын талқандауға аттанулары көп жылғы бұқара ыза-кегінің көріністері еді.

1837 жылы октябрінің аяқ шенінде Исатай, Махамбет сарбаздары хан Ордасын қамайды. Халықтың тілек-талабын айтуға аттанғандар Ордаға жеткенше, қосыла-қосыла екі мыңға жетеді. Кейбір деректерде бұл күндерде Исатай сарбаздарының саны 3500-дей деп те айтылады. Екі жүздей атты казак пен аздаған төре, төлеңгіт, ноғайлы жігіттерінен құралған қорғаушы жасауылдары ғана бар хан қатты сасып, ақыры айлаға көшеді. Қандай талапты болса да орындамақ боп, он күн мерзім сұрайды. Аңғал батыр алдауға сеніп, Махамбет пен өзге серіктестерінің кеңесін тыңдамай, келісім береді. Хан алдауына түсуі, көтерілісшілердің алаулаған рухына су сепкендей болады, тауы шағылып, назары қайтады. Исатай мен Махамбет қолы Тастөбе шайқасынан кейін ыдырап, сейіле бастаған. .[1]

Махамбет 1841 жылы Жем, Жайық арасындағы елдерде жүреді. Осы жылы 4 мартта Текеш Тілеукеұлы ауылында жайбарақат отырған Махамбетті Өрлік қамалынан хабармен шыққан атты казак әскері қолға түсіреді. Әуелі Калмыковка, одан Оралға, одан Орынборға айдайды. Махамбет бұл жолы Көтібаровтардың тұтқыны болған хорунжий Шустиков дегенді құтқарғаны үшін босанып шығады. Бұл кезде Жәңгір, Баймағанбеттер «Махамбет бір ұсталғасын енді су түбіне кетеді» деп қамсыз қалса керек. .[2]

Батырдың Атырау елінде жер басып, аман-есен жүргендігі үстем тап өкілдеріне ұнамады. Олар ақынды ұстауға барлық айла-амалын қолданып бақты. Көп жыл қуғын-сүргіннен шаршаған Махамбетті Жайық бойында Қараой мекенінде жалғыз үй отырғанда қайғылы қазаға ұшыратты. Халықтың ардагер ақынын аңсызда жазымдаған Баймағанбет сұлтан жіберген Төлейдің Ықыласы, Боздақтың Жаңабергені, Нұралының Мұсасы, Өтеулінің Жүсібі, Тұрымның Төрежаны сияқты қаныпезер жауыздар еді. Сүйтіп халықтың арман-мұраты үшін күрескен ақын 42 жасында 1845 жылы қапыда қаза болды. .[1]

Халықтың азаттығы, теңдігі жолында ақ найзасымен де, азаткер асқақ жырымен де нағыз азаматша орасан үлкен қызмет еткен, осы жолда қасық қанын қиған Махамбет Өтемісов осындай адам еді. Халық көңілінің тұнығындағы ең асылын – еркіндікті, теңдікті аңсаған арманын, ата жауына деген қаны қатқан өшпенділігін, антқа берік, атқа мықты азаматтың арыстандай ерлігін көкке көтере жырлады. Қаһарман ақынның қызыл оттай қызулы, қылыштай өткір, селдей серпінді сөздері қараңғыны қармаған қалың қазақтың ақ жүрегіне асау толқу салды, көңіліне жел берді.

Махамбет өзінің болмыс-бітімін ең алдымен ел мүддесіне қызмет етуге бағытталған ер-сарбаз ретінде тиянақтайды, сөз күдіретін, өзінің поэтикалық дарынын біле әрі игере отырып, төңкерісшілердің қаруына идеологиялық үніне бейімдейді. Даланың батыр-сайыпкерлері бір мезгілде әрі өлең құрастырушы, әрі поэтикалық жыршы да бола білген. Осы дәстүрді жалғастыра отырып Махамбет толығымен дала серісінің үлгісіне әрі идеалына сәйкес келді, ол тек сарбаз-ақын ғана емес, ол өз шығармаларын орындаушы музыкант-композитор да болды. 1838-1841 жылдар Махамбет батыр үшін өте қиын уақыт болғаны белгілі... 3-4 жыл бойы аламан қиыншылыққа, ауыр азапқа бел буған ісі сәтсіз аяқталып, өзі бауырында өскен Исатай қаза тауып, жолдастары ұрыс даласында көз жұмып, туған інілері Есмайыл, Қожахмет, Сүлеймен тұтқындалып, айдауға кетіп, ағасы Бекмұхамед сотталып, отбасын таба алмай, «Ер Қабыланын жөнелтіп, Елсіз қаңғып қалған шақ, Кім айтады бізді мұңсыз деп», - күңіренеді. Махамбеттің көшбасшы, саяси қайраткер ретіндегі өз ұстанымына болаттай беріктілігі жаны қаншама қиналса да өзінің жеке басының терең трагедиясын ел тағдырынан бөліп қарамауы.

Оның өмірінің соңғы кезеңдерінде шығарылған «Уа, күндер-ай, күндер-ай», Мұнар күн», «Атай да Матай, екі құм», Жәңгір хан мен Баймағанбет сұлтандарға айтқаны т.б. өлеңдері мен «Өкініш», «Жұмыр», «Қылыш», «Қайран Нарын» күйлері, оның бірінде сол кезеңнің ащы шындығын әшкерелесе, бірінде өз ісінің сәтсіздікке ұшырағанына өкініп, қайғырады. Батыр әрі ақын ретінде Махамбет өзін ғана емес, бүкіл ұлтты асқақтатты.

Ал өз мүдделерінің өзегіне әлеуметтік қайта құру, қоғамдық қатынастарды түбегейлі өзгертуді мақсат етіп қойғандықтан Махамбет пен Исатайдың өмірі осы түпкілікті мақсат пен міндетке бағындырылған. Махамбет ақын – шын мәнісінде халқының ұлт азаттығын аңсаған, тәуелсіздігін көкसेген, әділет жолына жанын пидә еткен тұлға. Әділет жолындағы бұл іске тегін адам бармайды, жүрегінің түгі бар адам ғана бара алады. Махамбеттің өлеңдерінен ақынның өзінен бұрынғы көне қазақ поэзиясымен жақсы таныс, содан тағылым алғандығы байқалады. Батырдың есімі мен істерін келер ұрпақтарымыз да замандар бойы мақтаныш етіп, қастерлеп сақтамақшы.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- «Ереуіл атқа ер салмай» -Қ.Сыдиқов, «Жалын» баспасы, 1989 ж.
- «Махамбет» - Б.Аманшин, «Жазушы» баспасы, 1974ж.
- «Махамбет. Жорық жырлары» - К.Серікбаева, Халықаралық Абай клубы Жидебай, 2007ж.
- «Исатай мен Махамбеттің саяси көшбасшылық келбеті» Б.Шынтемірова, 2013ж.

<https://www.danaqaz.kz/barlyk-nomirler/2013/5-6/item/197-isataj-men-makhambettin-sayasi-koshbasshylyk-kelbeti>

- Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет

https://kk.wikipedia.org/wiki/Махамбет_Өтемісұлы

- «Махамбет – ұлт тәуелсіздігінің жаршысы» Ш.Сариев. 2022ж.

<https://bilim-all.kz/article/17688>

ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ

Ақтөбе қаласы Ш.Құдайбердіұлы атындағы
№66 жалпы білім беретін орта мектебінің
информатика пәні мұғалімдері
Сапабекова Гүлшат Исембаевна
Жақсылық Гүлсезім Оңбергенқызы

Қазіргі кезде мемлекетіміздің алдында білімді де іскер, ғылымға қабілетті заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу мәселесі тұр.Еліміздің білім беру жүйесінің жаңарып, толығы түсуі заман талабынан туындап отыр. Қабілетті және дарынды балалармен жұмыс қоғамда мемлекеттік деңгейінде басым бағыттар санатында көрінеді.Жас ұрпақ - еліміздің тірегі, ертеңіміздің кепілі. Сондықтан оларға саналы тәрбие, сапалы білім беру мұғалімдердің басты міндеті. Олар жан-жақты жетілген білімді әртүрлі әдістемелерді меңгерген, шығармашылықпен жұмыс істей алатын шеберлік иесі болуы тиіс. Ұстаз кәсіби білімін үздіксіз жетілдіріп отыруы керек.Қазіргі таңда еліміз дарынды балалар тәрбиелеуге зор көңіл бөліп отыр.Сондықтан оқыту мен дамытудың жаңа мазмұнын құруға, оның әдістемелік жүйесін іздестіру мәселелеріне мән берілуде. Балалардың интеллектуалды қабілеттерін анықтап, оны одан әрі дамытуда дамыта отырып оқыту технологиясының маңызы зор.

Информатиканы оқыту барысында жеке тұлғаны дамыту және қалыптастырудың негізгі үш кезеңін қарастыруға болады. Информатика ғылымының оқушының рухани дамуына, ғылыми көзқарастарының қалыптасуына, этикалық, адамгершілік және ізгілік бағдар алуына, логикалық қабілетінің дамуына көмектеседі. Информатиканың гуманитарлық, әлеуметтік шамасын көтеру арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, өмірге көзқарасын қалыптастырып, ақпараттық қоғамның осы пәнмен байланысы қоғамдық сананың дамуын, информатиканың экологиямен, қоршаған ортамен байланысын толық түсіндіретіндегідей болуы керек.

Ғылыми техниканың дамып, алға басып, өркендеуіне байланысты информатиканың қоғам өмірінің дамуына жалпы тұлғаның ақпараттық мәдениетінің жоғарылауына, эстетикалық білім мен тәрбие беруге елеулі әсерін тигізуде. Информатика пәнінің мазмұнын ізгілендіру арқылы ақыл-ойдың дамуына өмірге ғылыми көзқарастың қалыптасуына, информатиканың қоғамдық сананың дамуына әсерін жетілдіру, жеткіншектердің қоршаған ортаға дұрыс көзқарасын тәрбиелеуге көңіл бөлінуде.

Әрбір мәдениетті және тәрбиелі адамның өмір сүріп отырғын өзін қоршаған ортаның қалай құрылғаны туралы ең болмаса жалпылама түсінігі болуы керек.

Қазіргі информатика ғылымы жаңаша әлемдік ойлаудың қалыптасуына көмегін тигізуде. Жер бетіндегі халықтар мен дүние жүзілік халықтарының негізгі проблемасына көңіл аудару арқылы ізгілік бағытын көтеруді өз жауапкершілігіне алуда. Информатика сабағында білім алуды зерттеуде үш міндет қойылады

Сезімді ынталандыру;

Білім білік дағдыларын дамытуға қызығушылығын арттыру;

Жауапкершілігі мен міндеттерін қалыптастыру

Информатика сабағында сезімді ынталандыру әдіс ретінде қарастырылуы керек.

Оқушының оқуға, білім алуға деген дұрыс сезімін, білім мазмұнына, оның түрлері мен әдістерін меңгеруге деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру мұғалімнің басты міндеті. Сезімді ояту арқылы белсенді түрде тыңдау, есте сақтау, қайта ойлау арқылы сабақты жақсы түсінуге, нәтижесінде білім сапасын арттыруға, алға алға қойған мақсатына жетуге көмектеседі.

Информатика сабағында сезімді ынталандыру деген, негізінен: информатика пәнінен дұрыс білім беруге жағдай жасау, сабақ кезінде мақтау және көтермелеп отыру, оқытуда ойын түрлерін тиімді пайдалану, алға қойған мақсатты жүйелеу болып табылады.

Оқушылардың білім алуда жақсы жетістіктерге жетуіне өз күштеріне сенімін туғызып және оқу үрдісін жеңілдету арқылы жағдай жасау ойластырылды. Бұл әдіс – оқуға, білім алуға деген сезімін ынталандыратын бірден- бір дұрыс әдіс. Қуаныш, уайымдауларсыз алдағы уақытта жетістікке жету жолдарын анықтап, қиындықтарды жеңе білу мүмкін емес. Математика мен физика сабағында оқушыларға бір тапсырма берумен шектелмей біртіндеп күрделендіріп отырып, бірнеше тапсырмалар беру арқылы оларды орындағанда мақтап, марапаттай отырып, оқушыларға оңай тапсырмаларды орындатып өздерінің күшіне сенімін арттырып, оқуға деген қызығушылығын ынтасын арттыруға болады. Одан әрі біртіндеп күрделі есептерді, жаттығуларды орындатуға болады. Бірінші жеңіл, оңай есептер, жаттығулар орындатып, екінші қиын, күрделі есептер, жаттығулар орындату.

Сабақ кезінде оқушыларға жекелеп көмектесіп, қиындығы бірдей тапсырмаларды орындатып, марапаттап, ынталандыруға болады.

Бұдан нашар оқитын оқушылар, компьютерде машықтану жаттығуларын орындай отырып, өз білімдерін жетілдіреді.

Көптеген тәжірибелі мұғалімдер оқушылардың еңбегін дұрыс бағалап, мақтап, марапаттау әдісі арқылы білім беруде жақсы нәтижелерге жетіп жүр. Оқушылардың сезімін басқара білу, оқушылардың еңбегін дұрыс бағалап, мақтап, жақсы сөз тауып дәл уақытында марапаттап отырудың өзі мұғалімдердің үлкен өнері. Марапаттау әр түрлі жағдайда болады. Оқу үрдісінде оқушыларды мақтау оның еңбегін дұрыс бағалау, олардың алған бағыттарының дұрыстығын қолдау, мадақтау немесе есеп шығару әдістерін мақтау және еңбегіне қарай көтермелеп бағалау және т.б. Оқушыларды мақтау және жазалау әдісін өте қажет болған жағдайда ғана қолдануға болады. Информатика сабақтарын ойын түрлерін ұйымдастыру арқылы өткізуге болады. Ойынның әр түрлі түрлерін сабақта қолдану арқылы білім алуға, сабақ оқуға деген белсенділігін арттыруға болады. Онда столда ойнайтын дайын ойындарды ойнатып, білім біліктерін дамытуға, оқу матриалына байланысты ойын ретінде құрастырылған дайын материалды пайдалануға болады.

Информатика сабағын өткенде сол өтетін материалға байланысты қызықты информатикадан қызықты логикалық есептер шығарудың информатика ғылымындағы атақты ғалымдардың жаңалықтарын, қазіргі информатика саласындағы жетістіктер мен жаңалықтар туралы айта отырып, әртүрлі ақпараттық үрдістер мен ақпараттық технологиялар жайлы баяндап, сабақ мазмұнын байыта отырып оқушылардың информатика сабағына деген қызығушылықтарын арттыруға болады. Шығармашылық іздену әдісін пайдалануда жүргізілген эксперимент оқушыларды шығармашылықпен іздену, білуге үйрету білім, білік дағдыларды дамытуға үлкен себебін тигізетінін көрсетті. Бұның

өзіндік қиындықтары бар. Мұғалімдер үшін әр оқушының шығармашылықпен ізденуіне жағдай жасау қажет. Олардың шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, әр түрлі сабақтарға жауап іздеп, еркін ізденуге мүмкіндік туады. Тәжірибелі мұғалімдердің ізденгіштігі арқасында жекеленген мектептерде информатика сабағында ізгілендіруді мақсатты жүйелі пайдалану жақсы нәтиже береді деп ойлаймын.

Оқушының жеке тұлғасын, оның рухани әлемін, қабілеті мен ынтасын дамыту бүгінгі педагогика ғылымындағы негізгі мәселелердің бірі. Оқушының өзіне сенімен арттыру, ынтасын жігерлендіру, шығармашылығын дамыту арқылы оны болашақта алған білімін өмірде еш қиындықсыз пайдалана алатын жеке тұлға ретінде қалыптастыруға болады. Ол үшін мұғалімнің әрбір сабағы оқушы сезіміне ой салатындай, ынта ықыласына әсер етуі тиіс. Сондықтан сабақ құрылымы әртүрлі әдістермен, жаңа технологиялық құралдармен, программалық жабдықтармен қамтамсыз етілуі керек. Информатика сабағында ойындарға ребустар, сөзжұмбақ құрастыру, анаграммалармен жұмыс істеу жатады. Ойын элементтері оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттырып, сөз байлығын кеңейтіп, елестету және қалыптан тыс ойлауын информатиканың термин сөздерін жадында сақтауға үйретеді.

Информатика пәнінде интеллектуалды ойын элементтерін қолдану барысында қазіргі өмір талабына сай компьютерлік сауаттылықты жылдам дамыта отырып, педагогикалық-психологиялық әдістемелік бастапқы дайындықты қалыптастырмайынша балар өз білім деңгейлерін көтере алмайды. Қоғамды ақпараттандыру жағдайында оқушының жеке тұлғасын қалыптастырып, ақпараттық қоғамда өмір сүруіне сонымен қатар оның ақпарат ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім қабылдауына қажет жаңа ақпараттық технологияларды таңдап алу және оларды қолдану қабілетін қалыптастыруда информатика пәнінің орын алатыны белгілі.

Қазіргі сабақ - бұл өзіндік көрсеткіштермен ерекшеленетін мұғалім мен оқушының біріккен қызметі. Осыған сүйене келе информатика пәнінде өзіндік ерекшелігіне қарай оқушылардың теориялық білімі және практикалық жұмыс істеу дағдыларын бөліп алуға болады. Теориялық білімді тексеру үшін ауызша сұрау, жазбаша бақылау, тестілеу сияқты дәстүрлі бақылау түрлерін, ал практикалық дағдыны бағалау үшін практикалық жұмысты қолдануға болады. Информатиканы оқыту барысында оқушылардың білімін бақылау үшін осы дәстүрлі әдістермен қатар бақылаудың дәстүрден тыс түрлері, рефераттар, конкурстық жобалар, әртүрлі танымдық ойындар да қолданылады.

Танымдық (интеллектуалдық) ойын бұл күрделі, көп құрылымды құбылыс. Ол оқыту әдісі ғана емес білімді бақылау әдісі болуы мүмкін.

Информатика бойынша білімді бақылауды интеллектуалды ойындарды қолдану оқушылардың өзіндік тұлғалық ерекшеліктерін ашуға, сабаққа дайындық деңгейін арттыра түсуге көмектесе, ол мұғалімге оқушылардың білімде кеткен қателіктерді дер кезінде жөндеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда тәжірибелі информатика пәнінің мұғалімдері оқытудың тиімді жаңа әдістерін және сол әдістемелік тәсілдер арқылы баланың ойлау қабілеттерін белсендіре отырып, олардың өз бетінше жаңа білім алуына талпыныстарын ашу жолдарын қарастыруда. Оқушының сабақтағы белсенділігі мен талпынысын оның ары қарай танымдық қызығушылығын дамытуға ұштастыру керек. Әсіресе жасөспірім кезеңінде оқушының қайсыбір пәнге деген қызығушылығы байқалып, ол бірте – бірте қалыптасады. Сол кезеңде оқушыға информатиканың басқа қырларынан мағлұматтар көбірек беріліп отырса, оның «атыс-шабыс» немесе «қашу, қуу» тәрізді компьютерлік ойындарға көңілі бөлінбес еді.

Ойын - баланы ойлау белсенділігін арттыруға тәрбиелейтін, психикалық процесті белсендіретін бірден – бір құрал. Әдістемелік әзірлемелердің жетіспеуіне және мұндай сабақтарды өткізу сценарийін жасау үшін мұғалімнің уақытының шектеулігіне байланысты, осы уақытқа дейін ойындарды оның сабақ процесіндегі ролінің маңыздылығына қарамастан, тек сабақтан тыс шараларды өткізуге қолданылып келді. Қазіргі кезде мектептерде оқыту процесін белсендіру мен сабақтың тиімділігін арттыру мақсатында информатика сабағында ойындар сабақтың бір элементі немесе оның бір бөлігі түрінде (кіріспе, түсіндіру, бекіту, жаттығу, бақылау) өтіледі. Ойындарды сабақта материалды бекіту, жүйелеу немесе қайталау кезеңдерінде пайдаланудың маңызы зор.

МАЗМҰНЫ

- УМАРБАЕВА ГЮЛЬНАРА ОНГАРОВНА
- САТЫБАЛДЫ ӘЛИЯ ЖУМАБАЙҚЫЗЫ
- КАБЫШЕВА АЙСУЛУ РАХИМҚЫЗЫ
- АУЕЛБЕКОВА ГУЛНУР КОЙШЫБАЕВНА
- АЛИБАЕВА ФАРИДА ХУРИЯТОВНА
- КАРИБАЕВА ЖАНАЙЫМ КЕУЛИМЖАЕВНА
- ОМАРОВА САНДУҒАШ САТЫБАЛДИЕВНА
- ОЗОДА ИКРАМЖОНОВА ТЕМИРЖАНҚЫЗЫ
- АЙТЖАНОВА АККУМИС ИЗБАСКАНОВНА
- САПАБЕКОВА ГУЛШАТ ИСЕМБАЕВНА
- ЖАҚСЫЛЫҚ ГҮЛСЕЗІМ ОҢБЕРГЕНҚЫЗЫ
- ТУРЕНИЯЗОВА ЗАМИРА АНДРЕЕВНА
- БИСЕНБАЕВА АЙМАН СЫРЛЫБАЕВНА
- ОМИРБАЕВ ЖУМАТ СЕРИКОВИЧ
- ЖАКИПОВА КУЛЗАДА МЫРЗАХАНОВНА
- УТЕШОВА МУХАББАТ АЛИМОВНА
- УМИРЗАКОВА ОРАЛЫМ КАЛИОЛИЕВНА
- НАҚЫП ЛИЗА ШЕРІПБЕКҚЫЗЫ
- ҚАРЫМСАҚОВА ГҮЛЖАНАТ АЛМАСҚЫЗЫ
- САПАРБЕКОВА ГУЛШАТ ИСЕМБАЕВНА
- ЖАҚСЫЛЫҚ ГҮЛСЕЗІМ ОҢБЕРГЕНҚЫЗЫ